



Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Западно-Казакстанский инновационно-технологический университет

West-Kazakhstan innovative-technological University

БҚИТУ Хабаршысы

Вестник ЗКИТУ

Bulletin of WKITU



№4 (20) 2021

Орал / Уральск/ Uralsk

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ
Ғылыми журнал



ВЕСТНИК ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОГО ИННОВАЦИОННО-
ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
Научный журнал



BULLETIN OF WEST KAZAKHSTAN
INNOVATIVE TECHNOLOGICAL UNIVERSITY

Scientific journal

Выпуск 4 (20)

ISSN 2706-6266

2021 ж. қазан -желтоқсан октябрь - декабрь 2021 г. October - December 2021 year	Журнал 2018 жылдан шыға бастаған Журнал издаётся с 2018г. The journal was founded in 2018	Жылына 4 рет шығады Выходит 4 раза в год Published 4 times a year
---	--	---

Шығарылым 2(18)
Сәуір-апрель, мамыр-май, маусым-июнь
Педагогика, филология, тарих, экономика, техника/
Педагогика, филология, история, экономика, техника

Бас редактор- Главный редактор:
ГАБДУАЛИЕВА Р.С., экономика ғылымдарының докторы, профессор/
доктор экономических наук, профессор

Бас редактордың орынбасары-Заместитель главного редактора

В.А. БУРАХТА

химия ғылымдарының докторы, профессор/ доктор химических наук, профессор

Редакция алқасы-Редакционная коллегия

Т.З.Рысбеков –	т.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚУ	д.и.н., профессор, ЗКУ им.М.Утемисова
Н. Кенжеахмет –	т.ғ.д., профессор, Бонн университетінің Шығыстану және Азиялық зерттеулер институты (Германия, Бонн қ.)	д.и.н., профессор института Востоковедения и Азиатских исследований Боннского университета (Германия, г.Бонн)
Ә. Қара –	т.ғ.д., профессор, Мимар Синан университеті (Түркия.Стамбул қ.)	д.и.н., профессор, Университет Мимар Синана (Турция, г.Стамбул)
Б.Ғ.Шинтимирова –	т.ғ.д., профессор – Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	д.и.н., профессор Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
М.Б. Сабыр –	ф.ғ.д., профессор – Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	д.ф.н., профессор Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
В.Н.Мушаев –	ф.ғ.д., профессор, Қалмақ мемлекеттік университеті (Ресей, Элиста қ.)	д.ф.н., профессор, Калмыцкий государственный университет (Россия, г.Элиста)
М.М.Халиков –	ф.ғ.д., профессор, Самара мемлекеттік жол қатынастары университеті (Ресей, Самара қ.)	д.ф.н., профессор, Самарский государственный университет путей связи (Россия, г. Самара)
А.М.Мұсаев –	ф.ғ.д., профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	д.ф.н., профессор Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
Л.Х.Самситова –	ф.ғ.д., профессор, Башқұртстан Республикасының стратегиялық зерттеулер институты (Ресей, Уфа қ.)	д.ф.н., профессор, Институт стратегических исследований Республики Башкортостан (Россия, г.Уфа)
И.Ф.Суханова –	э.ғ.д., профессор, Н.И. Вавилов ат. Самара мемлекеттік аграрлық университеті (Ресей, Самара қ.)	д.э.н., профессор, Самарский государственный аграрный университет им. Н.И. Вавилова (Россия, г.Самара)
Н.Г. Чумаченко –	т.ғ.д., профессор, Самара мемлекеттік техникалық университеті (Ресей, Самара қ.)	д.т.н., профессор, Самарский государственный технический университет (Россия, г.Самара)
Е.И. Тихомирова –	б.ғ.д., профессор, Ю.А. Гагарин ат. Саратов мемлекеттік техникалық университеті (Ресей, Саратов қ.)	д.б.н., профессор, Саратовский государственный технический университет имени Гагарина Ю.А. (Россия, г.Саратов)
Г.К.Курманова –	э.ғ.к., доцент, Батыс Қазақстан инновациялық- технологиялық университеті	к.э.н., доцент, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
Ш. Х. Курманалина-	п.ғ.д., профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	д.п.н., профессор, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет
Р.С.Кинжекова –	п.ғ.к., доцент, Батыс Қазақстан инновациялық- технологиялық университеті	к.п.н., профессор, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет

2018 жылдан бастап шығарылады. Жылына 4 рет шығады.

Журнал Қазақстан Республикасының ақпарат және коммуникация министрлігі келісімен 07.12.2017 ж.
Тіркеліп, №16782-Ж куәлік берілген.

2019 жылдан бастап журнал электронды форматта шығады.

Издаётся с 2018 года. Выходит 4 раза в год.

Свидетельство о регистрации издания №16782-Ж от 07.12.2017 г. Выдано Министерством информации и
коммуникаций Республики Казахстан

С 2019 г. журнал издаётся в электронном формате

ISSN 2706-6266

БҚИТУ, 2021
ТІРКЕУ НӨМІРІ 16782- Ж

ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

УДК 338.439.222

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ
ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Ахметжанова Н.А., Айткожакова А.А.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

Аннотация. Бұл мақалада Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы жағдайы мен жалпы агроөнеркәсіптік кешенін дамыту қарастырылған. 2019 – 2020 жылдар аралығында ауыл шаруашылық саласына статистикалық мәліметтеріне талдау жүргізілген. Қазақстан республикасы аймақтары бойынша ауыл шаруашылығы жалпыөнімінің нақты көлем индексінің деңгейіне талдау жасалған.

Кілт сөздер: ауыл шаруашылығы, нақты көлем индексі, ауыл шаруашылығының өнімі, салалық бағдарлама, өңірдің жалпы өнім көлемі, дамыту бағдарламасы.


Ауыл шаруашылығы - материалдық өндірістің ең маңызды түрлерінің бірі. Ауыл шаруашылығы халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізаттың кейбір түрлерімен қамтамасыз етумен айналысады. Ауыл шаруашылығы екі үлкен саладан, яғни өсімдік шаруашылығынан және мал шаруашылығынан тұрады. Сонымен қатар оның құрамына балық аулау, аңшылық және омарта шаруашылығы да кіреді.

Еліміздегі ауыл шаруашылығы жерлерінің көлемі 76,5 мың гектарды құрайды, оның ішінде егістік жер – 24,1 миллион гектар, жайылым – 46,5 мың гектар [3]. Ауыл шаруашылығы болып табылады, ол «экономикалық өсімнің тұрақты буынына» айналуы тиіс. Қазақстан үкіметі ауылды дамытудың үш басымдылығын белгіледі: өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ету, экспортқа шығарылатын ауыл шаруашылығы өнімдерін ұлғайту және ауылда «лайықты өмір сүру ортасын» құру. Негізінде, мемлекет қазірдің өзінде ауыл тұрғындарына көмектесуде, мысалы, жыл сайын шамамен 30 миллиард теңге (шамамен 204 миллион доллар) субсидия бөледі. Сонымен қатар, аграрлықтардың қарыздары екі рет 7 және 5 млрд теңге (тиісінше 47,5 және 34 млн доллар) есептен шығарылды. Дегенмен, тек бюджеттік инфузия жеткіліксіз - инвестиция қажет. Ауыл шаруашылығына инвестиция тарту үшін жерге жеке меншік енгізілуде.

Қазақстан нарықтық экономикаға көшу кезінде ауыл шаруашылығы реформалардан шеттетіліп, жаңа ғасырдың басында ғана байыпты қолдау ала бастаған кезде қалыптасқан құрылымдық проблемаларды шешуде өзінің динамикасын сақтап қалды. Қазақстанның әртүрлі климаттық жағдайлары қоңыржай ыстық аймақтың барлық дерлік ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге және мал шаруашылығын дамытуға мүмкіндік береді. Қазақстанның ауыл шаруашылығы үлкен аумақ пен халық санының аздығы, сату нарықтарынан географиялық алшақтығы және теңіз жолдарына шығудың жоқтығы сияқты ерекшеліктерімен сипатталады.

2020 жылғы жедел деректер бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің (қызметінің) нақты көлем индексі (НКИ) 126,7% құрады. Өсім 2019 жылмен салыстырғанда өсімдік шаруашылығы өнімі өндірісінің 58,6%-ға ұлғаюына негізделген.

2019 жылмен салыстырғанда қалыптасқан нақты көлем индексіне ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (қызметінің) үштен бір бөлігін құрайтын жалпы жиналған астықтың көбеюі едәуір дәрежеде ықпал тигізген.



Сурет – 1. Серпіндегі ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (қызметінің) НКИ

2020 жылғы ауа-райының қолайлы жағдайлары майлы дақылдардың (2019 жылмен салыстырғанда 43,7%-ға ұлғайған), картоп (тиісінше 20,4%-ға), көкөністер мен бақшалық дақылдардың (11,7%-ға) түсімін жинау көлемдеріне де оң әсерін тигізді, бұл сондай-ақ сала өнімінің нақты көлем индексінің қалыптасуына оң ықпалын тигізген.

Мал шаруашылығы өнімінен НКИ 99,3%-ды құрады. Төмендеу 2010 жылмен салыстырғанда сиыр сүтін өндіру көлемі 3%-ға азаюымен түсіндіріледі. Ет және тауық жұмыртқасының өндірісі өткен жылдың деңгейіне сәйкес.

Ауыл шаруашылығы жалпы өнімі (қызметі) көлемінің ұлғаюы республиканың көпшілік өңірлерінде, ең көбі – Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында белгіленді.

Ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) жоғары нақты көлем индексі Ақмола облысында 2019 жылмен салыстырғанда өңірдің жалпы өнім көлеміндегі үлесі 62,1% құрайтын дәнді дақылдарды жалпы жинаудың 3,1 есе ұлғаюы есебінен қалыптасқан. Сондай-ақ, НКИ-не картоптың 48,8%-ға және майлы дақылдардың 3,4 есе жалпы жинаудың ұлғаюы (тиісінше облыстың жалпы өнім көлеміндегі түрлердің үлес салмағы – 5,5% және 1,7%), ықпалын тигізді.

Өткен жылмен салыстырғанда дәнді дақылдарды жалпы жинау 2,6 есе ұлғаюы Қостанай облысы бойынша НКИ негізгі ықпалын тигізді, өйткені осы өнім түрінің өңірдің өндірілген ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлеміндегі үлес салмағы 57,2%-ды құрады. Майлы дақылдарды жалпы жинау 2,7 есе (ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлеміндегі үлесі – 1,2%), картоп – 26,6%-ға (тиісінше, 2,9%), көкөністер мен бақшалық дақылдардың – 16,1%-ға (1,1%) ұлғайды. Тауық жұмыртқасы 12,6%-ға (үлес салмағы – 1,6%) көп өндірілді [4].

Солтүстік Қазақстан облысында НКИ-не негізгі құраушысы өңірдің жалпы өнім құрылымындағы үлес салмағы 59,3% құраған – астықты жалпы жинаудың 2,1 есе ұлғаюы оң ықпалын тигізді. Картопты – 86%-ға (жалпы өнім құрылымындағы үлесі –

9,6%), майлы дақылдарды – 81,5%-ға (тиісінше, 3,1%), көкөністерді жалпы жинау – 35,1%-ға (2,7%) өсті.


Кесте- 1. Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (қызметінің) НКИ

2019 жылға пайызбен

	Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (қызметінің) НКИ		
	барлығы	өсімдік шаруашылығы	мал шаруашылығы
Қазақстан Республикасы	126,7	158,6	99,3
Ақмола	175,8	2,6 есе	82,2
Ақтөбе	115,0	136,5	104,2
Алматы	103,1	105,8	100,6
Атырау	111,9	140,0	101,9
Батыс Қазақстан	123,3	169,9	98,3
Жамбыл	106,5	110,7	102,7
Қарағанды	113,3	136,3	100,5
Қостанай	159,2	2,3 есе	98,4
Қызылорда	97,6	96,2	100,9
Маңғыстау	119,5	184,2	104,2
Оңтүстік Қазақстан	110,4	115,9	104,5
Павлодар	108,8	124,0	100,3
Солтүстік Қазақстан	158,9	198,0	97,0
Шығыс Қазақстан	102,0	103,3	101,4

Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы жалпы өнім көлемінің ұлғаюы дәнді дақылдарды жалпы жинаудың 4,6 есе (өңірдің жалпы өнім көлеміндегі түрдің үлес салмағы – 13,1%), картопты – 20,5%-ға (тиісінше, 4,5%) және көкөністер мен бақшалық дақылдарды – 23%-ға (4,3%) өсуіне негізделген. Тауық жұмыртқасын өндіруі 5%-ға (үлес салмағы – 2,2%) өсті.

Қызылорда облысында ауыл шаруашылығы жалпы өнім көлемінің азаюы 2019 жылмен салыстырғанда дәнді дақылдарды жалпы жинаудың 8,3%-ға (өңірдің жалпы өнім көлеміндегі түрдің үлес салмағы – 22,2%), көкөністер мен бақшалық дақылдардың 5,4%-ға (15,8%) төмендеуімен түсіндіріледі.



Сурет – 2. Өңірлер бойынша республиканың ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (қызметінің) құрылымы

Ауыл шаруашылығын дамыту екі түрде жүзеге асырылады: экстенсивті және интенсивті. Экстенсивті деп өңделетін жерлерді, табиғи жем-шөп алқаптарын кеңейту және топырақтың табиғи құнарлығын өзгермейтін техникалық негізде пайдалану есебінен өнім көлемі ұлғаятын ауыл шаруашылығын дамыту нысаны деп түсіндіріледі. Интенсивті формада егістік жерлерді пайдалануды жақсарту, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін енгізу негізінде оның өнімділігін арттыру, өндірісті ұйымдастыру формаларын жетілдіру нәтижесінде өнім көлемі артады.

2030 жылға қарай Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені бизнес, қаржы, технология және инвестиция үшін магнит көзіне айналуы тиіс.

Ауыл шаруашылығы министрлігі «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Үкімет қаулысының жобасын дайындаған болатын.

Құжатта атап өтілгендей, ауыл шаруашылығында соңғы үш-бес жылда мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаудың арқасында барлық дерлік көрсеткіштер бойынша оң өсу үрдісі байқалады. Қазіргі таңда агроөнеркәсіп кешенінде субсидиялау 12 бағыт пен 51 түр бойынша жұмыс істейді, оның ішінде өсімдік шаруашылығында – екі, мал шаруашылығында – екі, қаржы құралдарында – 8, өндеуде – бір.

Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 1,4 есе өсіп, 2020 жылдың соңына қарай 6,3 трлн теңгені құрады (2018 жылы – 4,5 трлн теңге, 2019 жылы – 5,2 трлн теңге, 2020 жылы – 6,3 трлн теңге).

Осы кезеңде ауыл шаруашылығы өнімдері мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің экспорты 6%-ға өсіп, 2020 жылы 3,3 млрд долларды құрады (2018 жылы – 3,1 трлн теңге).

Ауыл шаруашылығы саласы инвестиция үшін тартымды бола бастады. Мәселен, соңғы үш жылда ауыл шаруашылығына негізгі капиталға құйылған инвестиция ағыны 44,9%-ға өсіп, 2020 жылы 573,2 млрд теңгені құрады (2018 жылы – 395,6 млрд теңге). 2020 жылы ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін бір адамға

шаққандағы еңбек өнімділігі үш миллион теңгені құрады. Бұл ретте агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек өнімділігінің орташа жылдық өсу қарқыны шамамен 7%-ды құрайды.

Жалпы өнім көлемінің одан әрі өсуіне жағдай жасайтын өсімдік және мал шаруашылығының оң үрдістері де атап өтілді.

2020 жылы тұқым шаруашылығын қолдауға 14 млрд теңге бөлінді (2018 жылы – 8,4 млрд теңге, 2019 жылы – 9,5 млрд теңге).

Ауыл шаруашылығын дамытудағы 2021-2030 жылдарға арналған басымдықтары:

- азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өнім сапасын арттыру;
- 7 тұрақты азық-түлік экожүйесін құру;
- қолдау тетіктерін оңтайландыру, бәсекеге қабілетті өнімге бағдарлау;
- өндірістік қабілеттілікке, цифрландыруға, экологиялық тазалыққа және адами капиталды дамытуға негізделген саланың тартымдылығын қалыптастыру;
- ауыл шаруашылығы қажеттіліктеріне бағытталған біртұтас жүйені құру: ғылым → оқыту → білімді тарату (зертхана → аудитория → өріс);
- коммерцияландыру және трансферт жүйесін дамыту;
- орындаушылардың құзыреттілігінің сапасына және қойылған міндеттерді шешуге ұсынатын тәсілдеріне негізделген зерттеу және кеңейту ресурстарын объективті бөлу;
- фитосанитарлық және ветеринариялық қызметті дамыту және нығайту;
- тиімді жер пайдалану жүйелерін қалыптастыру және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін суды пайдалану;
- ауыл тұрғындарының табыстары мен тұрмысын қамтамасыз ету жүйелерінің деңгейінің өсуі, ауыл инфрақұрылымының дамуы;
- тұрақты өндіріс және тарату тізбегін құру.

Қорытындалай келе, Экономиканың басқа салаларына қарағанда ауыл шаруашылығының өзіндік ерекше сипаты бар, сондықтан ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекшеліктерін еске алып тиімді аграрлық саясат жүргізілуі қажет. Ауыл шаруашылығының даму динамикасы және оның өсу қарқыны ауыл шаруашылығынан басқа шаралардың да қызметтеріне байланысты болады. Оның ішінде ауыл шаруашылығына қажетті техника мен технологиялар, өнімді өндіру мен өткізу секілді ауыл шаруашылық қызмет көрсететін кәсіпорын қызметі мен ауыл шаруашылығы өндірісіне тікелей әсер етеді [2].

Ауыл шаруашылығы оның мамандануы негізінде әртараптандыру бойынша жүйелі жұмыстардың арқасында заманауи технологиялар мен ауыл шаруашылығына қатысты прогрессивті әдістерді өндіріске енгізу, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қолдау көлемін ұлғайту, ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді арттыруға мүмкіндік береді.

Ауылдық аумақтарды дамытудың өзіндік ерекшеліктері бар және ауыл шаруашылығы өндірісімен тығыз байланысты. Кәсіпорындардың тиімді жұмыс істеуіне және олардың жерді пайдалану мәдениетін сақтауына нақты кепілдіктер болған жағдайда ғана қайта құрылымдау жүргізілуі тиіс. Бұл саладағы концептуалды тәсілдерді қайта қарауды, оны аграрлық кәсіпкерлік субъектілеріне тікелей қаржылық қолдау моделінен агроөнеркәсіптік кешенде кәсіпкерлік бастаманы дамыту үшін тең жағдай жасайтын сервистік үлгіні құруға кедергісіз көшуге бағдарлауды талап етеді және де осы саладағы бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығының өсуін ынталандыратын кешенді құру болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Мынатаев, М.М., Мырзагелдиева, Ж.М. Нарық жағдайындағы кәсіпорын экономикасы: Оқу құралы. - Алматы: Экономика, 2011. -205б.

2. Султанбеков, М.Б. Кәсіпкерлік іс-әрекет негіздері және экономика салалары : Оқу құралы. - Павлодар: Кереку, 2017. - 109 б.
3. Экономика және статистика, Сілтемесі: <http://stat.gov.kz> 46. Изденіс, Сілтемесі: www.vshk-poisk.kz
4. <https://stat.gov.kz>

ӘОЖ 338.439.222

ТЕКУЩЕЕ ПОЛОЖЕНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Ахметжанова Н.А., Айткожакова А.А.

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, г. Уральск

***Аннотация.** В данной статье представлен обзор состояния сельского хозяйства в Республике Казахстан и развития всего агропромышленного комплекса. Проведен анализ статистических данных по аграрному сектору с 2019 по 2020 годы. Проанализирован уровень индекса физического объема валовой продукции сельского хозяйства по регионам Республики Казахстан.*

***Ключевые слова:** сельское хозяйство, индекс физического объема, продукция сельского хозяйства, отраслевая программа, объем валовой продукции региона, программа развития.*

УДК 005.8

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ МЕТОДОЛОГИЙ УПРАВЛЕНИЯ ПРОЕКТАМИ AGILE И PRINCE2

Базарбаева А.М.

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана,
г.Уральск

Аннотация: В данной статье описана методология Prince2, его принципы и ценности в разработке проектов, также приведена разница методологией Agile. Более подробно описаны ключевые различия, а также приведена сравнительная таблица, в которой указаны нацеленность и сосредоточенность методологий в процессе реализации проектов.

Ключевые слова: agile, prince2, управление проектами, процесс разработки, фреймворк, сравнение методов.

Об Agile было описано более подробно в предыдущей статье автора[1], теперь остановимся на методологии Prince2.

Prince2 - метод управления проектами, который применяется ко всем видам проектов. Prince2 предоставляет все важные этапы, которые необходимо пройти проекту, и обычные обязанности членов команды. Это настраиваемый метод, поэтому есть возможность произвести его адаптацию и использовать упрощенную версию в малых проектах, а сложную – в более больших.

Prince2 отделяет уровень управления от уровня выполнения работ, на котором создаются требуемые проектом продукты (работа специалистов). Это означает, что один и тот же уровень управления может использоваться для различных видов проектов. Уровень управления относится к организации проекта следующим образом: Уровень 1 = Управляющее звено проекта, Уровень 2 = Менеджер проекта и Уровень 3 = Команды [2].

Каждый проект Prince2 должен включать в себя 7 принципов, и если хотя бы один из этих принципов в проекте отсутствует, его нельзя рассматривать как проект Prince2.

Основные принципы могут быть определены следующим образом: основы хороших проектных практик для участников проекта.

С точки зрения Prince2, принцип является ключевой ценностью, которая всегда должна присутствовать в проекте Prince2. Подводя итог, необходимо учесть принципы в качестве руководства по передовой практике. Существует семь принципов:

- Непрерывное бизнес-обоснование;
- Определенные роли и обязанности;
- Фокус на продуктах;
- Обучение на опыте;
- Управление по исключению;
- Управление по стадиям;
- Адаптация для соответствия проектной среде.

Разница между Agile и Prince2

В любом проекте есть много фреймворков, которые необходимо использовать. Сложно выбрать одну из этих них. Когда дело доходит до принятия решения, это немного затрудняет. Два самых популярных фреймворка, которые существуют в эти дни - Agile и Prince2. Agile - это метод разработки проектов, который помогает создавать тот или иной проект с помощью итераций, которые могут варьироваться от 1 недели до 4 недель, чтобы процесс разработки всегда соответствовал всем потребностям бизнеса[3]. Prince2 выступает за проекты в контролируемых средах. Этот

метод помогает в определении и назначении ролей различным членам команды. Более подробное сравнение Agile и Prince2 вы можете увидеть в Таблице 1.

Ключевые различия между Agile и Prince2

Оба Agile и Prince2 - это методы управления проектами, которые направлены на создание эффективного продукта, который может принести наилучшую ценность.

–В тех случаях, когда Prince2 полезен для заказчика для обоснования проекта, его Agile-методы полезны для поставщиков для предоставления работающего программного обеспечения[4].

–Prince2 в основном полезен и ориентирован на более высокие уровни управления. Agile, с другой стороны, фокусируется на терминах более низкого уровня.

–Prince2 - это скорее прогностический подход, а Agile - более адаптивный подход к созданию идеального программного обеспечения.

–Prince2 фокусируется на таких вопросах, как «Должен ли этот проект быть сделан?» и «Стоит ли польза риска?» Agile фокусируется на таких вопросах, как «Что мы представим на следующей неделе?» и «Как мы узнаем, что проект завершен?»

Таблица 1. Сравнительная таблица Agile и Prince2

Основа сравнения между Agile и Prince2	Agile	Prince2
Методология	Гибкие методы широко используются в наши дни многими организациями. Это важно из-за гибкости и возможности поворота. Agile также широко известен как Scrum. Может использоваться с любым проектом. Эти проекты могут быть простыми или даже очень сложными. Scrum сосредоточен на выполнении проекта. Этот метод должен работать в тесном контакте с клиентами, всеми пользователями и всеми заинтересованными сторонами. Это делается для того, чтобы понять, правильно ли все потребности клиента поняты и включены в проект. Это можно сказать как непрерывный процесс, когда постоянные отзывы принимаются от клиентов, а затем поступают в систему для получения лучшего продукта[5].	Prince2 в основном фокусируется на важности процессов, которым необходимо следовать. Он включает в себя все этапы, включая запуск проекта, его инициацию, а затем продолжение процесса управления. Он идет к завершению проекта, а затем переводит его в нормальные бизнес-процессы. Это может быть лучше всего описано как линейная методология, которая проходит различные этапы один за другим. Prince2 может быть описан как подход, основанный на прогнозном плане, который в основном фокусируется на более крупных целях проекта. Роли и обязанности управленческой команды заранее определены и ориентированы на качество производимого продукта. Принц2 может быть изменен в любое время в соответствии с любым проектом и может помочь в поддержании бюджета проекта.
На кого они нацелены?	Agile методы могут использоваться поставщиками и командами, которые должны работать. Эти команды могут включать людей, которые являются частью проекта или нет. Они в основном концентрируются на том, что должно быть	Prince2 - это методология управления проектами, ориентированная на клиента. Он предоставляет набор принципов, тем и процессов, которые помогают организациям управлять и обосновывать проект. Его основное внимание уделяется эффективному

	доставлено на следующей неделе или что нужно клиенту и как заставить программное обеспечение работать. Метод Agile помогает всем работающим над проектом работать вместе и сотрудничать с заказчиком. Весь этот процесс выполняется путем определения и определения приоритетов различных требований, их разработки, тестирования на правильные требования и обеспечения надлежащей обратной связи в непрерывных циклах, которые называются итерациями. Он был по праву создан инженерами-программистами для решения конкретных проблем, связанных с запоздалыми проектами в области разработки программного обеспечения, которые к концу превышают бюджет. В наши дни он широко используется всеми организациями.	управлению проектом и обеспечению того, чтобы проект оставался достойным вложением в этой изменяющейся бизнес-среде.
На чем они сосредоточены?	Основное внимание в гибкой методологии уделяется непрерывному и последовательному выполнению проектов. Это также сосредотачивается на эффективности и продуктивности продукта, который строится. Эти продукты должны делать то, что хотят клиенты, и они также вовлечены в постоянный цикл определения и определения приоритетов требований, разработки и предоставления обратной связи с клиентами.	Prince2 в основном построен на 7 принципах, которые ведут к различным аспектам методологии. Это помогает в определении ролей и обязанностей всех членов команды в проекте. Это также включает в себя всех в проекте, даже на более высоком уровне, как менеджеры проектов. В нем также рассматриваются различные аспекты управления проектами, такие как экономическое обоснование, организация, изменение, риск, планирование, качество и прогресс. Успех проекта измеряется тем, как он обеспечил выгоды, которые помогут организации. Он также включает в себя полный жизненный цикл управления проектом, который позволяет отвечать за принятие решений в трудные времена проекта. Prince2 не указывает, как должны работать люди в проекте. Вместо этого он просто стремится определить интерфейс между проектом и этими условиями отчетности, подотчетности и работы, которая должна быть выполнена.

В то время как Prince2 фокусируется на оправдании бизнеса и на том, оправдан ли риск там, где бизнес остается самым большим активом. Это гарантирует, что проекты осуществляются в здравом деловом смысле. Способность реагировать на потребности клиентов — это способ, при котором гибкий основной вклад в проект. Agile и Prince2 — это две разные вещи. Prince2 — это методология управления проектами, в то время как гибкие подходы более полезны для поставщиков при доставке продуктов покупателю. Проекты могут выиграть, используя Agile и Prince2, прогнозирующий подход Prince2 и адаптивный подход Agile [6]. Используя оба эти проекта, все проекты могут доставлять продукты клиенту с учетом всех рисков и с заранее рассчитанными сроками. Он действует, чтобы реагировать на изменение другой среды, а также гарантирует, что инвестиции были обдуманными.

Список литературы

1. Agile и Scrum-подход в разработке программных продуктов. Базарбаева А.М., Муканаева А.С. [Текст] / А.М Базарбаева // Известия научно-технического общества «КАХАК». -2021. - № 2 (73). – с 4-10.
2. Small Hyper-Productive Teams [Электронный ресурс] / Алименков Николай. – 2011. – Режим доступа: <http://www.slideshare.net/alimenkou/small-hyper-productive-teams-it-brunch-10150627>
3. Agile Software Development with Scrum (Series in Agile Software Development) [Текст] / Ken Schwaber, Mike Beedle. – 2001.
4. Crystal Clear: A Human-Powered Methodology for Small Teams [Текст] / Cockburn Alistair. – 2004.
5. Agile Development with the ICONIX Process: People, Process and Pragmatism [Текст] / Rosenberg Doug, Stephens Matt и Collins-Cop Mark. – 2005.
6. Agile Modeling: Effective Practices for eXtreme Programming and the Unified Process [Текст] / Ambler Scott W. – 2002.

ОӘЖ 005.8

AGILE ЖӘНЕ PRINCE2 ЖОБАЛАРДЫ БАСҚАРУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУЫ

Базарбаева А.М.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

Аннотация: Бұл мақалада Prince2 әдістемесі, оның жобаларды жасаудағы принциптері мен құндылықтары сипатталған, Agile әдіснамасынан да айырмашылықтары келтірілген. Негізгі айырмашылықтары толығырақ сипатталған, сонымен қатар, жобаларды іске асыру процессінде әдіснамалардың көзделу бағыты мен зейіннің неде шоғарланатыны көрсетілген салыстырмалы кесте келтірілген.

Кілт сөздер: agile, prince2, жобаларды басқару, әзірлеу процессі, фреймворк, әдістемелерді салыстыру.

ӘОЖ 331

КӘСІПОРЫНДАРДА ЕҢБЕКАҚЫНЫ ТӨЛЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Байгиреева Б.А., Нурсапина К.У.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ

Аннотация. Қазіргі заманғы кәсіпорындардың (ұйымдардың) тиімділігі персоналды пайдаланудағы прогрессивті және негізделген нормативтік базаға айтарлықтай тәуелді: бұл, ең алдымен, өндірістік процесте күрделі техниканы қолдана отырып, инновациялық технологияларды қолданумен, көптеген ішкі өндірістік байланыстармен, ақпараттық ағындармен және басқалармен анықталады. Мақалада жалақы ұғымы, оны кәсіпорында ұйымдастыру әдістері және жетілдіру бағыттары қарастырылады.


Кілт сөздер: еңбекақы, зерттеу, төлем, ынталандыру.

Елімізде тұратын халықтың көпшілігі үшін жалақы кірістің негізгі бөлігі болып табылады. Сондықтан оны көтеру адамдардың қалыпты тұрмыс деңгейін қамтамасыз ету үшін аса маңызды. Нарықтық экономикаға бағдарландырылған жалақыны мемлекеттік нормалаудың жаңа жүйесі еңбек ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында және қызметкерлердің еңбек белсенділігін арттыру мен материалдық ынталандырудың механизмін әзірлеудің бастапқы базасы болып табылады.

Кәсіпорын жұмысшысының табысына өндіріс шығындарына кіретін жалақы, еңбек және әлеуметтік ақшалай төлемдер, пайдадан алынатын сыйақылар, сонымен қатар, кәсіпорын мүлкіне қосқан үлесі мен акцияларына алатын дивидендтер, заттай алатын өнімдер және т.б. табыстар кіреді. Жалақы – материалдық игіліктер мен көрсетілетін қызметтерді тұтыну қорының бір бөлігі болып табылады. Ол жұмысшыларға еңбектерінің саны мен сапасына және нәтижелілігіне байланысты төленеді [2].

Меншік нысандарының трансформациялануы және әлеуметтік – еңбектік қатынастардың екі жаңа субъектілері – жұмыс берушілер мен жалдамалы жұмысшылардың қалыптасуы сияқты белгілермен сипатталатын Қазақстан Республикасындағы нарықтық өзгерістердің жаңа кезеңі еңбек ақы сияқты көптеген экономикалық категорияларға дәстүрлі қалыптасқан көзқарастарды қайта қарастыруды талап етеді. Сондықтан бүгінгі таңдағы қалыптасқан жағдайларда еңбек ақыны реттеудің нарықтық механизмдерін қалыптастыру проблемасы нарықтық жағдайлардағы еңбек ақының мәнін және оның мөлшерін дифференциациялаудың объективті факторларын анықтау қажеттілігін туындатады.

Қызметкердің жалақысы кәсіпорынның түріне қарамастан, оның жеке еңбек салымымен анықталады, кәсіпорынның түпкілікті нәтижелеріне байланысты, салықтармен реттеледі және максималды мөлшермен шектелмейді. Кәсіпорындар қолданыстағы заңнамаға сәйкес еңбекақы төлеу нысандарын, жүйелері мен мөлшерін, сондай-ақ қызметкерлердің кірістерінің басқа түрлерін дербес белгілейді. «Жалақы» санатының мәні 1суретте берілген.



Сурет 1. «Еңбекақы» категориясының мәні

Қазақстан Республикасында еңбекке ақы төлеу жұмысшылардың еңбектері уақытында, келісіммен немесе еңбек төлемінің басқа да жүйесімен төленеді.

Төлем жеке және (немесе) ұжымдық еңбек нәтижесі бойынша жүргізіледі.

Еңбек төлемі тарифтік, тарифсіз немесе аралас жүйе негізінде қалыптасады.

Еңбек төлемінің тарифтік жүйесіне мыналар кіреді:

1. Тарифтік салым (айлық)
2. Тарифтік тор
3. Тарифтік коэффициенттер

Еңбек төлемінің тарифсіз жүйесі жұмысшылардың кәсіби сапасының бағасы мен оның соңғы нәтижеге бағытталуы мен критериилерге байланысты еңбек төлеміне арналған қаражатты іскер бөлуге негізделеді[4].

Еңбек төлемінің аралас жүйесі еңбек төлемінің тарифтік, сонымен бірге тарифсіз жүйесі сияқты элементтерінен тұрады [6].

Өндірістің тиімділігін және атқарылып жатқан жұмыстардың сапасын көтеруге жұмысшылардың қызығушылығын арттыру үшін сыйақы тағайындау және еңбекті ынталандырудың басқа формаларының жүйелері енгізілуі мүмкін. Төлем жүйесі мен жұмысшы еңбегін ынталандыру ұжымдық келісім-шарт, еңбек келісім-шарты мен (немесе) жұмыс берушінің актісінің шарттарымен анықталады.

Еңбек төлемінің жүйесі бір реттік ынталандырушы төлемдерді есепке алмағандағы орташа айлық жалақының (жалақының тұрақты бөлігіне қатысты) 75 пайызынан кем емес мөлшерде негізгі жалақының бөлігін қамтамасыз етуі тиіс. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің сметасы (бюджет) мен мемлекеттік бюджет есебінен алынатын ұйым жұмысшылары еңбегінің төлем жүйесі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен бекітіледі.

Акцияның бақылау пакеттері мемлекетке қарасты ұлттық компаниялар мен акционерлік қоғам қызметкерлері еңбектерінің төлемі мен оларды сыйақымен қамтамасыз ету шарттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекіткен Типтік ереже негізінде анықталады.

Қызметтеріне (тауарлар, жұмыстар) тарифтерді (баға, салым, алым) мемлекеттік реттеу кіретін ұйым қызметкерлерінің еңбектерінің төлем жүйесінің параметрлерін қарау және келістіру тәртібі еңбек жөніндегі мемлекеттік өкілетті органмен бекітіледі.

Еңбек, ұжымдық келісім-шарттар, келісімдер, жұмыс берушінің актілерімен анықталған еңбек төлемінің шарттары Еңбек кодексі мен Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерімен бекітілген шарттармен салыстырғанда төмен болмауы тиіс [6].

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, нарықтық экономикасы дамыған елдерде еңбек ақы төлеуді реттеу екі өзара байланысты әдіске негізделеді: мемлекеттік және ұжымдық-шарттық. Ұжымдық-шарттық реттеуде негізгі көңіл еңбек ақы мәселелеріне аударылады. Еңбек ақыны ұжымдық-шарттық реттеуді жүзеге асырудың нысаны болып басты, салалық, корпоративтік, аймақтық келісімдер мен ұжымдық шарттар табылады. 4 Қазақстан Республикасындағы болып жатқан өзгерістердің сипаты әлеуметтік әріптестік шеңберінде әлеуметтік-еңбектік қатынастарды ұжымдық-шарттық реттеудегі еңбек ақы мәселелерін ескеруді талап етеді. Бұл жалақы жұмысшы күшінің бағасы ретінде еңбек ақының мәніне, оның соңғы жылдардағы құнсыздануына, жұмыскерлердің салалық, аймақтық және кәсіптік-біліктілік топтары бойынша еңбек ақының ақталмаған бөлінісіне байланысты болып отыр.

Еңбекақыны жетілдіру әдістері көптеген кәсіпорындарда еңбек өнімділік арттыру үшін және үлкен кіріс алу үшін қолданылады. Халықтың жаңа өмірде тенденция көріну үшін тек кезекті еңбекақы мөлшерін автоматты өсіруді ғана емес, сонымен қатар, жұмысшылардың еңбектік салымы мен оның материалдық марапаттау арасындағы өзара тығыз байланысты қамтамасыз етуді де ойлау керек. Тек сонда ғана «кім көп жұмыс істесе, сол көп табыс табуы тиіс» принципі нарықтық экономика мәнінде жүзеге асырылады. Бұндай жағдайда еңбекақы өндірістің дамуына әсер етуші құралы және прогресстің қуатты стимулы болады, әйтпесе қоғамның әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шеше алмайды.

Қазіргі кезде еңбек ақыны белгілеудің бүкіл жүйесі жеке жұмыс беруші қарамағында. Сондықтан еңбек ақы саласындағы үрдістер стихиялы сипатта жүреді, ол еңбек ақы жұмыс күшінің бағасы ретінде өзінің негізгі — ұдайы өндірістік, ынталандырушы және реттеуші функцияларын орындауды қойды.

Еңбек ақы деңгейі еңбек нарығындағы жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың үнемі өзгеруіне байланысты жұмысшы мен жұмыс берушілердің іс-әрекетіне салмақты әсер етеді.

Жалақының нақты көлемі нарықта, әлеуметтік қатынастарда, өндірісте пайда болатын әр түрлі факторларға байланысты.

Еңбекақының мәнін қарастырған кезде оның жалдамалы жұмыскерлерге, яғни өз еңбегі үшін ақы алатын адамдарға қатысты екенін ескеру қажет. Ал экономикалық категория ретінде еңбек ақы деген не сұрағы тууы мүмкін.

Еңбекақы — бұл жалдамалы жұмысшының табыс алу элементі, өзіне қатысты еңбек ресурсын экономикалық жүзеге асыру нысанының құқығы. Сонымен бірге жұмыс берушіге, яғни еңбек ресурсын өндіріс факторларының бірінің сапасын жақсарту үшін, сатып алушыға жалдамалы жұмысшыларға еңбек ақыны төлеу өндіріс шығындарының элементтерінің бірі болады.

Нарықтық экономика жағдайында еңбекақы көлеміне нарықтық және нарықтық емес бірқатар факторлар әсер етеді.

«Нарыққа өткеннен кейін еңбек ақыға қатысты жаңа қатынастар пайда болады. Яғни, нарық ресурсы болатын еңбек нарығы пайда болады. Оның субъектілері ретінде мыналар болады: жұмыс беруші (жеке кәсіпкер, біріккен кәсіпкерлер). Олар белгілі еңбек ресурсы санына сұраныс білдіреді. Сонымен бірге жалдамалы жұмысшылар — еңбек ресурсының меншіктері. Олар еңбек нарығындағы еңбек ресурсының сапалы санын ұсынады. Ал объекті, ол белгілі бір уақыт аралығында сапалы еңбек ресурсы санын қолдану құқығы болады» [1].

Еңбек бірлігінде нарықтық баға — уақыт бірлігіне нақты кәсіби сипаттамасы бар келісім шартқа негізделген және ақы мөлшерлемесі. Маркс бойынша жалақы

мөлшерлемесі жұмысшы күшінің құнымен анықталады, яғни жұмыс күнін жақсы өндіру үшін қажетті тұтылу тауарлары, қызметтері және өмір қаражаттары. Бірақта қазір нарықтық экономикасы дамыған елдерде жалақы мөлшерлемесі өндіруші минимумынан асып кетеді және ол сол елде, салада нақты сападағы еңбек ақы деңгейінен құрылады. Одан басқа жалақы мөлшерлемесін кейде «теңестіру айырмашылығы» деп айтуға болады – төлемдер, жұмыс орнын ауыстырғандағы айырмашылықтарды көрсетеді.

«Жалақының негізгі элементі – жалақы мөлшерлемесі. Бірақта ол еңбек нәтижесіне әсер ететін жұмысшылардың мүмкіншіліктерін, физикалық күнін, реакциясын ескермейді. Сондықтан жалақы құрылымында тағы бір элементті бөліп айтуға болады, ол өтпелі бөлігі. Ол еңбек қызметінің жеке нәтижесінің өзгешелігін көрсетеді: (сыйақы, қосымша төлем және т. б.) Сонымен бірге табыстың басқа түрлері де бар. Ол жұмысшының нақты кәсіпорында алатын мүмкіншілігі (материалды көмек, бағалы сыйлық, зейнетақы сақтандыруы)» [2].

Жұмысшы үшін жалақы жоғарыдағыға қосымша айтсақ отбасының жақсы тұрмысын жақсартатын табыс.

Жұмыс берушіге өз жұмысшыларына еңбекақы төлеу ол жұмысшы күшін жалдау үшін кеткен шығындар. Осыған қоса жұмыс беруші өнім бірлігіне жұмыс күшінің шығындарын қысқартуға ұмтылады.

Еңбек ақы деңгейі еңбек нарығындағы жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың үнемі өзгеруіне байланысты жұмысшы мен жұмыс берушілердің іс-әрекетіне салмақты әсер етеді.

Қазіргі уақытта еңбекақы төлеуді ұйымдастыру мемлекеттік реттеуді қажет етеді. Реттеудің келесі себептері бар:

- Қазақстанда жұмысшы күшіне төмен бағаның болуынан себепті;
- Төмен жалақының төмен деңгейі;
- Жұмыссыздық жайлы нақты мәліметтерді көрсететін жұмысшы күшінің ұсынысы мен сұранысын жайлы нарықтың болмауы;
- Жалақыны келісім шарт реттеудің тиімді механизмінің жоқ болуы;
- Еңбек ақы төлеудің заңды базасын құрудың толық мәліметінің жоқ болуы.

Қазіргі кезде еңбек ақыны белгілеудің бүкіл жүйесі жеке жұмыс беруші қарамағында. Сондықтан еңбек ақы саласындағы үрдістер стихиялы сипатта жүреді, ол еңбек ақы жұмыс күшінің бағасы ретінде өзінің негізгі – ұдайы өндірістік, ынталандырушы және реттеуші функцияларын орындауды қойды.

Еңбек ақының ынталандырушы функциясын дұрыс түсіну үшін оның жұмысшыларға әсер ету күшінің жолдары мен әдістерін анықтау үшін келесі жағдайларды көңілге алудың маңызы зор.

Еңбек ақы төлеуге пайдаланылатын, өндірілген өнімдегі үлесті көбейту мәселесі ұжымдық шартта еңбек ақының әрбір өскен пайыздық өсімінің көрсеткіштерін белгілеу жолымен де табысты шешілуі мүмкін. Аталған көрсеткіштердің артықшылықтары, олардың өндіріс тиімділігінің өсуі негізінде қосымша өндірілген құнның қай бөлігі жұмысшылардың тұтыну деңгейін жоғарлатуға бағытталғанын санмен анықтай отырып, өндірілген өнімдегі еңбек ақы төлеудің үлесін көтеру мәселесін шешуге жол беретіндігінде.

Әдебиеттер тізімі:

1. Адамбекова, М.Т. Еңбек нарық экономикасы : Электрондық оқулық. - Жетісай: Ун-т "Сырдария", 2009.
2. Горелов, Н.А. Оплата труда персонала: методология и расчеты: Учебник и практикум для бакалавриата и магистратуры / Н.А. Горелов. - Люберцы: Юрайт, 2016 - 412 с.

3. Демеубаева А.О. «Организация оплаты труда в современных условиях» // Вестник КазЭУ №6 2010г.82-б.
4. Еңбек экономикасы. - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2011. - 57 б.
5. Казахстан в цифрах. - Алматы: Агентство РК по статистике, 20019
6. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік <https://www.enbek.gov.kz/kk/node/272324>
7. ҚР Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы // <http://adilet.zan.kz/rus>
8. ҚР-ның статистикасы жөніндегі Агенттігі.
9. Н.И. Маликова Еңбекақы төлеу формалары мен жүйелері//Қазақстандағы мамандар анықтамалығы. - 2012 - № 2 - С. 46-53.
10. Тажигулова, Ж.Ж. Еңбек нарығы экономикасы: Оқу құралы. - Алматы: Агроуниверситет, 2012. - 201 б. - ISBN 978-601-241-168-3.
11. Траисова, Т.Н. Еңбек нарығы экономикасы: Оқу құралы. / Т.Н. Траисова, Ж.Қ. Ержанова, А.Б. Траисова. - Алматы: Бастау, 2016. - 240 б.

УДК 331

ОРГАНИЗАЦИЯ ОПЛАТЫ ТРУДА НА ПРЕДПРИЯТИЯХ

Байгиреева Б.А., Нурсапина К.У.

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, г.
Уральск

***Аннотация:** Эффективность современных предприятий (организаций) существенно зависит от прогрессивной и обоснованной нормативной базы в использовании персонала: это определяется, прежде всего, применением в производственном процессе инновационных технологий с применением сложной техники, большим количеством внутрипроизводственных связей, информационных потоков и прочим. В статье рассматривается понятие заработной платы, способы ее организации на предприятии и направления совершенствования.*

***Ключевые слова:** оплата труда, исследования, оплата, стимулирование.*

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ
ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ****Бисенбаева Ж.Қ., Тулеугалиева Н.И.**

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. Мақалада ауыл шаруашылығы Қазақстан экономикасының негізгі салаларының бірі болып қарастырылады. Ауыл шаруашылығы екі үлкен саладан, яғни өсімдік шаруашылығынан және мал шаруашылығынан тұрады. Сондықтан да Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығының қазіргі жағдайы қарастырылды.

Кілт сөздері: ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, дәнді дақылдар, егіс науқаны, ауыл шаруашылық өндірісі.

Ауыл шаруашылығы Қазақстан экономикасының негізгі салаларының бірі болып табылады. Аграрлық сектордың даму деңгейі қашан да қазақстандық қоғамның экономикалық және қоғамдық-саяси тұрақтылығын анықтайтын факторы болып келді және әлі де солай. Республика экономикасы дамуының басым бағыттарының бірі бола отырып, ауыл шаруашылығы аса зор әлеует пен үлкен қорға ие [1].

Ауыл шаруашылығы - материалдық өндірістің ең маңызды түрлерінің бірі. Ауыл шаруашылығы халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізаттың кейбір түрлерімен қамтамасыз етумен айналысады. Ауыл шаруашылығы екі үлкен саладан, яғни өсімдік шаруашылығынан және мал шаруашылығынан тұрады.

Батыс Қазақстан облысы бойынша 2020 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі мен көрсетілген қызметі 200291,3 млн. теңгені құрады, соның ішінде өндірілген өсімдік шаруашылығы өнімі – 74123,4 млн. теңгені, мал шаруашылығы – 125710,8 млн. теңгені, қызметтер – 457,1 млн. теңге, 2019 жылмен салыстырғанда 18,1%-ға артқан. Статистикалық ақпарат бойынша 2020 жылы нақты көлем индексі 2019 жылдың деңгейіне 96,8%-ды құрады, соның ішінде өсімдік шаруашылығы өнімі – 101,7%, мал шаруашылығы – 100,0%-ды, қызметтер – 88,4%-ды [2]. 2019 жылы БҚО-ның ауыл шаруашылығының жалпы өнімі мен көрсетілген қызметінің нақты көлем индексі көрсеткіші бойынша Республика деңгейінде ең жоғары көрсеткіш 1-орында болған.


Батыс Қазақстан облысының аграрлық секторында ауыл шаруашылық кәсіпорындарын реформалау және алқаптарды оңтайландыруға байланысты, ауыл шаруашылық айналымынан өнімділігі төмен және сортаң жерлерді шығарудың нәтижесінде ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер кеміген, ол негізінен ауыл шаруашылық жерлерін сумен қамтамасыз ету дәрежесіне байланысты.

Облыстың топырақтық-климаттық жағдайын ауыл шаруашылық жерлерін пайдалану ерекшелігін және шаруашылықтардың мамандану бағыттарын ескере отырып облыс территориясын үш табиғи - экономикалық зонаға бөлінеді. Бірінші зона далалық егін - мал шаруашылығы, екінші - құрғақ далалық мал - егін шаруашылығы, үшінші - жартылай шөлді мал шаруашылығы [3].

Батыс Қазақстан облысы бойынша өсімдік шаруашылығының егіс науқанының қорытындысы бойынша 2020 жылы барлық ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқабы – 549,7 мың га құраған, 2019 жылмен салыстырғанда 5,2%-ға өскен (2019 жылы - 522,6 мың га). 2019 жылдың күзінде 2020 жылдың өніміне егілген күздік дақылдарды қоса есептегенде 2020 жылы жалпы дәнді дақылдар егісінің көлемі 234,4 мың га құрады. Майлы дақылдар – 123,3 мың га алқапқа егілді (2019 жылы 78,9 мың га). Картоп және көкөніс-бақша дақылдары, жалпы 9,3 мың га алқапқа отырғызылды. Соның ішінде картоп – 4,2 мың га, көкөніс дақылдары – 3,4 мың га және бақша дақылдары – 1,7 мың га құрап отыр. Мал азықтық бір жылдық және көп жылдық шөптердің жалпы алқабы 182,5 мың га құрап отыр (2019 жылы – 182,7 мың га) [2].

Дегенмен өсімдік шаруашылығының дамуын тежеп отырған бірнеше мәселелер бар: экстенсивті технологиялар қолдану, суармалы жерлердің тиімсіз пайдаланылуы ауыл шаруашылығы дақылдарының төмен өнімділігіне әкеледі. Өсімдіктерді қорғау химиялық құралдары мен минералдық тыңайтқыштарды аз қолдану егістің көп ластануына және жердің табиғи құнарлылығының төмендеуіне әкеліп соғады.

Дәнді дақылдарды жинауда облыс бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарының 2020 жылы жиналатын 227 мың га дәнді дақылдардың орылғаны 227 мың га, орташа 12,9 ц/га өнімділікпен 292,3 мың тонна өнім алынды, ол 2019 жылдан 20,7%-ға өскен. Жиналатын 118,9 мың га майлы дақылдар алқабынан 118,9 мың га майлы дақылдар орылып, орташа 5,3 ц/га өнімділікпен 63,1 мың тонна өнім алынды. Картоп 4200 га алқаптан жиналып, 154 ц/га өнімділікпен 64,3 мың тонна өнім алынып, 2019 жылдың өнімінен 0,3%-ға азайған. Көкөніс дақылдары 3400 гектардан 153,2 ц/га өнімділікпен жиналып, алынған өнім 52,4 мың тоннаны құрады. Бақша дақылдары 1700 га алқаптан жиналып, 142,2 ц/га өнімділікпен 24,4 мың тонна алынды (1-сурет) [2].




1-сурет. БҚО-ның өсімдік шаруашылығының алынған өнімдері, мың. тонна

Облыс тұрғындарын қысқы-көктемгі кезеңде балғын көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында облыста 2016-2019 жылдар аралығында жылыжайлар саны 69-дан 97-ге дейін көбейіп, көлемі 33,3 мың шаршы метрден 69,5 мың шаршы метрге дейін артты. Облыс тұрғындарын маусымаралық кезеңде жаңа піскен көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында облыста жалпы ауданы 69,5 мың шаршы метрлік 97 жылыжай бар. Олармен 1 дақылайналымда 64 жылыжайға немесе 44,4 мың шаршы метр жерге көкөніс дақылдары отырғызылып, жедел ақпаратқа сәйкес 423,9 тонна жаңа піскен көкөніс өнімдері алынды [2].

Батыс Қазақстан облысы бойынша мүйізді ірі қара мал, қой мен ешкі, жылқы, шошқа басы өсті. Ет, сүт, жұмыртқа және жүн өндірісінің өсуі жалғасты. Облыстың мал шаруашылығы бойынша 2021 жылдың 1 қаңтарына мүйізді ірі қара 650,4 мың басты құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 10 %-ға өсіп отыр, соның ішінде сиырлар 326 мың басты құрады. 2020 жылы қой 991,9 мың басты құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 4,9 %-ға өскен, 2020 жылы ешкі басы 2019 жылмен салыстырғанда 6,2%-ға өскен. Жылқы басы 223,1 мың бас құрады. Түйе – 2,4 мың басты құрап, 9 %-ға өскен, шошқа – 14 мың басты құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 19%-ға азайған (2-сурет) [2].

Облысымыз Республика бойынша ірі қара малы саны бойынша 4-орында Түркістан, Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарынан кейін, ал жылқы саны бойынша 5-орында Түркістан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Ақмола облыстарынан кейін.



2-сурет. БҚО-ның мал шаруашылығы бойынша мал басының саны, мың. бас

Облыс бойынша мал шаруашылығы өнімдерін алуда 2020 жылы 99,5 мың тонна тірілей салмақта мал және құс еті өндірілді немесе 2019 жылдың сәйкесті кезеңімен салыстырғанда 2,7%-ға артқан. Барлық шаруашылықтар бойынша сүт өндіруде 236,9 мың тонна сүт алынған, өндірілген жұмыртқа 188,8 млн. дананы құрап отыр, 2019 жылмен салыстырғанда 4%-ға өскен [2].

Негізгі ет өндіруші болып Жаңақала (ет өндірісі жалпы көлемінің 15,1%), Ақжайық (13,3%), Зеленов (12,5%) және Казталов (11,4%) аудандарының шаруашылықтары есептеледі. Сүт өнімінің қомақты көлемі Бәйтерек (сүт өндірісінің жалпы көлемінің 23%), Теректі (18,1%), Бөрлі (12,3%) және Тасқала (10%) аудандарының шаруашылықтарында өндірілген. Тауық жұмыртқасының өндірісі Орал қаласы маңындағы аумақтарда (облыс бойынша жалпы көлемнің 57,1%) және Бәйтерек (29,3%) ауданының шаруашылықтарында шоғырланған.

«Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту» бағдарламасы аясында 2019 жылы облыс бойынша 4725,5 тонна ет және ет өнімдері (157,5%) экспортқа шығарылды, соның ішінде 120,9 тоннасы ірі қара малының еті мен 777,9 тоннасы ет өнімдері және 1313,1 тонна қой еті (164,1%) Ресей, Иран, Әзірбайжан және басқа елдерге экспортталды. Батыс Қазақстан облысы ірі қара малының және қой етінің экспорты бойынша Республика деңгейінде Түркістан облысынан кейін 2-орында [3].

Батыс Қазақстан облысында 2020 жылдың 1 қаңтарына 194 ауыл шаруашылығы кооперативі (АШК) тіркеліп, оның ішінде тұқымдық түрлендіруге қатысатыны – 147, мал бордақылаумен айналысатын – 28, сүтті бағытта - 6, өсімдік шаруашылығы бағытында - 13. 2019 жылы облыс бойынша өсімдік шаруашылығы бағытында - 2 және тұқымдық түрлендірумен айналысатын – 4 ауыл шаруашылығы кооперативі құрылды.

Осы аталған АШК-де статистикалық ақпаратқа сәйкес 4 518 мүше (соның ішінде 10 заңды тұлға, 158 дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары, 4 414 үй шаруашылықтары), 56 662 бас ауыл шаруашылығы малдары (соның ішінде: 34 369 бас ІҚМ, 22 268 бас ҮММ, 25 бас жылқы) және 66 АШК-де 75 081 га ауыл шаруашылығы жер тіркелген.

Тіркелген АШК-нің 6-ы модульді мал сою пунктімен, соның ішінде «Жалпақтал» АШК, «Николай Ко» АШК, «Шамшырақ» АШК, «Жасыл Ауыл» АШК, «Шыңғырлау-Агро» АШК, «Атамекен-Сырым» АШК), 4-і модульді сүт қабылдау пунктімен, соның ішінде «Достық» АШК, «Адал» АШК, «Батыс Сүт» АШК, «Тасқала Сүт» АШК, 2-і рефрижератормен («Атамекен-Сырым» АШК, «Тасқала Ет» АШК) және 1-і қой қырку пунктімен («Аққозы» АШК) жабдықталған.

«Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының екінші бағыты бойынша 2020 жылы республикалық бюджеттен және Ұлттық Қордан 3880 млн. теңге қарастырылды. Бөлінген қаржы көлемі «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры»

Адамға керек кезінде жылы сөздер айта алу керектігін жиі естиміз. Бұл, әрине, дұрыс. Әйтсе де, мақтау сөздерді де дұрыс қабылдай алу қажеттігін ескере бермейміз. Мақтау сөздерді әркім әртүрлі қабылдаған. «Мақтау жел сөз жанға қас, қошаметшіл шығарған. Бір мақтаса тоқтамас, ер табылса құмарлан», – деген екен Абай. Бұған қоса, Абай атамыз сөз қадірін кетірген қошеметшіл ақындарды «Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап, Қайда бай мақтаншаққа барған маңдап» деп сынап, мадақтаудың да осал жақтары болатынын жақсы аңғартып, мадақтау сөздердің ішінде арзан қолды, біреуден сый дәметіп, байлығын айтып қолпаштап, жағыну үшін айтылғанын тілге тиек етеді. Міне, осы өлең жолдары арқылы сонау Абай кезеңінде бір-біріне мадақтау сөздер айту немесе бір-бірін мақтау өрескел деп саналғанын көріп отырмыз. Осыған қатысты қазақтың ұлы перзенті Бауыржан Момышұлы өзінің мірдің оғындай қанатты сөздерінде «Мақтау қауіпті нәрсе. Мақтаудың екі түрі бар: біріншісі – қара ниетті мақтау, екіншісі – ақ ниетті мақтау» деген нақыл сөзінен асыра мақтаудың жақсылық әкелмейтіндігі, егер адамның іс-әрекеті мақтауға тұрарлық болса, онда күнделікті іс-қимылынан аңғарылып тұратындығын айтқан. Бұдан түйетініміз, мақтау сөздерді де дұрыс түсініп, дұрыс қорытынды шығара білу керек.

Мақтап сөйлеу актілерінің ерекшеліктері қазақ тіл білімінде М.К.Мурзағалиева, А.Т.Бақытова, Б.Ғ.Тамаеваның еңбектерінде қарастырылған.

Көркем шығармадағы кездесетін мақтап сөйлеу актілерінің прагматикалық функциясын қарастырғанда мақтап сөйлеу актілерінің ерекшеліктерін білу жеткіліксіз болады. Мақтап сөйлеу актілері арқылы жазушының коммуникативтік мақсатқа қол жеткізудегі рөлін анықтау керек. Мақтап сөйлеу актілері арқылы жазушының коммуникативті мақсатқа қол жеткізудегі рөлін анықтау үшін, аталған сөйлеу актілерінің иллюкутивті мақсатын анықтаудың маңызы зор. Мақтап сөйлеу актілерінің мақұлдау, келісу, ризалық, алғыс, тілек, бата беру, құрметтеу, сыйлау, ізет білдіру сияқты иллюкутивтік мақсаты болады [1, 80].

Қазақ және ағылшын жазушыларының шығармаларында мақтап сөйлеу актілерінің бірнеше түрлері бар. Олар ІІ жақта мақтап сөйлеу актісі, ІІІ жақта мақтап сөйлеу актісі, өзін-өзі мақтап сөйлеу актісі. ІІІ жақта мақтап сөйлеу актісі мақтаудың басқа түрлеріне қарағанда сирек болса да, кездеседі. Мысалы, *Бәрекелді! Жамбылым, сөз жүйесін келтірдің. Аңғарыңды таныдым, көтеріліп желпіндім* (Жамбыл). Бұл үзіндіде Жамбыл ІІІ жақта мақтап сөйлеу актісін тікелей өзіне қарата қолдана отырып,

өзінің сөзге жүйрік, ерекше ынталы екенін ризашылық мәнде көрсетеді. Бұл жердегі «бәрекелді» – эмоционалды-экспрессивті сөз. «Бәрекелді» сөзі - II жаққа қарата айтылып, мақтап сөйлеу актісі мақұлдау, алғыс, тілек ретінде берілген. Мұндай экспрессивті-эмоционалды сөздер туралы Х. Нұрмақановтың және т.б. еңбектері жарық көрді.

Тікелей көзінше мақтаудан келіп адамдардың арасында бір-біріне деген достық, жақсылық, сенімділік сияқты қарым-қатынастар туындайды. Мақтаудың бұл түрінің басқа мақтау түрлерінен ерекшелігі адресат сөзіне айтылған мақтауды өзі естіп, мақтаудың қандай мақсатпен айтылғанын сезеді. Адресат өзі туралы өзгелердің пікірін тыңдай отырып, белгілі бір ойға келеді, жақсы әрекетке ұмтылады. Мақтаудың бұл түрі арқылы адресант өзінің мақтап отырған адамына ерекше ықпал ету мақсатымен жағымды, жоғарғы бағасын береді[1, 81]. Мысалы,

*Жарайсың, балам, жарайсың,
Естимісің сақ-сақ күлкіңді,
Алдыңнан күтер талай күн,
Сыйларсың маған түлкіңді (С.Сматаев).*

Бөрібай жақсы көріп, мадақтаған жігітін «ол қасқыр ғой!», «Ол көкжал ғой» деп қасқырмен теңестіріп мақтайды (Ө.Тұрманжанов).

Бұл келтірілген үзінділерде тікелей мақтап сөйлеу актілерін өнегелілікке, ізденімпаздыққа тәрбиелеу тұрғысынан қолданғандығын байқаймыз.

Анамның дөңгелек жүзі әжімі көбейгенмен әлі де ажарлы, қаны қашпаған (А.Лекеров).

Бір кезде осы үйдегі жеңгеңнен сымбатты да, ажарлы да әйел жоқ еді (С.Мұқанов).

Залдың орта тұсында өңкей ажарлы қыздар, әрлі әйелдер; олардың арасында беті желіндеп, Марғау отыр (З.Қабдолов).

*Арқаның жазы – жібек, жері сая,
Қоңыр жаз, самал соққан күн жылмая (І.Жансүгіров).*

Ал бұл үзінділерде авторлар сын есім тұлғалы мақтау сөздерді тамсану әрі ізет білдіру мақсатында қолданған.

Кейде қаламгерлеріміз мақтап сөйлеу актілерін құрметтеу, сыйлау мәнді білдіру үшін қолданады:

*Менің пірім Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай (Жамбыл).*

Осындай мақтау сөздерді тек қазақ жазушыларының шығармаларынан ғана емес, ағылшын шығармаларынан да кездестіруге болады. Мысалы:

Who needs those classy restaurants when you can get a good meal at Boston Market? The restaurant was really cool. We headed here for lunch but found the place so delightful that we stayed the night. The food was absolutely excellent. It's extraordinary that no one disagreed with him. His intense stare began to great on her nerves. A truly splendid New Year Celebration only from Frodingham Coaches. The movie was so super I was begging my parents to let me see the sequels! Most students find the course very enjoyable. There was a wonderful view from the window. Нәтижесінде ағылшын тілінде мақтап сөйлеу актілерін ізет көрсету мақсатында қолданылып, classy, cool, delightful, excellent, extraordinary, great, splendid, super, enjoyable, wonderful секілді сөздердің көп қолданылатындығына көз жеткізілді. Кейбір сөздер ұғымды айқын білдіру үшін хабар ретінде қолданылса, енді біреулері сөздің эмоционалдық мәнін көрсету үшін қолданылған. Сөйтіп, біз бір сөздің басында лексикалық мағынамен бірге эмоционалдық мәні тіркесе, қабаттаса жүргенін көреміз.

Қорытындылай келе, еліміздің өркениетті, экономикасы жоғары дамыған елдер қатарына қосылуының бір кепілі – ана тіл тағдырына қамқорлық. Қазақ тілін басқа да шетел тілдерімен салғастыра қарастыруды дамыту – ана тіліміздің қолданылу аясының

кеңейіп, мемлекеттік тіл ретіндегі статусы мерейінің үстем болуына үлкен әсер ететіні сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жақсыбаева Ф. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясындағы мақтап сөйлеу актілерінің прагматикалық ерекшеліктері. Шәкәрім. Ғылыми-танымдық журнал. – Семей: 2011
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 574 б.

УДК 373.1.02

**ПРАГМАТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ КОМПЛИМЕНТОВ В
ПРОИЗВЕДЕНИЯХ КАЗАХСКИХ И АНГЛИЙСКИХ ПИСАТЕЛЕЙ**

Сағидоллина Ш.И.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

***Аннотация:** В статье рассматриваются хвалебные слова на казахском и английском языках в лингвокультурологическом и лингвокогнитивном аспектах. Исследованы сходства и различия в структурно-смысловых системах двух неродственных языков с различной структурой.*

***Ключевые слова:** похвала, семантика, языкознание, словообразование, высокая оценка, восхищение, настроение.*

УДК: 373.1.02

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫН ТҮРЛІ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сарсенбаева А. Н., Хазиева Ә.С.

Батыс Қазақстан инновациялық - технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. Қазіргі таңдағы басты проблемалардың бірі-тіл мәселесі. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өз жолдауының «Тілдердің үш тұғырлығы» стратегиясында тіл мәселесіне қатты назар аударған болатын. Еліміз тәуелсіздік алып заман талабына сай дамуы үшін әрбір азамат ағылшын тілін жақсы меңгергені жөн. Студенттердің білім, білік шеберліктерінің жан-жақты дамуына, қалыптасуына, тілдік материалдарды жақсы біліп, сөз іскерліктерін меңгеруіне ойындар көп көмек береді. Шетел тілі сабақтарында дұрыс ұйымдастырылып, пайдаланылған әртүрлі әдіс-тәсілдер студенттердің таным-түйсігіне жағымды әсер етіп, алған білімдерін жаңа жағдайларда шығармашылықпен қолдана алуына ықпал етеді. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлықыр болмайды» дегендей жас ұрпаққа сапалы білім, өнегелі тәрбие беру-ұстаздардың басты мақсаты екенін еш уақытта естен шығара алмаймыз.

Кілт сөздер: адами құндылықтар, рухани сенім, жаңа технологиялар, интерактивті оқыту әдістері, жаттықтыру, ақпараттандыру.

Елбасымыз «Қазақстан – 2030» қазақстан халқына Жолдауында «Біздің жас мемлекетіміз өсіп, жетіліп, кемелденеді, немерелеріміз ер жетеді. Олар қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгереді» деп көрсетілгендей ертеңгі күннің нұрлы болуына ықпал ететін күш – білім.

Жаңа қоғамда әлеуметтік белсенді, өз бетімен шешім қабылдайтын қабілетті және оны іске асыруға ынталы шығармашыл тұлғаға сұраныс өсті. Жалпы білім беру жағдайында нәтижеге жету жолында білім, білік, дағды және адами құндылықтар негізінде жан-жақты, түрлі жаңа әдістерді қолдана отырып студентпен тең рухани сенімді, өнегелі қарым-қатынасты жалғастырып жұмыстанады. Заман талабына сай мектептерде, жоғары оқу орындарында ағылшын тілі пәніне көңіл де, ықылас та жылдан жылға артып, оны оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері, технологиялары бойынша зерттеу жұмыстары, оларды тәжірибеге енгізу шаралары қолға алынды. Мұғалім үшін кәсіби шеберлікке жету, өз маманының шебері болу бір күнде пайда болатын дүние емес, ол өмір бойы үйрену, іздену, зерттеуді талап ететін мамандық екенін аңғарғанда ғана нәтижеге қол жеткізуге болады [1].

Жалпы білімнің жүйесі – қоғам дамуымен бірге дамып, әрдайым үнемі өзгеріп отырады. Ол әр елдің экономикалық ерекшеліктеріне қарай қалыптасып, үнемі үздіксіз жетіле отырып, барынша күрделене түседі. Бүгінгі жаңа қоғамда мұғалімнің ішкі жан дүниесі де жаңаша, демек болашақ ұрпақтан үлкен үміт күтілуде. «Ойдағыдай тәрбиелеудің сыры студентке деген құрмет сезімде жатыр» деп Р.Эмерсон өзінше баға бере білген. Білім саясаты ең алдымен ұстаздар қауымы арқылы жүзеге асырылады. Ал біздің келешектегі мақсатымыз – рухани жан дүниесі бай, жан-жақты жарасымды дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Білім ордасы – жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру, бірнеше ғасырлар бойы жиналып сақталған мұраларын келешек ұрпақ игілігіне жеткізе алатын мәдени ошақтар, ұлттық тәлім – тәрбие орталығына айналмақ. Ұлттық мектеп тағдыры қай қилы заманда да, қай ұлттың болсын көзі ашық, көкірегі ояу, ұлтжанды азаматтарын толғандырып келген ең өзекті мәселелердің біріне саналды. Қазіргі таңда Қазақстан бүкіләлемдік білім кеңестігіне ену табалдырығында. Өмір ағымына қарай білім беру жүйесінің моделі күрделі өзгерістерге ұшырап отыр. Сондықтан заман талабына сай

жаңа мазмұнда білім беруді ұйымдастыру мұғалімге тікелей байланысты. Ондағы өзекті мәселе әлемдік білім кеңестігіне шығудағы Қазақстанның жаңа ұлттық білім моделін қалыптастыруда тиімді жолын анықтауда. Жалпы білім берудің негізгі мақсаты – еліміздегі білім беру жүйесінің құрылымы мен мазмұнын толықтай өзгерте отырып, заманына сай мектеп, жоғары оқу орнын құру. Олардың білімді де білікті, парасат пайымы мол, саналы да сарабдал азамат болып жетілуі тәлім мен тәрбие беретін мұғалімге тікелей байланысты. Мұғалімге артылатын сенім жүгі соншалық ауыр дей отыра, сонымен қатар оның ұлағатты жол екенін естен шығарып алмаған жөн. Демек, өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, ұлттық қасиеттеріміздің асылдарын асқақтата отырып, шәкіртінің жанына құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады. Өз ойымнан түйгеннің бір шеті мынада жатыр. Жаңа көзқарастағы мұғалім – рухани байлығы мол, өз ісінің шеберіне айналу және жаңашылдыққа талпынатын шығармашыл тұлға болуы керек. Бүгінгі күнде мектептің жаңа реформалық жүйесі бойынша білім беру турасында әрбір өзін кәсіби деңгейі жетілген деп есептейтін кез келген мұғалім, білім беру қызметкері бұл жүйенің қыр-сырын түгел меңгермей, бала дамуының мәселелерін түгелімен меңгере алмайды. Сондықтан да білімнің жаңа үлгісі өзіне сәйкес жаңа мұғалімдерді талап етеді. Сіздің білім беруге қосар үлесіңіз – ұнамды жұмыс істей алатын жеке тұлға, педагогикалық қызметінің барлық келеңді-келеңсіз жақтарын зерттеп меңгеруге ынталы, өзінің пәнін жетік меңгерген, кез келген педагогикалық жағдайда өзінің білімділігі, іскерлігі, шеберлігі арқасында шеше алатын, педагогикалық үрдістің нәтижесін жақсартуға ұмтылатын мұғалім болу керек. Сапалы білім берудің мақсаты – өзінің жеке қоғамның мүддесінде өзіне-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзіретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту мен қалыптастыруды жүзеге асыру. Мұғалімнің міндеті – төменгі ойлау деңгейін жоғарғы ойлау деңгейіне жеткізу. Ақпараттық технология мүмкіндіктерін қолдана отырып, пәнге қызығушылықты оятып, сөздік қорын байыту, анализ жасау, дәлелдеу қабілетін дамытуға мүмкіндік туғызады. Ағылшын тілін үйретуде ақпараттық технологиялар мүмкіндігінің көмегі көп. Бөтен тілдегі сөздің оқылуын тыңдау, сосын оны айту өте қажет. Тыңдау мәтіннен қандай мағлұмат қажет екенін алдындағы жаттығулардан біліп отырады, тыңдайды, қажет жерін жазып алады және мәтінді түсінеді. Ағылшын тілін үйретуде сөзді, сөйлеуді ғана емес, айту, оқып үйрену студенттің сөздік қорын байытып, грамматикалық құрылымдарды үйренуге көмек береді, сондықтан кассета, дисклерді қолданамыз [2].

Тілді ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы оқыту – тіл үйренушілерінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады. Сонымен қатар студенттер интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады, студенттің оқу белсенділігі артады, сабақтың негізгі кезеңдерінің бәрінде студенттерге шығармашылық жұмысты ұсынуға болады.

Әр баланың аз болсын, көп болсын өмірлік тәжірибесі болады. Баланың тамырын басып, сол тәжірибелерін анықтап, өмірде білімдерін туған жерін сүйіп, сыйлауға баулыса, меніңше әр студент іркіліп қалмайды.

Сөз – дербес әрекет, бірақ сөйлеуді дербес оқыту қиынға түседі, қарым-қатынастағы белсенділік көп жағдайда топ арасындағы әңгімеден туындайды. Студенттер грамматикалық форманы біле тұра сөйлеу кезінде кібіртіктеп қалады.

Қарым-қатынас үрдісі- сөйлеу, жағдаят, тапсырмалар және жаттығу түрлері.

Интерактивті оқыту әдістерін пайдалану оқушының жеке көзқарасын қалыптастырып, оны қорғай алуы, басқа адам көзқарасын сыйлай білуі, ақпаратпен жеке жұмыс жасай білуі, өзінің жеке бағытын көрсете алуы қабілетін дамытады.

Әр студенттермен белгілі бір мәселе бойынша жұмыс жүргізе отырып, әрдайым тәжірибеде қалыптасқан төмендегі ұстанымдарды басшылыққа аламын:

Әр студент қабілетті және талантты;
 Қызықтыра отырып студентті еңбекқорлыққа баулуға болады;
 Әр студент өз пікірін айтқанда қателесуге құқы бар;
 Сабақта әр студент өзгені және өзін-өзі танып біледі.

Өркениетті өмір талабына сай ақпараттық заманның дамуына байланысты компьютерді сабаққа пайдаланудың маңызы зор. Бұл жұмыс нәтижесінде кроссворд, кесте арқылы

грамматикалық және лексикалық оқу материалдарың өңдеу,
 ағылшын тілі кабинеті үшін ағылшын тіліндегі сөздерді сауатты безендіру мен көркемдей білу,

өзіндік және топтық жұмыс жасауды игеру мен білім алуды кеңейту,
 электрондық пошта арқылы хат-хабар алмасу, сөздіктер мен энциклопедияларды пайдалану, т.б.,

өз бетімен жұмыс, шағырмашылық қабілетінің дамуы, мәнерлеп оқу дағдысының жетілдіруіне жағдай жасайды.

Осылайша технология көмегімен білімдерді, дағдыларды, біліктілікті игеру процесінде тұлғалық қасиеттің дамуында нәтижелі шешімге жету мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Білім жүйесіне енген ақпараттандыру – болашақта одан әрі жетілдіре түсетін, білім мазмұнын тереңдетуге әсерін тигізетін игі іс-әрекет.

Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – нәтижелі әрекет ететін, жауапкершілікпен шешім қабылдай алатын, өз қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сәйкес өз бетінше жеке даму жолын таңдай алатын адамды дайындауға бағдар алу болып тұр. Білімді игеру ғана емес, оны тәжірибеде қолдана алуға бағытталғандай болуы тиіс [3].

Оқыту саласында түбегейлі өзгерістер жүріп жатырған кезде, оқыту әдістері қайтадан қарастырылып жатырған кезде өз оқыту әдістерімді жетілдіруге назар аударамын. Ағылшын тілі – халықаралық тіл. Оның грамматикасы екі септіктен тұрады. Сөйлеуі – жеңілдеу, бірақ жазылуы күрделі. Ағылшын тілі пәнінің мақсаты – шәкірттердің тілдік қарым – қатынас жасай алу біліктілігін жетілдіру. Ағылшын тілін оқыту барысында белгілі бір әдістеме қолдануда алдына мақсат қою қажет. Сонымен қатар ағылшын тілін оқып-үйренуге бөлінген уақыт, студенттердің жас ерекшелігі, ынтасын да ескеремін. Әдістердің түрлері де сан алуан. Олар: логикалық ойлау, сатылау, рөлдік ойындар, мәдени қарым – қатынас, болжау, анализ әдістері. Әдіссіз оқыту үрдісінің жүзеге асуы мүмкін емес. Мұғалім мен студенттің бірлескен жұмысы нәтижесінде білім, іскерлік дағдысы қалыптасып, студенттің дүниетанымы, қызығушылығы, қабілеті артады. Ағылшын тілі сабақтарында сөздік қорды дамыту үшін сұрақ – жауап, сөйлеу, әңгімелесу, көрнекілік, аударма, түсінгенін айту, мәтінмен жұмыс тәсілдерін қолданамын. Жаңа әдістерді тиімді пайдалану арқылы білім сапасы көтеріледі. Жаңаша оқытудың көздейтін мақсаты – тіл үйренушіге ерік беру, таңдау жасату, оған бағыт – бағдар беру, бақылау арқылы қабілеті мен мүмкіндігін ашу. Бұл студенттің белсенділігін арттырады, ақпараттар жиынтығын жақсы меңгеруге, өз бетінше естігенін, көрген, байқағанын, ойлағанын қорытып, сіңіруге жол ашады. Ағылшын тілі сабағында студенті жауап беріп тұрған кезде оның қатесін бірден түзмей, жауапты бағалау кезінде қате айтылған қолданысты талдау немесе жолдастары түзеуіне мүмкіндік туғызу, студентті сөйлеу, оқу, жазу әрекеттеріне көбірек тартуды жөн санаймын. Балаға шет тілін үйреткенде ана тілінің алатын орны ерекше. Ол туралы ғалым Л. В. Леховицкий: «шетел тілін меңгеруде ана тілінің ерекшеліктерін ескеру, үйренуші үшін жаңа тілде кездесетін қиындықтарды түсінуде өте қажет. Тек қана ана тіліне сүйене отырып кездесетін қиындықтарды жеңуге болады. Егер сабақта ана тілінің ерекшеліктеріне көңіл бөлмесе шетел тілін меңгеруіне кей жағдайда зиян келуі мүмкін», - дейді. Мысалы ағылшын тілінде дауысты дыбыстар айтылуына қарай созылыққы және келте болып бөлінеді. Мұның өзі ағылшын тілінде

қазақ тіліне қарағанда фонемалары көп екенін көрсетеді. Сол дыбыстардан сөз, сөз тіркестерін сөйлем құрамында айтқызып жаттықтырудың да өзіндік орны бар [4].

Әдебиеттер тізімі

1. «Ағылшын тілі мектепте» №1 2006. 50 б.
2. «Шет тілі мектепте» № 5,6 2010.35 б.
3. Аяпова.Т,Әбілдіева.З Алматы «Мектеп» 2006.
4. Оқыту - тәрбиелеу технологиясы 2011. 78 б.

УДК 373.1.02

ОРГАНИЗАЦИЯ УРОКА АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА РАЗЛИЧНЫМИ МЕТОДАМИ

Сарсенбаева А. Н., Хазиева Ә.С.

Западно – Казахстанский инновационно - технологический университет, г. Уральск

Аннотация: одна из главных проблем на сегодняшний день это языковая проблема. Глава государства Н.А.Назарбаев в Стратегии «Три родства языков» уделит большое внимание языковым вопросам. Для того, чтобы наша страна развивалась в соответствии с современными требованиями независимости, всем гражданам необходимо хорошо владеть английским языком. Большое количество игр помогает студентам в всестороннем развитии, становлении, изучении языковых материалов, умении говорить. Различные методы, правильно организованные и использованные на уроках иностранного языка, оказывают положительное влияние на познание студентов и способствуют творческому применению полученных знаний в новых условиях. Мы никогда не забудем, что это главная цель учителей - качественного образования, качественного воспитания молодому поколению, которое говорит о том, что будущее образованного народа не будет расплывчатым.

Ключевые слова: человеческие ценности, духовное доверие, новые технологии, интерактивные методы обучения, тренировать, информатизация.

UDC 81:37.016

MOTIVATION AS A FACTOR OF DEVELOPING LANGUAGE LEARNING

Tolengutova A.S., Zhussupova N.K.

West Kazakhstan Innovative Technological University, Uralsk

Abstract. *This article provides a definition of motivation, describes the role of a teacher in teaching a foreign language. It also touches upon the methods and means of applying the linguistic and cultural aspect as a way to increase motivation for learning a foreign language, aimed at realizing the ultimate goals of teaching a foreign language, namely, teaching communication*

Keywords: *motivation, integrative and intrinsic motivation, blended learning, learning process, methods of teaching, communicative competence, memorizing, to move.*

Motivation is the thoughts and feelings which makes us want to and continue want to do something and which turn our wishes into action. Motivation influences:

why people decide to do something?

how long they keep wanting to do it?

how they work to achieve it?

Why do you learn English? What motivates you to learn English? There are several reasons such as to achieve something (to pass IELTS, to study abroad, to find well paid job, etc.); to know the target language culture (e.g.the British culture, customs, lifestyle); to travel, to meet new people; To read and watch films in English;to understand people; to listen to music, songs, etc and CPD (Continuing Professional Development), Internship/ Professional training/practice.

According to Gardner and Lambert (1972), there are two types of motivation: integrative and instrumental. *The integrative motivation* means learning the language with the intention of participating in the culture of its people. While, *instrumental motivation* suggests and implies that a learner learns the language in support of a purpose relating to occupation or further useful motive. These two types of motivation can affect and control the procedure and outcome of learning.

Students who have *intrinsic motivation* are inclined to stay with intricate and complicated problems and gain knowledge from their slips and mistakes (Walker, Greene, & Mansell, 2006). Besides, intrinsic motivation is essential and fundamental for the integration process through which elements of one's accessible internal awareness and knowledge is assimilated or mixed with new knowledge. *Extrinsic motivation*, on the other hand, is the propensity to take part in activities because of the reasons which do not link to the activity. These reasons can be the anticipation of reward or punishment, like being successful in the exam or getting a good mark (Vansteenkiste, Lens, & Deci, 2006).

Motivation and its concepts (Z. Dornyei&K/Csizer). Theses concepts include:

Teacher

The classroom atmosphere

The task

Rapport=relationship=attitude

Self-confidence

Interest

Autonomy=independence

Personal relevance

Goal/target

Culture

All these concepts and motivation types should be taken into account while teaching. Based on the learning strategies, characteristics and styles, a teacher should motivate to raise learner's interest in language [1].

There are some other ways of supporting and motivating learners. One of them is scaffolding. According to Bruner¹, language is the most important tool for cognitive growth and, in particular, how adults use language to mediate the world for children and help them to solve problems. The term *scaffolding* is used to describe talk which supports a child in carrying out an activity. This can be done by making a child interested in an activity, by simplifying a task so that it is broken down into manageable steps, keeping a child on track towards completing a task, or providing suggestions on alternative ways of carrying out the tasks. Good scaffolding is tuned to the needs of the child and adjusted as the child becomes more competent [2].

It is no doubt that motivation is an important factor for success in learning. It is the combination of two factors: Learning purpose and attitude; if knowledge is important for the learner, learning occurs without any need to learn it. Teachers are concerned about developing a particular kind of motivation in their students - the motivation to learn. Many elements make up the motivation to learn. Planning, concentration on the goal, metacognitive awareness of what you intend to learn and how you intend to learn it, the active search for new information, clear perception of feedback, pride and satisfaction in achievement, and no anxiety or fear of failure. Thus, motivation to learn involves more than wanting or intending to learn. It includes the quality of the student's mental efforts [3].


The biggest issue of the class today is that the teacher has no understanding of effective teaching and motivation. Teachers assume that their students are empty buckets to be filled with knowledge. However, students have total personalities and teachers must understand effective teaching and students' features, otherwise, they will not be successful in teaching. First, the student is a dynamic, living, growing, developing and maturing personality. The teacher is not directly concerned with the hereditary factors in the student. By the time the student starts school, he already has a well-developed personality. This means that he/she is organized while it is the individual that has to be satisfied with any need and want. Second, students are also motivated by unconscious and semiconscious needs and wants. Fortunately, many of these can be redirected by proper motivation in formal education. School programs must consider the dynamic nature of the student, his/her experience, his total environment and individual differences [4].

Ways to solve motivation challenges:

Be zealous in your subject. A teachers' zealotness or enthusiasm is a basic factor in student motivation. When teacher is excited about teaching and happy to be in the classroom learners will be more excited about learning, getting knowledge. Because positive energy and eagerness are infectious and lead the students to become more motivated as a positive attitude is requisite for a successful learning atmosphere [5].

Make class pleasant, enjoyable and fun. Here some ways to teach English funny: a) use social media in class. With the help of the social media students use the language practically, and also master it in fun ways. Moreover, in this way teacher helps students to improve their IT skills. b) invite culture into class. Films, journals and modern tracks are lovely things for people. Using them by teachers in class for listening and reading activities or to grasp new vocabulary reinforces their love for traditional culture. c) Gamify your lessons! Honestly, I love using games during the lesson. They can be immensely efficient ways to drill vocabulary and use grammatical structures. Some of my favorites are Scrabble, Scattergories and Charades. And they do not have to be like traditional rules, either. Traditional games can be changed up to make them even more cheerful for your ESL students in class. Let's look at one game stated above, Charades. This is a fun game that is enjoyed by many students, whether they are young or old. What should you do? In this game class can be divided into 2 teams. First, you will need cards on which a word or phrase is written. The words should be easy for

student to “act out” without using any words. It is better not to write abstract words. Then have a student from 1Team come to the front of the classroom and secretly show one of the cards to him or her. The student has to “act out” the word on the card in 60 seconds. Only students from 1Team should attempt to guess the word or phrase. If they guess it within 60 seconds, that team scores a point. This is repeated again for the second team. There is another funny activity which can be held at the beginning of the lesson to attract students`interest and attention: “Draw the picture”. In this game you ask one of the students to go out of the room. Then you will draw any unusual picture on the board that can be drawn in a minute. Students should keep in mind that picture. After that you will clean the board and ask the student come in the room. Other students should describe that drawn picture with words, expressions and the student at the front of the room should draw it as he or she understands. After that you will compare it with the previous picture whether it is similar or not. The picture can be drawn according to the theme in order to improve vocabulary. If you divide a class into groups it would be more interesting in the way of getting score. You may draw like this:



In conclusion, it should be pointed out that any class should be of great interest with variety of activities and games; peer and group working. The teaching process should be focused on the task-based learning and communicative approach. A teacher is not only an instructor, but also, he or she should be a supporter, guide, motivator. [6]

References

1. Bently Kay. Teaching Knowledge Test (TKT): Content and Language Integrated Learning (CLIL) — Cambridge University Press (2010)
2. Cameron, L. (2001) *Teaching Languages to Young Learners*. Cambridge: Cambridge University Press.
3. Vygotsky, L. S. (1978) *Mind in Society*. London: Harvard University Press.
4. Bennett, N. and Dunne, E. (1994) How Children Learn, Implications for Practice. In B. Moon and A. Shelton Mayes (eds.) *Teaching and Learning in the Secondary School*, (pp.50 - 56). London: Routledge.
5. Gardner, H. (1994) The Theory of Multiple Intelligences. In B. Moon and A. Shelton Mayes (eds.) *Teaching and Learning in the Secondary School* (pp. 38 - 46). London: Routledge.
6. Williams, M. and Burden, R.L. (1997) *Psychology for Language Teachers*. Cambridge: Cambridge University Press.

УДК 81:37.016

МОТИВАЦИЯ КАК ФАКТОР РАЗВИТИЯ ИЗУЧЕНИЯ ЯЗЫКА

Толенгутова А.С., Жусупова Н.К.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

***Аннотация.** В данной статье дается определение мотивации, описывается роль преподавателя в обучении иностранному языку. Так же затрагиваются методы и средства применения лингвострановедческого аспекта как способа повышения мотивации к изучению иностранного языка, направленного на реализацию конечных целей обучения иностранному языку, а именно, на обучение общению.*

***Ключевые слова:** мотивация, внутренняя и внешняя мотивация, обучение иностранным языкам, смешанное обучение, учебный процесс.*

ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

УДК 796.325

ВОЛЕЙБОЛ УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ФИЗИКАЛЫҚ
ҚАСИЕТТЕРІН ДАМУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Алибеков А., Болат А., Собянин Ф.И.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. Волейбол-студенттердің дене тәрбиесінің маңызды құралы. Физикалық қасиеттерді дамытуға, техникалық және тактикалық әдістерді жетілдіруге бағытталған арнайы жаттығуларды қолдану студенттердің волейболға деген қызығушылығын арттырып, спорттық шеберлікті жақсартуға көмектесетіні дәлелденді.

Кілт сөздер: волейбол, физиологиялық компоненттер, беймделу, жылдамдық, ойын техникасы.

Волейбол халық арасында ең танымал және кең таралған ойындардың бірі болып саналады. Волейбол ең танымал спорт түрлерінің қатарына оқуға оңай, кең қол жетімді, өткізу процесінде динамикалық болғандықтан кірді. Волейбол жастар арасында ең танымал болғанын атап өту керек; осы себепті ол студенттердің физикалық қасиеттерін дамытатын және жетілдіретін ойын түрі ретінде "дене шынықтыру" пәнінің оқу бағдарламасына кіреді.

Волейбол-бұл спорт түрі, оны спортшылар жасай алады, олардың денесінің күйін функционалды талаптардың жоғары және күшті деңгейімен сипаттауға болады.

Пульсографиялық зерттеулердің нәтижелерімен және спортшылардың тұрақты салмақ жоғалтуымен танысқаннан кейін, волейболдың үлкен жүктеме мен сабақтың қарқындылығы бар спорт түрі екеніне көз жеткізуге болады. Бұл ғылыми зерттеулер ойын процесіне тікелей қатысатын студенттердің физикалық жағдайына жоғары талаптар қояды.

Айта кету керек, волейбол секірулердің қанықтылығы мен оларды орындау қарқындылығына байланысты төзімділікті дамытуға бағытталған. Бұл секірудің қарқындылығы, волейболдың басқа спорттық ойындардағы қрағанда арнайы ерекшелігін көрсетеді[1].

Әлемнің қазіргі дамуы жағдайында жоғары оқу орындарындағы дене шынықтыру сабақтарында волейбол ойнау өзектілігін жоғалтпайды, тіпті өзінің танымалдылығына ие болады. Волейбол ойындарын өткізудің алдында қандай міндеттер тұр?

Біріншіден, студенттердің денсаулық деңгейін арттыру, екіншіден, білім алғаннан кейін болашақ өмірде және кәсіби жұмыста оқу орнының студенттеріне міндетті түрде пайдалы болатын физикалық қасиеттерді қалыптастыру, бұл болашақ мамандардың тиімді қызметіне ықпал етеді.

Біздің университетте оқитын инженерлердің кәсіби маңызды физикалық қасиеттеріне мыналар жатады: жоғары өнімділік және шаршауға төзімділік, стресске төзімділік, күш, ептілік, ұқыптылық, жылдамдық реакция, жоғары шоғырлану және зейіннің ауысуы, жақсы дамыған жад, әсіресе жедел, қабылдаудың жоғары деңгейі және дамыған байқау, мамандандырылған практикалық ойлау, қиын жағдайларда жедел шешім қабылдау қабілеті, байқау, қозғалысты жоғары үйлестіру. Жоғарыда аталған барлық қасиеттер волейболмен айналысу үшін қажетті талап болып табылады, сондықтан жалпы дене шынықтырумен айналысу, сонымен қатар волейбол ойнау сауатты ұйымдастырылуы керек.

Студенттермен волейбол сабақтарын әдістемелік және дұрыс құру үшін мұғалім жас ағзаның анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктерін білуі керек. Тек осы жағдайда волейбол сабақтары студенттердің физикалық қасиеттерін дұрыс дамытуға ықпал етеді[1].

Оқу процесінің тиімділігі көптеген фактілермен, атап айтқанда студенттің волейбол сабағында жұмыс қабілеттілігімен тікелей байланысты. Жұмыс қабілеті - бұл студенттің волейболдан сабақ барысында техникалық әдістер мен тактикалық комбинацияларды орындау мүмкіндігі. Басқаша айтқанда, студенттер жаттығу кезінде салыстырмалы түрде ұзақ уақыт бойы белсенділік танытуы керек. Тиісінше, дайындықтың бүкіл кезеңін күш, төзімділік, жылдамдық, икемділік сияқты дененің жоғары дамыған физикалық қасиеттерісіз елестету қиын. Олардың барлығы жеке бұлшықет топтарының жұмысына қажетті жылу энергиясын өндіруге ықпал етеді. Тек осы жағдайда қозғалтқыш әрекеттері тиімді болады[2].

Іс жүзінде кез - келген физикалық белсенділік оқушының жалпы белсенділігі мен оның физикалық және ақыл-ой қабілетінің жоғарылауына жағымды әсер ететіндігі бұрыннан дәлелденген, бұл кез-келген спортпен шұғылданбайтын студенттер туралы айту мүмкін емес.

Бұл қасиеттердің көрінісі егер сабақтар шыдамдылықты, тапқырлықты, ұжымшылдық пен күш рухын басым дамытуға бағытталған болса.

Волейбол ойнау жылдамдықтың және оның қарапайым формаларының дамуына ықпал етеді – реакция уақыты, қозғалыс жиілігі және ойын барысында қатысушылар қозғалатын жылдамдық. Бұл фактіні растау - кәсіпқой спортшылар жедел реакциямен ерекшеленеді, ол 0,12-ден 0,18-ге дейінгі аралықта көрінеді және телеграфпен жұмыс жасау кезінде айтуға болатын қозғалыс жиілігі өте жоғары. Қозғалыстардың максималды қарқыны 10 секундта 70-90 соққыдан тұрады және басқа спорт түрлерінің осы спорттық тестінен асып түседі, бұл жүйке процестерінің жоғары қозғалғыштығы мен тұрақтылығын көрсетеді [2].

Басқа спорт түрлері сияқты, волейбол студенттерде күрделі комбинациялардың тіркесімін орындау қабілетін дамытады, кенеттен қалыптасқан жағдайлар мен міндеттерге, сондай - ақ олардың кенеттен өзгеруіне байланысты шешім қабылдау мүмкіндігін қалыптастырады, яғни ептілікті игеруге ықпал етеді.

Ойын барысында кеңістіктегі үйлестіру, көру қабілеті мен ұқыптылық көрсеткіштерімен байланысты жылдамдық сияқты сипаттамалары студенттер арасында ерекше орын алады[3].

Студенттер ойын барысында уақыт пен кеңістіктегі нақты жағдай туралы ақпараттың үлкен көлемін жедел бағалауға, осы жағдайды қолда бар тәжірибемен салыстыруға негізделген тактикалық мәселелерді шешуге мәжбүр. Бұл жағдайда тактикалық мәселелерді шешу ықтималды сипатқа ие және ойыншы көптеген шешімдерден, оның пікірінше, оң нәтиже беру ықтималдығын таңдайды. Болашақ әрекеттер стратегиясын ойластыру,

ойыншы ойын объектісіне назар аударады, визуалды есте сақтауды және шындықты вербальды емес қабылдауды үйретеді. Сонымен, волейбол бір уақытта физикалық мүмкіндіктерді де, тактикалық ойлауды да дамытады.

Волейбол оқушылардың денесінің үш физиологиялық компоненттерін жетілдіруге қатысады, атап айтқанда жүйке процестерінің бейімделуіне, нейротипиясына және тұрақтылығына (кесте. 1).

Студенттер ағзасының физиологиялық компоненттері және оларға волейбол ойынының әсері

Компонент	Компоненттер волейбол ойынының компоненттерге әсері
Бейімделу	Бұл компонент студенттің әлеуметтік ойда өзін қаншалықты жақсы сезінетінін, өзіне және өміріне қанағаттанғанын, оның әлеуметтік мәртебесі қандай екенін көрсетеді. Волейбол бұл компонентті жетілдіреді, бұл студенттің психикалық процестерін реттеу қабілетіне әкеледі: өз ойларыңызды, сезімдеріңізді, тілектеріңізді барабар басқару; сонымен қатар қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау, басқалармен қарым-қатынас жасау қабілеті қалыптасады
Нейротизм	Волейбол ойынына қатысу - жүйке бұзылуларының, шамадан тыс мазасыздықтың, эмоционалды бұзылыстың алдын алу
Баланс жүйке процестер	Ойын студенттердің жүйке жүйесіндегі қозу мен тежелу арасындағы тепе - теңдікке ықпал етеді. Тепе-теңдік жүйке процестері бірдей болған кезде ғана болады. Жүйке процестері тепе - теңдікте болатын адамдар теңдестірілген мінез-құлықпен сипатталады

Кестеде көрсетілген компоненттердің тіркесімі волейболшылардың бәсекелестік әрекеті процесінде эмоционалды және психикалық реттеудің ерекше маңыздылығын көрсетеді. Көрнекі қабылдау волейболшылардың ойын тұрақтылығын анықтайтын сияқты. Бұл фактордың оқшаулануы студенттердің ойындағы эмоционалды тепе-теңдігінің маңыздылығын көрсетеді.

Жоғары оқу орындарының оқытушылары студенттердің жалпы дамыту, жеткізу және арнайы жаттығуларды орындауы олардың денесіне оң физиологиялық әсер ететінін атап өтті. Осылайша, даму процесінде жүрек-қан тамырлары жиырылуының жиілігі артады, вестибулярлық аппараттың тұрақтылығы жақсарады, қуат көрсеткіші де белсенді артады.

Оқу - жаттығу сабағының соңына қарай студенттердің көру өрісі мен ой тереңдігінің ұлғаюы байқалады. Сондай-ақ қарқындылықтың, тұрақтылықтың және әсіресе назар аударудың жоғарылауы байқалады. Бұл студенттердің жалпы жұмыс қабілетінің өсуімен, жүйке процестерінің күші мен қозғалғыштығының артуымен тікелей байланысты[3].

Волейболға секіру, жүгіру, лақтыру, допты беру негізіндегі қозғалыстар тән. Бүгінгі таңда медицина, биология, әлеуметтану саласындағы ғалымдар волейболдың тұрақты ұйымдастырылған сабақтары барлық сезімдердің жұмысына айтарлықтай әсер ететінін анықтады. Олар белгілі бір анализаторларды, яғни сенсорлық ақпаратты қабылдауға және талдауға жауап беретін функционалды бірліктерді білдіреді. Бұл терминді И.П.Павлов енгізді. Волейболды реттеу ойыны тірек-қимыл жүйесіне оң әсер етеді, асқазан - ішек жолдары мен қан айналымы жүйесінің жұмысын жақсартады.

Волейбол ойнау барысында студенттер күш, ептілік, жылдамдық, батылдық, ұжымшылдық, сондай - ақ өзін тұлға ретінде жетілдіру және қалыптастыру үшін білім алушыларға қажетті басқа да көптеген қасиеттерді көрсетуге тамаша мүмкіндік бар қолайлы жағдайларда болады.

Ойынға тікелей қатыса отырып, студенттер оқу орнының қабырғасынан тыс болашақ өміріне қажетті студенттердің физикалық жетілу құралы ретінде қызмет ететін этикеталық әдістер мен әдістерді қолдануды үйренуі керек.

Волейбол техникасы жеке бұлшықет топтарын нығайтуға және олардың динамикалық күшін арттыруға тікелей ықпал ететін бірнеше секірулерді орындауды қамтиды. Ойынды тиімді жүргізуге қол жеткізу білек, шынтақ, иық буындарында,

сакральды-қоңырау буынында, сондай - ақ жамбас және білек буындарында жақсы қозғалғыштықпен мүмкін болады. Бірлескен қозғалысты дамыта отырып, студенттер денесінің физикалық қасиеттерін жақсартыды[2].

Волейбол тек тар мағынада ғана емес, спорт түрі ретінде де қабылдануы керек. Бұл сонымен қатар оқу бітіргеннен кейін болашақ мамандарды өндірістік жұмысқа дайындауда маңызды орын алатын ойын, олардың қызметі қаржылық еңбекпен, тұрақтылықпен және жоғары жауап жылдамдығымен байланысты болады.

Волейболда психологиялық дайындық маңызды. Волейболды басқа ойындардан алшақтату-бұл спорт түріне эмоционалды және интеллектуалдық жүктеменің жоғары деңгейі тән. Психологиялық ерекшеліктері ойын ережелеріне байланысты. Волейболға дайындық кезіндегі басты міндеттердің бірі-ерік-жігерді дамыту. Осы міндет орындайды мейді нировочные сабақ барысында оқушылар олардың танытады жаңа күш-жігерін, ойлау, үйлестіруді назар.

Осылайша, университетте дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыруда волейбол ойнау құралдары мен әдістерін қолдану студенттердің кәсіби маңызды қасиеттерін жетілдіруге ықпал етеді деп қорытынды жасауға болады.

Практикте жылдамдық-күш сапасын дамыту, жақсарту және арттыру мақсатында кестеде көрсетілген белгілі бір әдістер қолданылады. 2.

Кесте 2. Студенттердің жылдамдық-күш сапасын дамытуға және жетілдіруге ықпал ететін әдістер

Әдіс	Әдістің мәні
Практикалық емес жаттығулар әдісі	Студент жүктемені орындау кезінде оңтайлы салмақты дербес анықтайды, мысалы, бірнеше килограмм бар салмақпен отырып тұру. Сонымен, студенттер алдында ең жылдам қарқынмен жүктермен отыру және тұру міндеті тұр. Жаттығуды қайталауға болады, бірақ гир тасы немесе штанганың салмағын аздаптан ұлғайту керек екенін есте ұстаған жөн
Конъюгация әдісі	Бұл әдіс техникалық әдістерді немесе олардың бөліктерін орындау барысында секірудің дамуына ықпал етеді. Мұнда салмақты белдіктер орынды, олармен кері соққылар мен допты беру жүзеге асырылады
Дөңгелек жаттығу әдісі	Бұл әдіске қатысты жаттығулар негізгі бұлшықет топтарын қолдануға арналған: 1) допты ұру; 2) отыру қалпынан терең секіру; 3) секіргішті пайдаланып секіру; 4) жеңіл салмақпен жоғары секіру; 5) бір, сондай-ақ екі аяққа жоғары секіру

Волейболды дамытуға көмектесетін физикалық қасиеттердің келесі түрі-жылдамдық. Бұл жағдайда бұл студенттің қысқа уақыт ішінде мотор әрекеттерін орындау мүмкіндігі. Ең бастысы, әрекет ұзаққа созылмайды және студент оны орындағаннан кейін шаршамауы керек.

Барлық қол жетімді және белгілі физикалық қасиеттердің ішінде ептілік сияқты физикалық сапа аз зерттелген және қарастырылған. Волейболда ептілік жеткілікті болған студент жеңіл атлетикада болмауы мүмкін. Сонымен, сіз белгілі бір қимылдарды жақсы және жылдам орындай алатын, бірақ мүлдем басқа жаттығуларды орындау кезінде соңғылардың қатарына кіретін адамдармен бөлісесіз.

Ептіліктің үш дәрежесі бар: қозғалыс дәлдігі, жылдамдық дәлдігі, ауыспалы жағдайларда жылдамдық дәлдігі. Жасыратыны жоқ, волейбол ойнайтын студенттерге жоғарыда аталған барлық ептілік деңгейлерін игерген жөн. Физикалық қасиеттердің бұл түрін қалай дамытуға болады?

Ол үшін күрт өзгертін жағдайларға тез жауап беруді қажет ететін жаңалық элементтерін қамтитын кез-келген жаттығулар қолданылады.

Мақалада студенттердің жылдамдық-күш қасиеттері туралы айтылған жеке арнайы негізделген күшті атап кетуге болады. Бұлшықет жүйесін нығайтуды елемейтіндер волейбол ойнауға қажетті күшпен ерекшеленбеуі қисынды.

Студенттердің күш-қуатын дамыту әдістемесінің басты мәселесі-қарсылықтың түрін таңдау. Егер ауыр атлеттер күшті дамыту үшін белгілі бір уақыт ішінде ең көп салмақпен штанганы бірнеше рет көтеруді орындаса, онда бұл жаттығу волейболшыларға жарамайды, өйткені бұл олардың жаттығулардың дәлдігіне теріс әсер етеді.

Студенттердің физикалық сапасы ретінде төзімділік туралы айту мүмкін емес. Бұл термин студенттің белгілі бір ойын кезеңінде оның тиімділігін төмендетпестен ойын әрекетін орындау қабілетін білдіреді. Төзімділікті дамытуға бағытталған жаттығуларды өткізу жоғарғы тыныс алу аппаратының функционалдық мүмкіндіктерін арттырады, сондай-ақ жүрек-қанамыр жүйесінің функционалдық жүктемеге реакциясын жақсартуға жұмыс істейді.

Студенттерде шыдамдылықты дамыту әдістемесін толығымен анықтау үшін олардың ойын іс-әрекетінің сипатын және студент өзіне жүктейтін жүктемені ескерген жөн. Төзімділікті дамытудың ең тиімді әдістері аралық, ауыспалы, қайталанатын, ағынды әдістер болып табылады [3].

Жалпы алғанда, волейболды жоғары спорттық көрсеткіштерге қол жеткізуге ықпал ететін спорт түрі ретінде ғана емес, сонымен қатар кәсіби физикалық қасиеттердің көрінуімен, жоғары қарқындылығымен, тұрақтылығымен, жылдамдығымен және дәл ауысуымен сипатталатын адамдардың өндірістік жұмысына дайындық құралдарының бірі ретінде қарастыру қажет. Назар аудару, ден қоюдың жоғары жылдамдығы және бұлшықет күштерін қабылдаудың дәлдігі. Бұл волейбол университет студенттерінің физикалық қасиеттерін дамытатын құралдардың бірі екеніне күмән жоқ.

Әдебиеттер тізімі

1. Фурманов А.Г. Подготовка волейболистов. - Минск: МЕТ, 2007. – 329 б.
2. Тойжанов С., Қасымбекова С. Дене тәрбиесі. – Алматы: Атамұра, 2014. – 68 б.
3. Қасымбекова С. Волейбол. Әдістемелік құрал. – Алматы: Атамұра, 2016.– 46 б.

ӘОЖ 796.325

ВОЛЕЙБОЛ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ФИЗИЧЕСКИХ КАЧЕСТВ СТУДЕНТОВ УНИВЕРСИТЕТА

Алибеков А., Болат А., Собянин Ф. И.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация: Волейбол является важным средством физического воспитания студентов. Доказано, что использование специальных упражнений, направленных на развитие физических качеств, совершенствование технических и тактических приемов повышает интерес студентов к волейболу, способствует улучшению спортивного мастерства.

Ключевые слова: волейбол, физиологические компоненты, подвижность, скорость, техника игры.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ОҚУ - ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Гинаятова А.А.

Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. Мақалада мектепке дейінгі білім беру мекемесінің оқу-тәрбие үрдісіндегі заманауи инновациялық технологияларды зерттеуге арналған, педагогика мен менеджменттің жаңа ғылыми салалары ретінде балалармен педагогикалық жұмыстың озық формалары мен инновациялық білім беру менеджменті талданады.

Кілт сөздер: инновациялық технологиялар, мектепке дейінгі ұйымдар, балаларды дамыту, инновация, заманауи әдістемелер, мультимедиялық оқулықтар, интерактивті бағдарламалар.

Қазіргі уақытта жеке тұлғаның дамуына, оның дербестігіне бағытталған педагогикалық технологиялар оқу-тәрбие үрдісіне белсенді түрде енгізілуде.

Біздің елімізде мектепке дейінгі білім беру бүгінгі таңда жетілдірілуде, дамуда, баланы тәрбиелеу мен дамытуға қажетті жағдай туғызатын және ата-аналардың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыратын жаңа мүмкіндіктерді іздеуде. Мемлекет басшысының тапсырмалары мен ата - аналар қауымдастығының өтініштерін орындау мақсатында, бүгін Республикада біріншіден, барлық балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселесіне, екіншіден, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін, оның сапалы мазмұнын жаңарту мәселесіне ерекше назар аударылады.

Бүкіл білім беру жүйесінің тәрбие резерві мен негізі – мектеп жасына дейінгі балаларды дайындау. Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын сапалы жақсарту және балаларды мектепке дайындаудың заманауи білім беру стандарттарын енгізу үшін Білім және ғылым министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп балаларды ұйымдасқан мектепке дейінгі тәрбиемен, оның ішінде балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту жөнінде шаралар қабылдауда. Бұл көрсеткіштер бойынша Қазақстан дамыған елдердің деңгейіне жақындады (Шығыс Еуропада - 80%, Германияда - 92%, Ресейде - 62%).

Логиканың, математиканың, мәдениеттің дамуына, балалардың тілге қызығушылығына үлес қосатын модельдеу, дизайн-зерттеу, интеллектуалды-ойындық тәсіл негізінде құрылған интеллектуалды технологиялар бүгінгі таңда ерекше қызығушылық тудырады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу мектеп жасына дейінгі балаларға арналған оқыту және дамыту бағдарламалары бар интерактивті жабдықтарды, электрондық ресурстарды белсенді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл технологиялар логикалық, ойлау және сенсорлық қабілеттерді дамытуға ықпал ететін электронды мазмұн ресурстарымен дидактикалық үлестірмелерді үндестіреді. Жоғарыда аталған технологияларды қолдану нәтижесінде баланың келесі дағдылары қалыптасады: денсаулықты сақтау, танымдық-шығармашылық, коммуникативті-лингвистикалық және әлеуметтік, бұл мектепке дейінгі ұйымның интеллектуалды түлегін тәрбиелеуге мүмкіндік береді. АКТ технологияларын қолдану оқу бағдарламасын меңгеру және мектеп жасына дейінгі балалардың өмірін басқару үшін автоматтандырылған бақылау жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жаңғырту, білетіндей, кәсіби құзыретті педагогсыз шешілмейді. Қазіргі әлемде мұғалімге күрделі талаптар қойылады. Қазіргі ақпараттық кеңістік балабақшаның педагогикалық ұжымы мен ата - аналардың өзара

әрекеттесуінің тиімділігін арттыратын жаңа технологияларды ұсынады. Білім беру процесін жүзеге асыруға инновациялық көзқарас мақсатында балалардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін арттыратын, эмоционалдық - еріктік саласын дамытатын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа, заманауи технологиялары мен әдістері зерттелуде.

Көптеген мектепке дейінгі ұйымдарда интернет-сайттар ашылды, сабақтар онлайн режимінде жүргізілуде, бейнебақылау жүйесі орнатылды, онда ата-аналар баланың ұйымдастырылған оқу қызметін, ойындарға, мерекелерге қатысуын, мінез-құлқын, көңіл-күйі мен әл-ауқатын бақылай алады. Интернетте балабақшаның жеке сайтының болуы ата-аналарға мектепке дейінгі ұйым туралы, оның Жарғысы туралы, балабақша мен топтың өмірі, әртүрлі мамандардың жұмыс кестесі, іс-шаралар (мерекелер, ойын-сауық, спорттық жарыстар, оларды мазалайтын сұрақтар қою және т.б.).

Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық технологиялар көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға, ата-аналардың өсіп келе жатқан сұраныстарын қанағаттандыруға көмектеседі.

Қазіргі білім беру технологияларына мыналар жатады:

- денсаулық сақтау технологиялары;
- жобалық қызмет технологиясы;
- ғылыми-зерттеу қызметінің технологиялары;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- тұлғаға бағытталған технологиялар;
- ойын технологиялары.

Қазіргі кезеңде білім саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр.

Сондықтан мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр.

Жаңа заман баласы ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет.

Әрине, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуы педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Инновациялық технологиялар – заманауи әлеуметтік-мәдени жағдайда баланың тұлғалық дамуында динамикалық өзгерістер есебінен позитивті нәтижеге жетуге бағытталған тәрбиелеу құралдарының, оқыту тәсілдері мен әдістерінің жүйесі.

Инновациялық технологиялар педагогикалық іс-әрекет үдерісінде өзінің тиімділігін дәлелдеген білім берудің прогрессивті технологиялар мен стереотиптік элементтерін үйлестіреді. Оқу-әдістемелік кешен мазмұны білім беру жүйесін жаңғыртудың ақпараттық-құқықтық негіздеріне, мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласындағы мектеп жасына дейінгі балаларды 12-жылдық оқытуға көшуге дайындауға бағдарланған.

Жетекші халықаралық тәжірибе негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға білім берудің заманауи әдістерін ендіреді. «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жұмыстар табысты жүруде. Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру бағдарламаларымен қатар Монтессори технологиясы, Н.Зайцев, Ф.Фребель жүйесі бойынша Вальдорф педагогикасы (Штайнер әдістемесі) бойынша оқу материалдары қолданылады.

Модельдеу, жобалық-зерттеу, интеллектуалдық-ойын тәсілдері негізінде құрылған интеллектуалдық технологиялар айрықша қызығышулық тудырады. Олар интеллектуалды балаларды математикаға, мәдениетке, тілдерге, логикаға жан-жақты дамытуға бағытталған. Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру үдерісіне инновациялық технологияларды ендіру әрбір баланың интеллектуалдық сұраныстарын барынша тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Проблемалық оқыту технологиясы - баланы өз бетімен ізденуге үйрету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Яғни, балалардың белсенділігін арттыру, оқу материалына баланы қызықтыратындай мәселе тудыру, бала материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді, бала оқытуды өмірмен және еңбегімен байланыстырады.

Өздігінен даму технологиясы - бұл баланы жан-жақты дамыту, дербестікке тәрбиелеу, бала санасында нәрселер әлемі мен ойлау әрекетінің бірігуі. Мұнда оқыту бала дамуына сәйкес табиғи болуы керек, сонда ғана бала өзін дамыта алады. М. Монтесори педагогикасының түсіндіруінше баланың туғаннан азамат болғанға дейін барлық өмірі - оның еркіндігі мен дербестігінің дамуы болып табылады.

Бұл технологияның ерекшелігі оқытудың бірыңғай бағдарламасы болмайды, әркім табиғат берген даму жолымен жүреді. Балабақшада сабақ болмайды әр күн жалпы жиыннан басталады және жиыннан кейін әркім өз еркімен қалаған жұмысымен айналысады. Әр баланың іс-әрекеті өз еңбегіне орай үлкендердің басқа бала тарапынан бағаланады. Мұндағы басты мәселе бала өзін-өзі бағалайды.

Ынтымақтастық педагогикасы - педагогтың талап ету педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына көшуі. Балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің ажырамас бірлігі: тәрбиеші-бала, бала-тәрбиеші, бала-бала, яғни бала да, тәрбиеші де субъектілер болып табылады. Сонымен қатар, баланың жеке басына ізгілік қарым-қатынас, бала мен тәрбиеші арасындағы өзара түсінушілік, ынтымақтастық қарым-қатынас жасау.

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы - білім, білік, дағдыны меңгерту болып табылады. Әр баланы қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту, балалардың әр түрлі топ ерекшеліктеріне сәйкес оқытуды бейімдеу, ыңғайлау.

Модульдік оқыту технологиясы - оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесті ұйымдастыру, тәрбиешіге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру. Балалармен жүргізілетін жұмыстарда кездесетін қиыншылықтардың алдын алу және түзету жұмыстарының жүйесін құру.

Дамыта оқыту технологиясы - баланы оқыта отырып, дамыту. Бала бойында еркіндік, мақсаткерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік, т.б. қасиеттер дамыту.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып қолданыс табуда.

Осындай құралдардың бірі-мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс-әрекеттерін бастар алдында жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді.

Ал, мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланар еді.

Балабақша баласына мультимедиялық оқулықтар біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік алады. Мультимедиялық оқулықтар балабақшада балаларға арналған таптырмас құрал болып табылады.

Өйткені, балалардың зейіні әр түрлі әдемі түстерге, ойыншықтарға, әдемі суреттерге, әсемдікке әуес болады.

Мультимедиялық электронды оқулықтар бала үшін де, тәрбиеші үшін де күнде дамытылып отыратын анық түрдегі әдістемелік жүйе болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ақпараттық қатынастық технология құралдарын қолданудағы мақсаты — баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың оқу іс-әрекеттерге белсенді, білімінің сапалы болуына, жағымды мінез құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесіндегі ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі — оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Қазіргі таңда да елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру тәртібінен түспей отырғандығы мәлім. Қай заманда да өркениеттің дамуы интеллектуалдық шығармашылық қабілеттіліктің негізінде жасаған, әлі де солай болып келеді. Шығармашылық адам санасынының жасампаздығын және іс-әрекетінің биік белсенділігін көрсетеді. Адам қабілетінің дәрежесі, оның кәсіби іскерлік шеберлігі, бизнес пен кәсіпкерліктің нәтижелілігі, жаңалық ашуы тұлғаның шығармашылық ойлауына қатысты анықталады.

Қазіргі таңда дәстүрлі оқыту әдістемесінің заман талабына сай толық білім беруге, меңгеруге кепілдік бермейтіндігін мектеп тәжірибесі көрсетіп отыр. Сондықтан жаңартылған әдістемелік жүйенің оқыту процесінде іске асу үшін оны технологияландыру қажеттілігі туады.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру — жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігін жоғарлатуды көздейді.

Оқу процесінде компьютерлік технологияны қолдану ойды кеңейтуді іске асырып жаңа әдістің пайда болуына, оның ұйымдастыру түріне әкеледі. Білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып табылатын компьютер. Бүгінгі мектепке келіп жатқан техникалық жаңалықтардың ішіндегі айрықша орын алатыны — интерактивті тақталар — педагогтардың оқыту үрдісін көрнекі, анық етеді, сондай-ақ, кері байланысты сапалы жүзеге асырады.

Қорыта айтқанда, инновациялық технологиялар — заманауи әлеуметтік-мәдени жағдайда баланың тұлғалық дамуында динамикалық өзгерістер есебінен позитивті нәтижеге жетуге бағытталған тәрбиелеу құралдарының, оқыту тәсілдері мен әдістерінің жүйесі. Педагогикалық инновациялар тәрбие мен оқыту үдерісін өзгертуі немесе жетілдіруі мүмкін.

Инновациялық технологиялар педагогикалық іс-әрекет үдерісінде өзінің тиімділігін дәлелдеген білім берудің прогрессивті технологиялар мен стереотиптік элементтерін үйлестіреді. Оқу-әдістемелік кешен мазмұны білім беру жүйесін жаңғыртудың ақпараттық-құқықтық негіздеріне, мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласындағы мектеп жасына дейінгі балаларды 12-жылдық оқытуға көшуге дайындауға бағдарланған.

Модельдеу, жобалық-зерттеу, интеллектуалдық-ойын тәсілдері негізінде құрылған интеллектуалдық технологиялар айрықша қызығушылық тудырады. Олар интеллектуалды балаларды математикаға, мәдениетке, тілдерге, логикаға жан-жақты дамытуға бағытталған. Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру үдерісіне

инновациялық технологияларды ендіру әрбір баланың интеллектуалдық сұраныстарын барынша тиімді шешуге мүмкіндік береді.

XXI ғасырда білім берудің ұлттық жүйесін дамытудың негізгі бағыттары тәрбие мен оқытуда инновациялық қағидаттар мен тәсілдерді қолдану, білім беруді ғылыми және оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін тереңдету, материалдық-техникалық базаны жанарту және кеңейту, білім беру бағдарламалары мен қызметтерінің кең таңдауын қамтамасыз ету, білім беруді ақпараттандыру болып табылады

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2010ж.-7 желтоқсан №1118 жарлығы.
2. Ф. Жұмабекова, Мектепке дейінгі педагогика., Астана 2008. -[166- 169б].
3. Арапова-Пискарева Н.А. Современные воспитательные технологии. - М.: Мозаика-Синтез, 2003.
4. «Отбасы және балабақша» журналдары
5. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмыстарына заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын енгізу: әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2013. – 32 б.

УДК 373.2. 02

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ И ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

Гиниятова А.А.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация. Статья посвящена изучению современных инновационных технологий в учебно-воспитательном процессе дошкольного учебного заведения, анализируются передовые формы педагогической работы с детьми и инновационного образовательного менеджмента как новых научных отраслей педагогики и менеджмента.

Ключевые слова: инновационные технологии, дошкольные организации, развитие детей, инновация, современные методики, мультимедийные учебники, интерактивные программы.

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ВОЛЕЙБОЛ СПОРТ ТҮРІНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫН ДАМУ

Ғабитов А. Р., Тлебалиев А.А.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. Мақалада жоғарғы оқу орындарында волейбол спорт түрінің техникалық және арнайы психологиялық дайындығын дамыту үшін жасалатын жаттығулар жөнінде баяндалады. Жоғарғы оқу орындарындағы студенттердің арнайы психологиялық дайындығын қалыптастыру жолындағы тұрақты қалыптасқан жаттығулардың негізгі ерекшеліктері ашылады. Жоғарғы оқу орындарындағы студенттердің физикалық дайындықтарына арналған арнайы жаттығулар көрсетілген.

Кілт сөздер: физикалық, техникалық, моральдық, эстетикалық, теориялық, психологиялық, психодиагностика, тактикалық, ғылыми-әдістемелік, физикалық дайындықтарына.

Қазіргі таңда техникалық жоғарғы оқу орындарында дене шынықтырудан тыс жұмыс істейтін студенттік спорт клубтары қарқынды дамудың үстінде. Сондықтан спорт және негізгі міндеті дене тәрбиесі болып табылатын дене мәдениеті тұжырымдамаларын ажырату керек.

Дене шынықтыру немесе дене мәдениеті - қоғамның жалпы мәдениетінің бөлігі, денсаулықты қолдауға бағытталған әлеуметтік қызметтің бағыттарының бірі, адам денесінің қабілеттерін дамыту және әлеуметтік тәжірибенің қажеттіліктеріне сәйкес оларды пайдалану.

Спорт - бұл әлеуметтік маңызды нәтижелерге жеткізетін дене жаттығуларын қолдануға негізделген білім беру, ойнау, бәсекеге қабілетті қызмет болып табылады. Спорттың айрықша ерекшелігі - бұл жаттықтыру, ал спорттың басты мақсаты – жақсы нәтижелерге қол жеткізу. Алайда, бұған қоса басқа да маңызды әлеуметтік мақсаттарға жеткізіледі - олар: адам денсаулығын нығайту және физикалық жетілдіру, оның идеологиялық, ақыл-ой, моральдық, эстетикалық тәрбиесі. Сондай спорттық ойындардың бір түрі - волейбол спорт ойыны, өз өзектілігін жоғалтпайды, жастар арасында танымалдығы одан сайын арта түседі.

Волейбол - бұл командалық ойын, әр ойыншы өзінің қарсыласының іс-әрекетіне байланысы қозғалыс қимылдарын жасайды. Волейбол студенттерге теориялық ақпараттар алуына, тактиканың және техниканың негізгі әдістері мен тәсілдерін үйренуіне, өздерінің мүмкіншілігіне сәйкес жаттығуына, екі жақты ойын кезінде үйренген дағдыларын жетілдіруіне мүмкіндік береді.

Дене тәрбиесінде волейбол ойынының кең көлемде таралуы оның әр түрлі жаттығуларға ыңғайлылығымен, жастардың демалыстарын дұрыс ұйымдастыруымен, денсаулықты және дене тәрбиесін жетілдірудегі жан-жақтылығымен, ойын ережесінің қарапайымдылығымен, керекті құралдардың және алаңның күрделі еместігімен түсіндіріледі. Ойын жағдайы жаттығушыларды жалпы мақсатқа жету үшін өзінің ойын кезіндегі іс-қимылын ұжымының мақсатына бағындыруға, жағдайға байланысты өзінің бар мүмкіншілігімен әрекет етуге, спорттық сайыс кезінде қиындықты жеңе білуге, ойын барысындағы шиеленіскен жағдайда дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелейді. Бұлар студенттердің ұжымдық сезімін; тез зейін қоюы мен шапшаң ойлауын, шешім қабылдағыштығын және өзінше қимылдар жасай білу дағдысын қалыптастырады.

Техникалық жоғарғы оқу орындарында волейбол ойыны алдында тұрған міндеттер:

- a. Студенттердің денсаулығының деңгейін көтеру.
- b. Кейінірек студенттердің жоғарғы оқу орында білім алуды аяқтағаннан кейін олардың кәсіби жұмыста және өмірде қажет физикалық қасиеттердің қалыптастырып, болашақ мамандардың тиімді жұмыс істеуіне үлес қосу болып табылады.

Біздің университетте техникалық мамандықтарда оқитын инженерлердің және т.б кәсіптік маңызды физикалық қасиеттерін атап өтсек, олар: жоғары жұмыс өнімділігі және әлсіздікке, күйзеліске дем бермеу, күш-жігер, төзімділік, икемділік, мұқияттылық, шапшаң реакция жылдамдығы, жоғары концентрациясы және оның мұқият ауысуы, жақсы дамыған жады, әсіресе жедел, жоғары деңгейдегі мағлұматты қабылдау және дамыған байқампаздық, практикалық ойлау, күрделі шешімдерді жылдам қабылдау мүмкіндігі, қимыл-қозғалысты жоғары үйлестіруді қамтиды. Жоғарыда аталғандардың барлығы - бұл волейбол ойнау үшін қажетті талаптар болып табылады. Жалпы алғанда, волейбол спорт түрінде ғана емес, мамандықтары жоғары қарқындылықпен, тұрақтылықпен, шешім қабылдау мен ойлау шапшаңдығымен және дәлдікпен ерекшеленетін адамдардың мамандықтарына арналған оқыту құралдарының бірі ретінде қарастырылып келе жатыр.

Алайда, бүгінгі таңда техникалық жоғарғы оқу орындарында волейбол спорт ойыны жоғарғы дәрежедегі спортшыларды дайындау құралы ретінде дамуы мәселелерге тіреліп отыр.

Сондықтан, бұл жұмыстың мақсаты: жоғары оқу орындарында студенттік волейбол спорттық командаларды ұйымдастыру және дайындау, волейбол спорт ойынын дамыту үшін тиімді жағдайларды анықтау болып табылады.

Студенттік спорт түрі ретінде волейболды университеттерде дамытудың маңызы зор. Жақсы қалыптасқан тиісті инфрақұрылыммен жабдықталған спорттық ортада, сондай-ақ белсенді дене шынықтырумен айналысуға арналған ортада жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізе отырып, келесідей нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- ☐ Университеттің студенттік қауымдастығында үнемі студент-спортшылардың қатысуымен салауатты өмір салтын және волейбол ойнаудың танымалдылығын арттыру;
- ☐ Волейболдағы спорттық жетілдірудің кейінгі сатысында (17-18 жастағы) спорттық дарындарын анықтау және ұлттық құраманың резервіне дейін кәсіби деңгейге жеткізу;
- ☐ Жоғары білімді табысты біріктіруге қабілетті жастардың мансабын кеңейту;
- ☐ Спорттық мансапты аяқтағаннан кейін кәсіби деңгейдегі спортшылардың әлеуметтік бейімделуін жеңілдету.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді тиімді шешу үшін:

- a. тиісті логистикалық және кадрлық базаның болуы;
- b. Кәсіби волейболмен айналысу және таңдалған мамандық бойынша сабақтардың икемді кестесі, жоғары сапалы жатын орын және тамақтану жағдайларын қамтамасыз ету, сондай-ақ студент-спортшылардың өзіндік жұмысы үшін қажетті жағдайлармен оңтайландыру;
- c. академиялық жүктеменің ерекшеліктерін ескере отырып, спорттық іс-шаралардың ең қолайлы күнтізбесін әзірлеу
- d. студенттік жарыстарды әлеуметтік қана емес, сондай-ақ жергілікті және ұлттық маңызды оқиға ретінде тұту;
- e. командаларды қалыптастыруда ең үздігін таңдаудағы әділеттілік принципін негізге алу, спортшыларды іріктеудегі айқындылық және оларды насихаттау

Алдағы жылдары студенттердің жоғары деңгейдегі спорттық командалары Қазақстандағы ең жоғарғы деңгейдегі спортшылардың қатарын толтыра алады. Техникалық жоғарғы оқу орындарындағы студенттердің өз тәжірибелерін және шет елдердің ең табысты тәжірибесін ескере отырып, университеттің волейбол спорт ойыны жаңа, одан да жоғары даму деңгейіне жетуі мүмкін. Дегенмен, бұл үшін студенттік волейбол спорт секциясының жұмыс істеу шарттарын мен факторларын жақсарту қажет.

Арнайы психологиялық дайындық. Жарысқа қатысуға дайындайтын бұл арнайы дайындық жарыс болар алдындағы кезеңде спортшының спорттық күреске психикалық дайын күйге түсуіне бағытталған.

Психикалық дайындыққа батылдық, қайсарлық, ынталылық, табандылық, тәуекелшілік, ұстамдылық секілді жігер, қайрат дайындығы кіреді.

Психологиялық дайындық әр түрлі әдістермен іске асады.

Тиінақты жаттығу әдісіден тәрбиесі жаттығулары көмегімен спортшыларды жаттығуға керек психикалық күйге түсіру.

Психикалық реттеу жаттығуларының әдісі көңіл күйді көтеру, көңілдену, қиыншылықтарды жеңуге ойша дайындалу, тактикалық ойлауды дамыту, сыртқы қоршаған ортаны тез сезіну, келешек істелетін жұмыстарға дайындалу, жинақталу және т.б. әдіс-тәсілдер.

Идеомоторлық жаттығулар әдісі жаттығуларды ойша қайталау арқылы негізгі қимылдарға бар ықылас зейінін аудару. Спорттағы психодиагностика әдісі КБС (К-көңіл күйі, Б-белсенділік, С-сергектік) әдістемесі бойынша еске сақтау, ықылас, қозғалыс жылдамдығын, алаңдаушылық деңгейін, көңіл-күй көрсеткіштерінің өзгеру деңгейінің әр түрлі аспаптар, тәсілдер арқылы анықтау.

Теориялық дайындық әдісі – Спортшыларды дайындайтын заңдылықтарын, олардың әдістемелерін үйрену. Теориялық дайындықсыз дайындықтың басқа жақтарын іске асыру мүмкін емес. Спортшы, сонымен қатар, арнайы дәрістерді тыңдап, спорт туралы жазылған ғылыми-әдістемелік, көркем, тарихи әдебиеттерді оқып, кинофильмдер көріп білімін дамытып отырғаны жөн.

Спортшыны спорт түрінен дайындау жүйесінде теориялық дайындықтың маңызы ерекше спортшы теориялық ақпараттарды көп білген сайын, спорттағы жетістіктерге тезірек жоғарылайды. Теориялық білім спортшыға спорттық жетістіктерге жылдам жетуге ғана емес, күнделікті өмірде де, маңайындағы адамдарды салауатты өмір салтына насихаттауда да қажет болады.

Ойыншылардың техникo-тактикалық дайындықтарын жолдастық кездесулерде және Ресми жарыстарда бақыланады. Кейбір командаларда психологиялық жағдайын қазіргі кезде техникo-тактикалық дайындықтарын талдау үшін видео жабдықтар қолданылады. (видеокамералар және видеоманиталфондар). Халықаралық ресми кездесулерде ұлттық лигалық командалар деңгейінде видеоға түсіруден басқа, бекіту жүргізіледі (фиксация) және техникo-тактиканы өңдеу барысында компьютерлік бағдарламалардың көмегімен, ФИВБ-нің мамандарымен шығарылған және бекітілген жарыстағы талап. Бапкерлерге сұрастыру жүргізілгенде көрсетілген, волейболшыларға осындай бақылауды 90% командаларда жүргізіледі. Процесстің жүйелілігі туралы айтсақ, онда көрсеткіштер төмендейді, бар болғаны 37% командаларда. Ал, Қ.Р., жоғарғы лигалық командаларында үнемі және жүйелі түрде өз ойыншыларының техникo-тактикалық дайындықтарын тексереді.

Спорт шеберлерінде жеке дайындықтарын жүргізу барысындағы негізгі міндеті, әр ойыншының психологиялық, физикалық және техникo-тактикалық дайындығын қадағалау. Осы міндетті шешу үшін, волейболшылардың жеке бақылау дайындығын динамикалық ағымында жылдық жаттықтыру цикліне мүмкіндік туғызу керек. Спортшылардың күйін бақылауға, бапкер жаттықтыру үдерісін психологиялық тұрғыдан түзетуге және ойдағыдай басқара алады.

Зерттеу жұмыстары көрсетеді, Бақылау жүйесіз іске асады, волейболшылардың күйін, ғылыми-әдістемелік бақылау жұмысы жартылай жүргізіледі, әсіресе психологиялық параметрлері. Әлбетте, бұл жаттығу үдерісінің тиімділігінде шағылысады. Қорытындыны шығара, айтуға болады, спорт шеберлерінде жеке жаттықтырулардың кең тараған жұмыстары

жеке тапсырмалармен командалық жаттығулар (қолданудың жиілігі 42,3%)

топтық жаттығулар жеке тапсырмалармен бапкердің қатысуымен ілгеріде жүргізіледі (20,9%) бапкердің қатысуымен жеке жаттығулар (19,4%) бапкерсіз жеке жаттығулар (12,2%) бапкерсіз жеке тапсырмалармен топтық жаттығулар (5,2%). Жылдық жаттықтыру циклда ауыспалы кезеңде жеке дайындық жұмысы (әрдайым жаттығу үдерісінен 42,5% уақыт бөлінеді), дайындық кезеңінде 11,7% уақыт және жарыс кезеңінде-13,6%. Осы көрсеткіштер куәландырады, бапкерлердің шамадан тыс дайындық үдерісін бақылауымен әуестенеді, әсіресе дайындық және жарыс кезеңдерінде өз командасының волейболшыларының дербес жетілдірулеріне өте аз көңіл бөлінеді.

Дайындықтың түрлері: физикалық дайындықты жетілдіруге 22,9% уақыт бөлінеді, жеке техникалық дайындық жұмыстарына 28,3%, жеке тактикалық жұмыстарына 12,1%, жеке психологиялық дайындыққа 6,6%, сауалнама жүргізілген командаларда, ойыншылардың теориялық біліміне тек қана 49,3% көңіл бөледі. Осындай әзірлеуді қолдану барысында волейболшылардың жеке дайындық мүмкіндіктері толық ашылмайды, белгілі дәрежеге жетуге кедергі келтіреді, өзінің ойынын талдауға және ұғынуға, дағдысын дамытуға.

Әдетте, командаларда өз ойыншыларының жеке дайындығының деңгейін бақылау тұрақсыз іске асады, кейде жеткіліксіз сенімді әдістермен жүргізіледі. Алайда, бақылау жұмысы іске асса, алынған мағлұмат әрдайым бекітіліп тұрады. Осыған байланысты спортшылардың жеке дайындығын жүйелеу үшін және бақылауды жүзеге асыруға ұсынылған: «Волейболшының дайындығының модельдік және жеке көрсеткіштерінің тіркеу картасы». Оның ішіне тесттер, физикалық өлшемнің сынағы, функционалдық және техник-тактикалық көрсеткіштер енгізілген, өзін волейболда көп жылдық тәжірибесінде және бапкерлік қызметінде меншікті тәжірибесінде өзіне жақсы кепілдеме берді.

Қазақ елі тәуелсіздік алған алғашқы күндерінен бастап-ақ халықаралық олимпиадалық қозғалысқа белсене араласты, оның халықтар достығына бастаған идеалдарын қолдаумен келеді. Елімізде бүгінде 80-нен астам спорт түрлері бойынша спорттық федерациялар жұмыс істейді. Халықаралық спорт қауымдастықтары мойындаған олардың бірқатары әлемдік деңгейдегі ірі ұйымдармен бірлесе жұмыс істейді. Соның ішінде бірқатар мемлекеттермен жасалған спорт саласындағы әріптестік туралы келісімдер халықтар арасындағы достық пен өзара түсіністікті нығайтудың үлкен дәнекері деп білеміз. Және мұндай келісімдерді мүмкіндігінше көбейте түсуіміз керек.

Еліміздің спортшылары дүние жүзіндегі көптеген халықаралық сайыстарға қатысып, солардың жеңістерінің арқасында Қазақстан әлем халқына танымал бола түсті. Бұл, әрине, мемлекетіміздің беделінің артуына да зор ықпалын тигізіп отырғаны сөзсіз. Жаттықтыру кезеңінде волейболшылардың психологиялық, техникотактикалық, дене дайындығын және физикалық дайындықтарына бапкерлер аса көңіл бөлуге тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Груцьяк Н. Б. Волейбол в неспортивном вузе: тенденции развития. – Слобожанський науково-спортивний вісник. – 2015 №2 (46)
2. Калининцев, И. Г. Волейбол в университете : учеб.-метод. пособие / И. Г. Калининцев, С. А. Песчанова ; Владим. гос. ун-т им. А. Г. и Н. Г. Столетовых. – Владимир : Изд-во ВлГУ, 2017. – 136 с.

3. Орлова В.В., Халалеева О.Е. Студенческий спорт как фактор подготовки спортсменов высших достижений // СИСП. 2015. №3 (47). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/studencheskiy-sport-kak-faktor-podgotovki-sportsmenov-vysshih-dostizheniy> (дата обращения: 06.12.2018). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/studencheskiy-sport-kak-faktor-podgotovki-sportsmenov-vysshih-dostizheniy>
4. Платонова Н. И. Волейбол как средство развития физических качеств студентов вузов // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2016. – № 7 (июль). – 0,4 п. л.

УДК 373.2. 02

РАЗВИТИЕ ТЕХНИЧЕСКОЙ И СПЕЦИАЛЬНОЙ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ К ВИДУ СПОРТА ВОЛЕЙБОЛ В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ

Ғабитов А. Р., Тлебалиев А.А.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

***Аннотация.** В статье рассказывается о тренировках, которые проводятся в высших учебных заведениях для развития технической и специальной психологической подготовки к виду спорта волейбол. Раскрываются основные особенности устойчиво сформированных упражнений на пути формирования специальной психологической подготовки студентов в высших учебных заведениях. Показаны специальные упражнения для физической подготовки студентов высших учебных заведений.*

***Ключевые слова:** физическая, техническая, моральная, эстетическая, теоретическая, психологическая, психодиагностическая, тактическая, научно-методическая, физическая подготовка.*

ӘОЖ 796.8

СПОРТТЫҚ КҮРЕСТЕГІ ЖАЛПЫ ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨЛЕМІН ҰЛҒАЙТУДЫҢ ОРЫНДЫЛЫҒЫ

Жұмағалиев Ұ.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. Мақалада жатығушылардың жүргізілетін жатығулары мен туралы теориялық әдістемелері көрсетілген. Жекпе жектегі күрес - ең қиын түрлердің бірі, техникалық әрекеттердің үлкен жиынтығы болып табылады. Осы бағытта жүргізілген сауалнамалар нәтижесі де толықтай көрсетілген.

Кілт сөздер: күрес, балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, техникалық-тактикалық дайындық, спортшы, сауалнама.

Спорттық күрес бағдарламаларының мазмұнын талдау ең бастысы олар физикалық жағдайларға қол жеткізу және әртүрлі жалпы дамыту жаттығулары, бұл негізінен олардың мәтініне жұмсалатын материал. Бұл бағдарламаларды жазған адамдар көп деген ой еріксіз пайда болады спорттық күреспен емес, дене шынықтырумен таныс етеді.

Әдіснаманың қисықтығының жарқын мысалы-бұл БЖСМ мен ОРМБЖМ-ға бақылау және ауыстыру нормативтерін дене шынықтыру дайындығы. Әрине, бұл жағдайда әр көшбасшы мектепшілік ғимарат салады педагогикалық бақылау дәл осы қағида бойынша. Техникалық-тактикалық дайындық жаттықтырушының ар-ожданы мен дайындық деңгейіне беріледі, өйткені бағдарламада техника көлемі бойынша бақылау нормативтерінің мазмұны мүлдем жоқ және тактика.

Техникалық даярлық бойынша норматив разрядты анықтамай орындау болып табылады спорт түрлеріне қол жеткізілген нақты әдістердің мазмұны нәтижелері.

Осылайша, жаттықтырушының оқу жұмысын оның тақырыбына тексеріңіз нақты мазмұнның мүмкіндігі жоқ. Күрес әдістерін қарапайым көрсету бәсекелестік емес жағдайларда, әдетте, мазмұнды көрсетпейді бәсекеге қабілетті техникалық Арсенал.

Бәсекеге қабілетті техникалық Арсеналдың индикатор ретінде қалыптасуын бақылау жаттықтырушының кәсіби қызметі БЖСМ әлі күнге дейін жүргізілмейді. Әрине, бағдарламалардың мазмұны бағдар мен мазмұнға сәйкес келеді спорттық күрес бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттер. Айтарлықтай бөлігі спорттық күрес бойынша арнайы әдебиеттер балуандардың физикалық қасиеттерін жалпы физикалық және арнайы күш, жылдамдық пен шыдамдылықты дамытуға ықпал ететін жаттығулар.

Көптеген жұмыстар арнайы төзімділікті (жұмыс қабілеттілігін) дамытуға арналған)

балуандардың жылдамдық-күш, қабілет қасиеттерін жетілдіру. Сонымен қатар, балуанның арнайы төзімділігін зерттеу кезінде велоэргометрді қолдануға болады [4].

Спортшыда шыдамдылық дамыту және болашақ жеңімпазды әзірлеу, ол үлкен дайындықты талап етеді. Осыған байланысты көптеген жаттықтырушылар спорт секцияларында балаларды ерте іріктеу бойынша осындай ұсыныстарды қолданады.

Сондықтан балалар секциялар мен БЖСМ-ді тастап кеткен фактілер таңқаларлық емес. Бұған жаттықтырушылар мен тастап кеткен балалардың сауалнамалық сауалнамасы дәлел спорт секциялары [2; 6].

Физикалық нормативтерді балалар ағзасына ауыстыру үрдісі алаңдатады Ерте мамандандыру шарттары. Физикалық белсенділіктің ерте бағыты мәселесі спорттық жаттығуларға арналған жаттығулар өте көп жұмыстарды. Алайда, непосильность туралы мәселе көтерілетін бірқатар жұмыстар бар функционалды жүктемелер, әсіресе жас балуандар үшін. Күштік дайындықтың қайталылығы туралы зерделеу кезінде техника жазады О. П. Юшков, В. П. Сердюк, [3]. Техникалық-

тактикалық дайындықтың жарыс нәтижесіне шешуші әсерін В. М. Максимова атап өтті, В. А. Никуличев [3].

Біз жүргізген тренерлер сауалнамасы кезінде. Сұрақ: "балалардың қанша пайызы бірінші оқу жылынан кейін жекпе-жек секцияларында қалады ма?", орташаланған жауап – 26 %.

Сұрау кезінде балалардың бросивших секция жекпе-жек белгілі болғандай, секциялар болды себептер бойынша кетіп қалды:

спорт түрін таңдауда қателескен	24 %
жекпе-жектің түрін таңдауда қателескен	35 %
монотонды, қызықты емес	36%
тым күрделі жаттығулар	27%
жарыс жекпе-жегінен (жекпе-жектен) қорқу	42%
ауыр физикалық жүктемелер	98%
разрядтарын бермейді	53 %
аз күрес, күрес	61%
жекпе-жектің аз тәсілдері	72%
жекпе-жектен тыс тым көп жаттығулар	74%

Бұл сандар балалардың едәуір бөлігі секцияларға баратындығын көрсетеді өзі жүретін физикалық дамудың артында емес, білім беру компоненті білдіреді. Сонымен қатар, жаттықтырушылардың негізгі бөлігі қарқынды физикалық жаттығуларға бағытталған жүктеме, мұны, ең алдымен, қабылдау үшін не қажет екендігі туралы тезиспен дәлелдейді.

Спорттық жаттығуды кезең-кезеңмен өткізу идеясының авторлығына қарамастан

функционалды жүктемелерді көбейту арқылы Л. П. Матвеев қанықтыру тенденциясын сынайды жалпы физикалық жүктемелердің залдағы массалық көлемімен жаттығу процесін оқу үрдісінде - " әр түрлі құралдарды жаппай қолдану жаттығулар біз өтеуге тырысамыз олардың жеткіліксіз бағыттылығын, бұл әкеледі жаттығудың сандық компонентінің негізсіз өсуі оның зиянына әкеледі сапасы" [5].

Бұл тақырып бойынша Ю. В. Верхошанский айтқан [5,6] спорттық жаттығуды кезеңдеу теориясының сапасына күмән келтіру. Осыған орай осы ойлар, біздің ойымызша, функционалды дамудың сезімталдығы туралы ережелер болды [6].

Біздің ойымызша, жаттығуды периодтау теориясының ережелерін сынға алуға болады жеке және планетарлық биологиялық ырғақтардың факторларын қосыңыз. Балалармен жұмыс кезінде оның ережелерін орындау әсіресе қауіпті.

Баланың денесін бұзатын шамадан тыс физикалық белсенділік, әсіресе ерте кезең спорттың жалпы тенденциясы-бәсекелестікке байланысты. "Үлкен спорттағы бәсекелестік ... спорттық көрсеткіштердің өсуін ынталандырады, олардың көпшілігі адам мүмкіндіктерінің шегіне жақындап келеді " [7].

Көптеген жаттықтырушылардың жалпы физикалық жүктемелерге деген құштарлығын ақтауға болмайды, өйткені жарыстарда жалпы физикалық қасиеттер бағаланбайды, бірақ ерекше әрекеттер [7]. Спорттық күрес-ең қиын түрлердің бірі, техникалық әрекеттердің үлкен жиынтығы және белгісіздіктің үлкен дәрежесі бар алда болатын іс-қимылдар. Біздің еліміз дарынды адамдарға бай, бұл бірқатар мүмкіндік береді табиғи қасиеттерге байланысты үлкен спорттық жетістіктерге қол жеткізу жағдайлары. Бірақ оларға қол жеткізу кілемде толық күш-жігерді қажет етеді. Баландардың таңдаған спорттық жолында күрес әлдеқайда жеңіл және берік болар еді, егер олар жас кезінде техника негіздерін меңгерген болса [8].

Егер әсіресе балалар мен жасөспірімдерге, жаттығу жүктемелерін азайту туралы мәселе жоғары деңгейде қарастырылса, оң нәтижесін беретін еді.

Осылайша, бүгінгі күні жекпе-жекте, әсіресе спорттық күресте, дайындықтың басым түрі физикалық дайындық болып табылады, бұл функционалды жүйелердің

жүйелі жүктелуіне әкеледі. Алайда, қалыптасқан экологиялық жағдайлар әсіресе "денеге кедергі жасамаңыз" принципін сақтау керек (сөздерді дәрігерлік ант: не вреди), туындамаса бұлжымас талабы педагог, тәрбиеші, жаттықтырушы.

Барлық осы факторлар концептуалды мәнге ие, өйткені олар жалпы функционалдық резервтерді асыра пайдалану үрдісі және соның салдарынан спорттық күреспен айналысатындар контингентін қысқарту, оларды қысқарту спорттық ұзақ өмір.

Балалық шақтағы тәрбие мен оқытудың зорлық-зомбылық саясатының нәтижелері

пайда болуы мүмкін: иммундық қорғаныс органдарының мерзімінен бұрын тозуы, бұл бірқатар аурулардың "жасаруына" әкеледі; күшейтілген жүктелген органдардың өсуін белсендіру шектестердің өсуі мен дамуының кешігуі, үйлесімсіз құбылыстарға әкеледі организмнің даму акселерациясы [8,9].

В. И. Лях [7] сонымен қатар көлемдердің өсуіне дұрыс бағдарланбағанын атап өтті

балалардың бейімділігін ескермей және қозғалыс іскерлігі.

Қабілеттер мен қабілеттердің орташа деңгейі кедергі болмауы керек БЖСМ-ге қабылдау үшін. Өйткені, адамның дарындылығы тек қана іс-әрекет және оның бейімділігі бар қызмет түріндегі артықшылығы және [9].

Циклдік және жылдамдық-күштік түрлерінде техникалық мазмұны шектеулі бейімділіктер мен қабілеттер қазірдің өзінде анықталған дайындықтың ерте кезеңдері және тіпті жалдау кезінде.

Әрине, таңдалған түрдің техникалық және тактикалық көрінісі неғұрлым күрделі спорт, күрделі техникалық-тактикалық игерудің "жасырын" кезеңі соғұрлым ұзақ болады

қажетті нақты қабілеттердің материалдары мен көріністері.

Жас спортшыларды іздеудің негізгі жолы-балалар мен жасөспірімдердің көп болуы үшін жаттығуды ұйымдастыру. Мұндай бастапқы теориялық алғышарттар шектемейтін іріктеудің бірінші сатысында талаптардың жаңа деңгейлерін анықтайды. Сол бағытта

БЖСМ физикалық мүмкіндіктері орташа балаларды қабылдау[9].

Әдебиеттер тізімі:

1. Балсевич В.К. Адамның физикалық белсенділігі / Балсевич В.К., Запорожанов В.А. - Киев: Здоров'я, 1987. – 221 б.

2. Верхошанский Ю.В. Спорттық жаттығудың ғылыми теориясы мен әдіснамасы жолында / Ю. В. Верхошанский // Дене шынықтыру теориясы мен практикасы. – 1997. – № 2. –21-26, 39-42 б.

3. Гужаловский А.А. Физикалық (қозғалыс) қасиеттердің даму кезеңдері және проблема

мектеп жасындағы балалардың дене шынықтыруын оңтайландыру: реферат. дис. ... доктор пед. ғылым / Гужаловский А.А. – М., 1979. – 23 б.

4. Дахновский, В. С. арнайы жұмысқа қабілеттілікті Велоэргометриялық тестілеу

дзюдошылар / В.С. Дахновский, Г. А. Венглярский // Спорттық күрес : Ежегодник. – М., 1982. –59-61 б.

5. Колмановский А.А. Жас жігіттерді даярлаудың кейбір мәселелері / Колмановский А.А. // Спорттық күресте жетілдіру жолдары. – М.: Дене шынықтыру және спорт, 1963. –66 б.

6. Кузнецов А.С. Грек-рим стиліндегі балуандардың негізгі техникалық дайындығын оңтайландыру : дис.... канд. пед. ғылым докторы / Кузнецов А.С. - Краснодар: КГАФК, 1995. – 131 б.

7. Ля В.И. Мектеп жасындағы балалардың үйлестіру қабілеттерін дамытудың сезімтал кезеңдері / В.И. Ля // дене шынықтыру теориясы мен практикасы. – 1990. – № 3. – 15-18б.

8. Максимова В.М. Жоғары дәрежелі спортшыларды даярлаудың жылдық цикліндегі жүктемелерді жоспарлау / Максимова В.М., Никуличев В.А. // спорттық күрес: жыл сайын. – М., 1983. 13-14 б.

УДК 796.8

ОБЩАЯ ФИЗИЧЕСКАЯ ПОДГОТОВКА В СПОРТИВНОЙ БОРЬБЕ

Жумағалиев У.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

***Аннотация.** Борьба в единоборствах – один из самых сложных видов, представляющий собой огромный набор технических действий. В статье изложены теоретические методики проведения занятий в тренировочном процессе. Результаты анкетирования, проведенного в данном направлении, также полностью отражены в данной статье.*

***Ключевые слова:** борьба, детско-юношеская спортивная школа, технико-тактическая подготовка, спортсмен, опрос.*

ӘОЖ 9 (574)

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БОЛМЫСЫ

Курманалина Ж.Б., Балыкова А.М.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. Қазіргі қазақтардың ата-бабалары көшпелі өмір салтының классикалық түрін ұстанды. Номадтарда көшу мүмкіндігі әрқашанда аман-есендік белгісі саналған. Сақ, Ғұн дәуірлерінен, тіпті одан да арғы дәуірлерден басталған көшпелілік - ол дәстүр, өмір сүру дағдысы, өркениет. Мақалада тарих қойнауына кеткен осы үрдістің әлемдік өркениетке қосқан үлесі ұлттық тарихи таным тұрғысынан зерделенеді.

Кілт сөздер: қазақ қоғамы, көшпелілік, қыстау, көктеу, жайлау, күзеу, мал шаруашылығы, отырықшылық, дәстүр, аңшылық, халық кәсіпшілігі, өркениет, ұлы дала.

Қазақтардың негізгі шаруашылығы мал шаруашылығы болды. Қазақтардың басты байлығы болған мал оларды тамақ өнімдерімен, киім-кешек және тұрғын үй материалымен қамтамасыз етіп отырды, сондай-ақ көлік қызметін де атқарды. Ол сонымен бірге оларға көрші халықтармен ең қажетті заттарды айырбастап алатын қаражат көзі болды. Көшпелілер өмірінде малдың маңыздылығын Ш.Ш.Уәлихановтай мейлінше дәл көрсету мүмкін емес, ол былай деп жазды: «Дала көшпелісін ішіп-жегізетін де, киіндіретін де мал, ол үшін өз тыныштығынан малының аман болғаны қымбат. Жұртқа мәлім, қырғыздар бір-бірімен амандасқанда: «мал-жаның аман ба?» деген сөздермен бастайды [1, 217 б.]. Отбасының мал жайын алдын-ала сұрастыруы көшпелілер өмірінде малдың қаншалықты маңызы бар екендігін көрсетеді».

Қазақтар негізінен қой, жылқы және түйе өсірген. Қазақтардың шаруашылығында ірі қара болмашы орын алған, өйткені ол жыл бойы бағуға, әсіресе қыс кезінде қар астынан тебіндеп жайылуға нашар бейімделген. Бұл орайда қазақтарда шаруашылық жөнінен қой жетекші орын алады. Шайбани ханның айтуынша, қой малы Қыпшақ даласы көшпелілерінің басты байлығы саналды. Қойдың еті мен сүті тамақ болды, терісі мен жүні киім-кешек, аяқ киім, ыдыс және шаруашылыққа қажетті басқа да көптеген заттар жасауға жұмсалды. Қойдың майы мен хош иісті шөп күлімен қазақтар сабын дайындаған, оның түсі қошқылтым болып, киім-кешектен қандай да болсын дақтарды жойып жіберетін болған.

Көз көргендердің айтуынша, далалық жерлердегі қыпшақ қойлары төзімділігімен, ірілігімен және еттілік-сүттілік жағынан жақсы қасиеттерімен ерекшеленген. Мәселен, Танада бірнеше жыл тұрған XV ғасырдағы Венеция көпесі И. Барбаро дештілік көшпелілер өсіретін малдың негізгі түрлері туралы былай деп жазған: «Бұл халық өсіретін жануарлардың төртінші түрі-сирағы ұзын, сабалақ жүнді аса ірі қой, олардың кейбіреулерінің құйрықтарының әрқайсысы он екі қадаққа дейін салмақ тартады. Мен донғалақ байланып, оған құйрығы артылған сондай қойларды көрдім. Татарлар сол құйрық майын тамаққа қатық етеді, етпен қосып турайдды, құйрық майдың дәмділігі сондай ауызға салсаң, еріп кетеді» [2, 91 б.].

XVI ғасырдың орта шенінде Арал өңірінің далалық кеңістігінде болған ағылшын

А. Дженкинсон де ондағы қойлардың ірі, құйрықтары үлкен, салмағы 60-80 қадақ болатынын атап өткен. Жазбаша деректемелерде Қыпшақ даласының көшпелілерінде «қойдың көп» екендігі үнемі аталып өтіледі. Дегенмен де ұсақ малды жайылымда бағып, күзететін адамдар саны өте аз болған. Қой бағушыларды көрсету үшін орта

ғасырлардағы мұсылман авторлары әдетте шупан немесе шобан деген парсы-түрік сөзін қолданды (қазақтарда неғұрлым көп қолданылатыны қойшы деген сөз). Қой бағушылардың негізгі құрамын тұтқындар, жетім балалар құраған. Қой бағушылар көшпелі қоғамда дәстүр бойынша ең төменгі әлеуметтік топтар құраған. Көшпелі өмірінде жылқы ерекше орын атқарды. Көшпелілер жылқыны салт мініп жүру және күш көлігі үшін пайдаланып қана қойған жоқ, оны олар тамақ та, киім де етті. Бірде-бір той ат жарысынсыз өткен емес; қолы бос кезінде дала тұрғындары құйрық-жалы жер сүзген әдемі айғырларға еріп жөңкілген емін еркін жылқы үйірлерін көзге сүйініш еткен. Бұл жағынан Мұхаммед Хайдар Дуғлаттың қазақ ханы Қасымның аузынан есіткен мына сөздері ерекше көңіл бөлерлік: «Біз-дала тұрғындарымыз; бізде сирек кездесетін қымбат бұйымдар да, товарларда жоқ,-дейді ол моғолдардың басшысы Сұлтан Саидқа,-біздің басты байлығымыз жылқы; оның еті мен терісі біз үшін ең жақсы ас әрі киім, ал біздің ең сүйікті сусынымыз да соның сүтінен дайындалады, біздің жерімізде бау-бақ та, ғимараттар да жоқ; біздің көңіл көтеретін жеріміз - мал жайылымы мен үйірлі жылқы, сондықтан біз аттарды қызықтау үшін жылқы үйірлеріне барамыз» [3, 79 б.].

Дала жылқысы мейлінше төзімділігімен, күй талғамайтын қасиетімен ерекшеленеді және қар мен мұз астынан тебіндеп жыл бойы жайылудың қатаң жағдайларына біршама оңай көндігеді. И. Барбароның айтуынша, Дешті жылқысы аласа, қарынды және күй талғамайтын көнбістігімен дала тұрғындарының өсіретін негізгі малы болған.

Көшпелі мал шаруашылығына жылқыны үйірімен бағу тән болған. Үйірдегі мал жылқы деп аталады, ал аттың айырмашылығы салт мінетін, жүк артатын және жалпы ат болып табылады. Биелер үйір-үйір болып бөлінеді. Айғыр үйірді топтастырып, оларды шашау шығармай үйіріп жүреді. Егер әлдебір байтал бөлініп шығып, басқа айғырмен табысса, бұрынғы айғыр оны енді өз үйірінің маңына жолатпайды. Бірнеше үйір (әдетте үш үйір, яғни үш айғыр мен 40-50 байтал) жылқы табынын құрайды. Жылқының бірнеше табынын айдаған кезде үлкен табын құралады. 40-50 жылқыдан тұратын әрбір шағын табынға бір жылқышы бөлінеді. Жазбаша деректемелерге қарағанда, жылқы бағушылар түрліше атап айтқанда: келебан, ұлақшы, йамшы деп аталған; қазіргі қазақ тілінде үйірлі жылқы бағушылар жылқышы деп аталған.

Қой, жылқы, түйемен қатар қазақтар ірі қара және ешкі өсірумен де айналысқан. Бірақ бұл жануарларды өсірудің қазақтар шаруашылығында маңызы мейлінше төмен болды.

Мал жекеше отбасылық меншігі саналды. Оның есесіне жайылымды көшпелі қоғамның барлық еркін мүшелері қауымдасып пайдаланды. Алайда өріс аумағын қауым болып пайдалану ұлыс халқын құрайтын рулар мен тайпалардың жайылымдарды ұрпақтан-ұрпаққа ауыстырып иелену ғұрпын бұзбады, ал ұлыс сұлтаны өз халқымен бірге белгілі бір жерде, байырғы жұртында, хандық аумағындағы жерді иеленіп, сонда қоныстанды. Малы барлар ғана көшіп жүретін де, малы жоққа тән кедейлер көшуден бас тартып, әдетте өзен жағаларында жыл бойы отыратын еді. Бүкіл өріс аумағы маусымдық жайылымдардың төрт үлгісіне: қысқы (қыстау), көктемгі (көктеу), жазғы (жайлау) және күзгі (күзеу) жайылымдарға бөлінді. Сөйтіп Қыпшақ даласының тұрғындары, оларды ғылымдағы кейбір кісілердің санағанындай, шүйгін шөп пен су іздеп, бір жерден екінші жерге өз табындары мен отарларының соңынан жыл бойы енжар еніп жүретін кезбе-қаңғыбастар болмаған. Шынын айтқанда, қазіргі қазақ даласының сол кездегі тұрғындары жартылай көшпелі салтымен өмір сүрген: олар ғасырлар бойы қалыптасқан мал шаруашылығы мәдениетін сақтай отырып, белгілі жайлаудан өздеріне таныс қыстауға көшіп баратын малшылар еді.

Қыстаулар үшін жер көбінесе өзен маңайынан таңдап алынатын. Мұны негізінен өзендердің жағаларында қамыс пен бұталардың қалың өсетінімен, қатал қыс кезінде олардың малға азық, қарлы борандар мен борасындарда ықтасын, оның үстіне

көшпелілерге отын болуымен түсіндіруге болады. Өзен жағалаулары жайылымдарға неғұрлым бай болса, оның бойында көшпелілер соғұрлым көп орналасады. Ибн Рузбиханның мәліметтеріне қарағанда, кейбір өзендерге көшпелілер ерекше құмар болған. Қазақтарға орта және төменгі ағысының аңғары мен бойы қысқы жайылымдарға ерекше бай Сырдария сондай өзен еді [4, 101 б.].

Қысты күні көшпелі қазақтар әрбір қыстаудың маңайында мал жаятын өріс алқабы жеткілікті дәрежеде мол болуы үшін мүмкіндігінше кеңірек жайғасатын. Қыпшақ көшпелілерінің қысқы тұрақтары алуан түрлі болған. Бірақ әдетте бұлар аздап тереңделіп қазылған шұңқырларға орнатылған.

Көшпелілер өздерін қыс кезінде азық-түлікпен жабдықтау үшін жылына бір рет желтоқсан айында соғым сойған. Соғым сойылған күндері қысқы ойын-сауықтар, тойлар өткізілетін және бір-бірін қонаққа шақыратын мерекелі-думанды күндер саналған. Шаруашылық үшін және көшпелілер үшін ең мазасыз айлар - қаңтар мен ақпан келеді: малдың қоңы тайып, әлсірейді, күтімді көбірек керек етеді.

Көшпелілер әрқашанда қуанышпен қарсы алатын көктем келгенде қазақтар көктемгі жайылымға шығатын. Қысқы тұрақтардан ерекшелігі-мұнда киіз үйлер көбінесе қыраттар мен биік жерлерге тігілетін; бүкіл жарық күнді көшпелілер үйлерден тыс, ашық аспан астында өткізетін; мұнда қыста жүдеген мал қоң алып, қой, бие, інгендер төлдейді. Қойдың жабағысы қыркылып, түйе жүнделеді, екі-үш жасар тай-құнажынар күзеледі.

Күз келісімен малшылар күзгі жайылымдарға көшіп баратын, олар көп жағдайда көктемгі жайылымдарына сәйкес келетін. Күзгі жайылымдарда отырғанда көшпелілер әдетте алыс көршілеріне ауық-ауық шапқыншылықтар да жасап отырды. Күзде халық жиналыстары өткізіліп, оларда ел үшін маңызды істер шешілген.

Қыстаулар мен маусымдық көшіп жүретін жерлердің арасындағы қашықтық жүздеген шақырымға жетіп, бірнеше ай көшіп-қонатын болған. Жолдың осынша ұзақ болуы Дешті Қыпшақ тұрғындары тұрмысының кейбір ерекшеліктерін де айқындаған; бұл ерекшеліктер, атап айтқанда, сол кезде тұтас ұлыстар көшуінде, яғни даламен бір мезгілде он және жүз мыңдаған адамдар мен жануарлар баяу қозғалып отыруында болып табылады.

Дешті Қыпшақтың көшпелі халқы тұрмысының тағы бір ерекшелігі мынада: олардың көшкенде үйлерін арбаға орнатылған күйінде бірге алып жүруі болып табылады. Олардың арбалары екі түрлі: екі доңғалақты арба және үлкен төрт доңғалақты ырдуан арба болған. Арбалардың ауырлығына немесе жеңілдігіне қарай оларға аттар, өгіздер және түйелер жегілген. Арбалардың сүйегі мен доңғалақтары әдетте қайыңнан жасалған. Ал арбаны құрастыру жазда жүргізілген.

Дешті Қыпшақтың көшпелілері арасында негізгі тұрғын үй мен көлік түрі ретіндегі арба-үйлер XVII ғасырда жойылып кеткен, Қыпшақ тұрғындарының арба үйлерді пайдалануы туралы уақыты жағынан мәлім соңғы хабарлар XVII ғасырдың бас кезіне жатады, ал неғұрлым кейінгі деректемелерде қос доңғалақты арбалар ғана айтылады және кейде көлемі жөнінен үлкен болғанымен де, жиналмалы киіз үйлер мен алып жүретін үйшіктер ғана суреттеледі. Арбалы үйлермен көшіп жүруден жиналмалы киіз үйлерге жаппай ауысу Дешті Қыпшақтың көшпелі халқының тұрмысында үлкен өзгеріс болды және бұл өзгерістердің себептерін тарихи дамудың әлеуметтік-экономикалық барысынан іздестіру керек деп санауға болады. Көшпелі шаруашылық жағдайындағы экономикалық құлдырауды ең алдымен жайылымның тарылып, мал санының азаюы туғызуы мүмкін. Қазақ тарихындағы осы кезең, XVII ғасыр жайылымдық жерлер үшін ойраттармен кескілескен күреске толы болды.

Деректемелердің кейбір хабарларынан қазақтардың егіншілікпен шұғылданғаны байқалады. Қазақ хандығының аумағының түрлі аудандарында егіншіліктің дамуы мейлінше әрқелкі болды, аудандардың басым көпшілігінде егін шаруашылығы төменгі дәрежеде болды немесе мүлде болмады. Алайда кейбір аудандарда егіншілік зор

шаруашылық маңызға ие болды, бұл ең алдымен қазақ билеушілері жерінің ежелден егіншілікпен айналысқан ошақтары, атап айтқанда, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанға қатысты еді.

Қазақтар негізінен тары өсірді. Дешті Қыпшақ көшпелілерінің шаруашылығында бұл дақылдың дәстүрлі екенін орта ғасырлардағы көптеген авторлар дәлелдейді. Әл-Омари былай деп жазған: « Оларда егіс аз, бәрінен де азы бидай мен арпа, ал бұршақ мүлде табылмайды. Оларда көбінесе тары егіледі, олар соны тамақ етеді».

Көшпелілер егіншілікке барлық жерде экономикалық қажеттіліктің қысымымен көшіп отырды және отырықшылыққа ең алдымен көшуге мүмкіндігі жоқ кедейлер көшкен. Өз малынан айырылған отырықшы малшыларды көрсету үшін деректемелерде түріктің «жатақ» немесе «отырық» деген сөздері де қолданылады. Бұл орайда кедейленген көшпелілер қажетті мөлшерде мал жинап алысымен бірінші мүмкіндік туғанда-ақ амалсыздан «жер жыртуды» оп-оңай тастап кетіп, өздеріне дағдылы мал шаруашылығына құлшына кірісетіні назар аударарлық. Номадтарда көшу мүмкіндігі әрқашанда аман-есендік белгісі саналған.

Дешті Қыпшақтың алуан түрлі жануарлар дүниесі бар кең-байтақ кеңістігі көшпелілерге жеке дара және ұжым болып аңшылық етуге зор мүмкіндік береді. Орта ғасырлардағы бұл елді жақсы білген авторлар дештілік көшпелілердің «көбінесе садақпен тамаша аң аулайтынын білетінін» атап өткен. Ибн Рузбихан да «Түркістан елдерінің қуаныш-шаттығын суреттеу» бөлімінде бұл туралы былай деп жазады: «Сол көп нұр жауған елдің бүкіл шөл даласы жабайы аңдарға толы. Сол далада шөбі шүйгін жайылымдары мол болуынан киіктер семіз сиыр сияқты жүгіре алмайды, ал сол өңірдің аңшысы аң қуғанда аты аңға зорықпай жетеді. Мәлімет беруші сенім көрсетуге лайықты көптеген сенімді адамдар сол жерлерде. Сол өңірдегі біреудің үйіне құрметті мейман қонаққа келгенде, үй иесі оған деген меймандостық пен сый көрсетуді сақтау ережелерін бұлжытпай орындаған. Бұл Түркістан тұрғындарының әдет-ғұрпы болып табылады. Керек болса, егер ет қажет болса үй иесі иығына бірнеше жебесі бар үлкен садақты дереу асынып алып, мейманына кешкі ас дайындау үшін аң аулауға шығады деген лақап айтқан. Ол далаға аттанып, өнерлі бас бармағымен семіз құланды бірден-ақ өзінің аңшылық жебесінің нысанасына ала алады. Оның майы мен етінен мейманын сыйлау үшін лайықты түрде мүмкін болған тамақты дайындайды, аңшы үйіне қанжығысын жабайы құсқа толтырып оралған». Сонда кең далада қарақұйрықтар топ-топ болып жайылып жүретіні көшпелілердің соларды аулайтыны айтылады.

Аң аулаудың бірнеше түрлері болған: құс салған, иттер қосып және қаумалап аулаған және т.б. Қыран құстардан қаршыға, бүркіт, сұңқар, лашын т.б. пайдаланылған. Қыран құстармен аң аулау Қазақстанда XX ғасырдың басына дейін кең тараған. Киіктер келіп су ішетін жерге аңшылар қамыстан жартылай дөңгелете қоршау жасаған, қамысты олардың өткір үш жағы қоршаудың ішкі жағына шығып тұратындай етіп шанышқан.

Дешті Қыпшақ көшпелілерінде аң аулау, алайда, дербес кәсіп болмаған, қайта мал шаруашылығына көмекші кәсіп болған, дегенмен де дала тұрғындарының өзіндік шаруашылығында, сірә оның маңызы аз болмаса керек. Сонымен бірге аң аулау кейде әскери айла-шарғы мақсатымен де пайдаланылған.

Қазақтардың шаруашылығында әр түрлі қолөнер мен үй кәсіпшіліктері елеулі орын алды, олардың көпшілігі мар шаруашылығы өнімдерін өндеумен байланысты еді. Қазақтар ежелден тері өңдеп, киіз басуды, оларды түрлі түске бояуды білген, олар теріге, металға және тағы басқа материалға батыру арқылы өрнектеуді, құрап-жамау арқылы және кестелеп тігу тәсілін шебер меңгерген. Ибн Рузбиханның мағлұматына қарағанда, қазақтар «таңғажайып өрнек салынған түрлі-түсті текеметтер және өте әдемі әрі көркем, оймышты белдіктер жасаған» [5, 87 б.]. Киіз басу, тері илеу, былғары жасау, теріден бұйымдар тігу және т.б. сияқты еңбекті көп керек ететін және денеге

салмақ түсіретін ауыр жұмыстарды көшпелі қоғамда түгелдей әйелдер атқарды. Сонымен бірге әйелдер қой мен ешкі бақты, киіз үйлерді тігіп, жығып отырды, мал сауумен, мал өнімдерінен тамақ дайындаумен және басқа да үй істерімен айналысты: жас балаларды бағып-күту де әйелдердің мойынында болды. Қысқасы, көшпелілерде шаруашылық қызметке әйелдердің қатысу үлесі еркектердің еңбек үлесінен едәуір асып түсетін еді. Алайда, жоғары айтылғандар, әрине, тұрмыста еркектер мүлде ешнәрсе істемеген дегенді білдірмейді. Көшпелі қоғамның еркін еркектері қару-жарақ заттарын, ат әбзелдерін, ер-тұрман, арбалар дайындады, үй салды, өздері үшін де, әйелдері үшін де етіктер тікті, аң мен құс аулады. Еркектердің ең басты міндеті отбасы мен мүлкін қорғау және соғыс қимылдарына қатысу.

Қазақ халқының тіршілікті қамтамасыз ету үшін мәдениеті көп жағынан халық кәсіпшілігі мен қолөнер арқылы анықталып келеді. Кез келген өндіруші шаруашылық, мал шаруашылығы немесе егіншілік өз қолөнер кәсіпшілігінің бұйымдарынсыз даму мүмкін емес: мал шаруашылығы үшін ер-тұрман, ат әбзелдері, малды ұстайтын, байлайтын жабдықтар мен т.б. егіншілік үшін жерді жыртатын және тырмалайтын, астықты жинайтын және өңдейтін құралдармен т.б. қажет. Сондықтан қазақтар арасында әртүрлі салалар бойынша мамандар: ағаш өңдеушілер, темір ұсталары, тері илеушілер, тас қалаушылар және т.б. болған.

Үй кәсіпшілігіне келетін болсақ, ол қоғамның әрбір отбасын өзінің тіршілігіне қажетті заттармен белгілі бір дәрежеде қамтамасыз етіп отырды: бұлар-тұрғын үйдің ішкі жасауының бұйымдары, ол үйдегі өндірістің едәуір бөлігін құраған, сондай-ақ әр алуан киім түрлері.

Үй кәсіпшілігі сәндік қолданбалы өнермен тығыз байланысты болды, әрбір зат дерлік өзінің тікелей мақсатымен қоса өрнектеліп, безендіріліп отырды. Тұрмыс заттарын жасау шыдамдылықты және дамыған эстетикалық талғамды керек етеді, ал бұл қасиеттер ежелден қыз-келіншектер қауымының еншісіне тиген. Сондықтан қазақтардың үй кәсіпшіліктерімен негізінен әйелдер шұғылданады.

Қазақтардың халықтық кәсіпшілігі мен қолөнерлерінің өз ерекшеліктері болды және олар халықтың шаруашылық қызметі мен тұрмыс салтының нәтижесінде қалыптасты. Халықтың басты бөлігі мал шаруашылығымен айналысты, оның негізінде жайылымды маусым сайын алмастырып отыру принципі жатты, мұның өзі көшпелі тұрмыс салтына себеп болды.

Көшпелінің шаруашылығы тұтынуға қажетті бұйымдарды өзі өндіретін сипатта болды және халықтық кәсіпшілік оның негізгі бөлігін құрады: малдан жүн, қой терісі, сүйек алынды, олардан өздері тұтынатын әртүрлі жерлерде отбасылар, ауылдар арасында айырбас- товар түрінде сатылып отырды.

Үй кәсіпшіліктерінің қолөнерге және ұсақ товар өндірісіне айналу барысы байқалды, бірақ қазақтардың көшпелі мал шаруашылығы жағдайларында оны көптеген себептер: шаруашылықтың экстенсивтіке нысаны, патриархаттық-рулық тұрмыс сарқыншақтары, меншік нысанының дамығандығы тежеді. Бірақ негізгі тежеу Қазақстанда қолөнер кәсіпшілігі орталықтарының жоқтығы болғандығы күмәнсіз.

Сонымен, қазақтар XV-XVII ғасырлардағы үй кәсіпшіліктері мен қолөнері көшпелі мал шаруашылығы басым жағдайларда әрбір экономикалық ұяның негізгі шаруашылығының бір бөлігі болды, оны тұрмыс бұйымдарына деген қажеттерін қанағаттандырды. Алайда шаруашылық жүргізудің аталған нысаны көшпелі және отырықшы өркениет арасындағы товар айырбасына соқпай өте алмайды.

Қазақтардың алып жүруге қолайлы тұрғын үйінің негізгі түрі – киіз үй әбден жетілдірілгенге дейін күрделі де ұзақ жолдан өтті. Көптеген ғалымдардың пікірінше, оны Евразияның түрік көшпелілері ойлап тапқан, ол даму мен жеілудің ұзақ та күрделі жолынан өтіп, негізгі конструкциялық шешімдерін 1 мыңжылдықтың орта шенінде тапқан.

Орта ғасырлардағы көптеген саяхатшыларды көшпелі түрік тайпаларының киіз үйлері қайран қалдырған. Алып жүруге қолайлы тұрғын үйдің ең жетілген түрі ретінде киіз үй қазақтардың тұрмыс-салтына бәрінен де гөрі сәйкес келеді, ол – адамның табиғатпен өзара байланысының, оның қоршаған ортасына сіңісуінің нәтижесі. Сонымен қатар тұрғын үйдің болуына ресурстық орта, яғни табиғи және адамның еңбегімен жасалатын, оның тұрғын үйі тұрғызылатын компоненттер зор ықпал етті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Уәлиханов Ш.Ш. Шығармаларының толық жинағы. 5 томдық. 4-т., Алматы: Ғылым, 1985.-505 б.
2. Аманжолов. Қ. Түркі халықтарының тарихы. Алматы: Білім, 2009.-157 б.
3. Рыспай К. Қазақстан тарихы. Алматы: Білім, 2005.-148 б.
4. Мусин Ч. Қазақстан тарихы. Алматы: Ғылым, 2013.-208 б.
5. Маданов Х. Қазақтың арғы-бергі тарихы. Алматы: Жазушы, 1995.-290 б.

УДК 9 (574)

ТРАДИЦИОННЫЕ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ РЕАЛИИ КАЗАХСКОГО ОБЩЕСТВА

Курманалина Ж.Б., Балыкова А.М.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация. Предки современных казахов придерживались классического кочевого образа жизни. Возможность переселения кочевников всегда была признаком благополучия. Кочевничество, которое началось с эпохи саков, гуннов и даже более поздних эпох – это традиция, навык выживания, цивилизация. В статье исследуется вклад этого процесса в мировую цивилизацию с точки зрения национального исторического познания.

Ключевые слова: казахское общество, кочевничество, зимовка, озеленение, пастбище, отел, животноводство, поселение, традиции, охота, ремесла, цивилизация, великая степь.

ОӘЖ 159.922.7(075.8)

ҚЫЗ БАЛА ТӘРБИЕСІ ИДЕЯЛАРЫ МЕН ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Султанғалиева А.И., Калкенова Г.Б.

Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. Қазақ халқының санасына сіңіп, қанында қалыптасқан, болашақта Ана болар қыз баласын тәрбиелеуде педагогикалық ойларды тиімді пайдалана білу мүмкіндіктеріне талдау жүргізілген.

Кілт сөздер: этнопедагогика, қыздар тәрбиесі, идеялар, салт-дәстүр.

Қазір, жаһандану үрдісі белең алған сайын дүние жүзі халықтары өздерінің ұлттық ерекшелігін сақтап қалуға, отаншылдық сезімдерін шындай түсуге айрықша көңіл бөлуде. Әсіресе, Қазақстан сияқты көптеген ұлттардың өкілдері шоғырланған ел үшін ұлттық мәдени-рухани бастаулардан сусындату тарихи қажеттілік болып отыр. Қазіргі тәуелсіз мемлекетімізде әйел адамдардың рөлі күннен-күнге артуда: біріншіден, әйелдер-қоғамда айрықша орны бар әлеуметтік бірлестік, әлеуметтік-экономикалық қатынас жүйесінде халықаралық құқықтары, міндеттері, мүдделері бар тұлға. Екіншіден, саяси күштің объектісі, қозғаушы күші. Үшіншіден, жалпы қоғамда, өндірісте, басқару мекемелерінде, отбасында ерекше нақтыланған орны бар. Ұрпақ тәрбиесі – қоғам үшін лайықты мұрагерлер тәрбиелеу ісі. Бұл асқан жауапкершілікті талап ететін, мемлекеттік маңызы зор жұмыс «Сегіз қырлы, бір сырлы», ақыл-ойы жетік, сезімі сергек, жауапкершілігі мен іскерлігі жетілген, дені сау азамат өсіру ісі ғасырлар бойы халқымыздың ең ізгі арманы болып келеді. Бұл арман дене тәрбиесі, адамгершілік тәрбиесі, кәсіптік тәрбие беру және әсемдікке тәрбиелеу салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарда марапатталып, санаға сіңіріліп, іске асырылып отырды. Қазақ қыздарының ежелден қалыптасқан биязы мінезі, әдептілігі, нәзіктігі мен ізеттеілігі, инабаттылығы мен имандылығы өнегесін тереңнен қалыптастырған, ол бейненің бет көрінісі яғни, айнасы отбасынан қалыптасатыны белгілі.

Қай халықтың болмасын әйел қауымы абзалдық пен парасат биігінен табылса, сол халықтың ұрпағы бекзаттана беретіні анық. Сондықтан да, Ана мен Ұрпақ мәселесі – егіз. Қазақ халқының баланың ана бойына біткен күннен бастап жүргізетін тәлім-тәрбиелік дәстүрлерінің негізгі мақсаты – қыз бала мен ұл баланың атын затына сай етіп өсіруге арналады. Бірнеше баланың анасы болған тәжірибелі әйелге қарағанда, жас келіннің бойына бала бітуі апа-енелердің оған үлкен қамқорлықпен қарауын міндеттейді. Енесі немесе абысындары оны пәле-жаладан, тіл-көзден сақтау шараларын жасай бастайды. Ауыл әйелдерін жинап, «құрсақ тойы» өткізіледі. Сондай-ақ ауыр жүк көтермеу, құнарлы тамақтар ішу, бойды таза ұстау ескертіледі. Құрсақтағы жан иесі барлық құбылыстарды анасының сезімдері арқылы қабылдайды деп есептеліп, болашақ көңіл-күйі көтеріңкі, айтылар әңгімесінің де жағымды болуын қадағалап, оның көңілін алаңдатып, шошындыратын нәрседен қорғай біледі. Нәресте саулығына аса көрегендікпен қараған зерделі ана болашақ нәресте ширақ болсын деген ниетпен келінге құмсағыз шайнатқан, әсіресе, рауғаштың баланың көзі көреген, құлағы сақ болуына септігі бар екенін біліп, өмір тәжірибелерінде пайдаланып, нәресте саулығын қадағалаған. Халқымыз аяғы ауыр әйел адамға аса үлкен ілтипатпен қараған. Оған үлкен қамқорлықпен «Қарағым биік тауға қара – көңілің өседі, көңілің өссе – ұрпағың кең пейілді болады, жайқалған шөпке, жайнаған гүлге сәбиің – қара шырайлы болады, бұлақтың көзін аш, бала қайырымды болады» деп ұлағатты сөз айтады.

Бала туылғаннан кейін қырық күн өткеннен соң ел ішіндегі аузы дуалы қарияға, сыйлы кісіге азан шақыртып баланың атын қояды. Ат қоюда халқымыздың бүкіл

ұлттық ерекшелігі, таным-түсінігі, ой-арманы байқалған. Қазақ қызды нәзіктіктің, тазалықтың, адалдық пен әсемдіктің символы деп есептейді. Сондықтан, оған есім таңдауда ең асыл да қымбат нәрсенің атын қоюға тырысады. Мысалы: Айсұлу, Нұрсұлу, Гүлжан, Гаухар, Қымбат, Айдана, Қарлығаш және т.б. Тамаша мінезді, ақыл-парасатты болуын меңзеп Инабат, Жадыра, Дана, Керемет, Мінәйім, Мақпал т.б. деп, арман-мақсатына арнап, ұл аңсаса Ұлжан, Ұлтусын, Сағыныш деп, бақытты болуын меңзеп Бақыткүл, Нұрбақыт т.б. деп атайды [1].

Халқымыз қыз бала психологиясының ерекшеліктерін жақсы түсіне білген. Әрбір отбасы, әке-шеше, аға-жеңге оларды кішкентайынан көзінің қарашығындай сақтап, әлпештеп, жаны мен арының таза, мінезінің жайсаң болуын қадағалап отырған. Бертін келе жасөспірім шақтағы қыздардың толқыған, еліктегіш, өтпелі кезеңін де ескеріп, оған «қызға қырық үйден тыю» керектігін үнемі есте ұстаған. Сұлу да сымбатты болумен қатар, шеберлік пен шыдамдылықты қажет ететін үй ішілік кестелеуге, өрнек, кілем тоқуға т.б. қол еңбегіне, сөз өру, ән-күй, айтыс секілді түрлі өнерге баулуды қыз тәрбиесінің басты міндеті деп білген. Қазақ халқы дәстүрлі қыз бала тәрбиесінде белгілі ереже ұсынбайды, тек бағыт-бағдар беріп, өнеге көрсетіп, мақал-мәтел, даналық сөздер арқылы тұспалдайды, астарлап жеткізеді. Қыз бала тәрбиесінде халқымыз күш көрсету, қорқыту тәсілдерін есте қолданбайды, оларды мәпелей отырып иландыру, сендіру әдістеріне, үлгі-өнеге көрсетуге ерекше мән береді. Бұл тұста қыз анасы, әпкесі не сырлас жеңгелерінің орны ерекше. Халқымыз алғашқы қауым, көшпелі кезеңнің өзінде-ақ Жерді – Ұмайға балап, Әйел – Ана, ару перизаттарды айрықша қадірлеген. Өз заманының атақты әйелдеріне арнап салынған сандаған кесенелер, күмбездер, мұнаралар, тас мүсін таңбалы тастар осының куәсі. Көшпенділер әлемі асқақтата әлпештеген халықтың аймаңдай қыздары: Құртқа, Ақжүніс, Қарлыға, Гүлбаршын т.б. Олар ер-азаматтармен бірдей еркіндікте болған жау-жүрек ер мінезді әйелдер, айнымас абзал жандар болған. Сондай-ақ, тарих барысында қаһарлы қаған, атақты билермен қатар ел басқару ісіне қатысқан данышпан әйелдер де аз болмағанын білеміз. Сондықтан да көпенділер даласында Тұмар (Томарис), Теркен, Айғаным сияқты патшайым, ханшалардың болғанына таң қалуға болмайды. Қазақ даласындағы Әйел-Анаға көрсетілген мың сан құрметтердің айғағын тұтас бір рулардың олардың есімімен аталынатындығынан да көреміз. Домалақ ана (Албан, Суан, Дулат рулары), Алтын, Айбике, Нұрбике, Ұлдай – рудың атына айналған әйел есімдері. Демек, Әйел-Ана болып қалыптасуда қыз бала тәрбиесі халқымыз үшін аса қасиетті де жауапты міндет болған. «Адам ұрпағымен мың жасайды» - деген қазақ-этникалық рухани дәстүрі, мәдениеті мен өнері, әдебиеті мен философиясы өзіндік ерекшеліктерге бай тарихы терең халық. Адамзат әр заманда түрлі қоғамдық формацияны бойынан өткерсе, тәрбие процесі де әр қоғамның саяси-экономикалық, әлеуметтік ерекшеліктері мен мақсат мұраттарына орай небір бұралаң жылдан өтетін тарихи заңдылық. Онда бар тірліктің бастау көзі, ұйытқысы һәм тұтқасы Анаға айрықша орын сайлаған. Артында қалар ұрпағын ата-баба атына ұят келтірмейтіндей етіп тәрбиелеу қазақ халқының қашан да басты мұраты болған. Осы тұрғыда ұл бала мен қыз бала тәрбиесінің өзіндік ерекшеліктері мен әдістері болғаны мәлім. Халықтың ауыз және жазба әдебиеттерінде қыз балаға берген сипаттамалардан оған тәрбиеде қойылатын талап-тілектің қандай болғандығын және қандай қасиеттерден сақтандырып, қорғаштағандығын айқын байқаймыз. Халықтық педагогиканың қыз бала тәрбиесіндегі тәрбиелік әдістері оны ардақтауға, көңілін қалдырмауға, еркелете отырып тыйып тастауға, мәпелеуге негізделген. Болашақта абзал ана болар қыз баласының сол атқа лайық болуын көздеп, тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Ерте кездегі әлеуметтік жағдай қыз баласының үйдің әйелге тән шаруасын жүргізетін отбасы мүшесі болуын күткендіктен, оларды жастайынан үй жұмысына үйреткен. Үйді таза ұстау, ас пісіру, қолөнер бұйымдарын жасауға апа-жеңгесіне қолқабыс ете жүріп, оның әдіс-тәсілдерін бойжеткен шағында толық меңгеріп шыққан. Жалпы, қыз баланың тәрбиелі болып

өсуіне отбасы мүшелері ғана емес, оның өскен ортасымен бірге жүрген дос-жаран, құрбы-құрдастарының ықпалы болатындығы ескерілген. Ата-ана, ағайын-туғандардың басты арманының бірі қыздары бойжеткен соң, құтты орнына қондыру болған. Келешек жұбайлардың бақытының басты нышаны – ер жігітке сенімді жар боларлық ақылды, еңбекқор, адал да әдепті өскен, көргенді жерден шыққан қыз айттыру халқымыздың ежелден дәстүрі. Қазақ салтында жаңа түскен келінді жағымсыз нәрседен сақтандырып, ұнамды қасиетке баулуда, бетіне айта салмай, тұспалдай отырып жеткізу әдісі пайдаланылған. «Қызым, саған айтам – келінім сен тыңда» - деген сөз осының кепілі. Көп жауапкершілік анасына жүктеліп, «Шешесін көріп, қызын ал» - деген өсиетімен жақсы мінез-құлық, қадір-қасиет қыз балаға ана бойынан даритынын меңзейді. Осы тұста Қорқыт бабаның «Атадан өсиет алмаған ұл жаман, анадан өсиет алмаған қыз жаман» - деген өсиетімен үндес келетін ұлы Абайдың «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар, Ата-ананың қызынан ғапыл қалма» - деп келетін өлең жолдарынан ата-ана қыз бала тәрбиесіне қаншалықты жауапты екендігін көреміз.

Қазақ қыздың терең сезім дүниесінің ұстамды парасатпен ұштасып жатуын қалайды. Ол – жігіттің оңай түсер олжасы емес, нәзік қылығымен, ақыл-парасатымен арындап кетсе тізгіндер, баяулап кетсе қамшылар тәрбиешісі [2].

Қазақ ұлтының отбасына тән салт-дәстүрлерге жеке тоқталатын болсақ: құда түсу, қыз ұзату, сыңсу, жұбату, үйлену тойы, шашу, жар-жар, бет ашар. Осы әрекеттердің үстінде, халқымыздың тәлім-тәрбиесінің мәні, оның мінез-құлқы мен психологиясының көріністері жан-жақты байқалады. Тарихшылар Зарина, Томирис сынды әйел сақ патшалары соғыс өнерін жете меңгерген, ойлау қабілеттерінің өте жоғары болғандығын ерекше атайды. Зарина есімді патша туралы: «Бұл кезде сақтарды соғысқа мейлінше бейім Зарина атты әйел биледі. Жалпы бұл тайпаларда әйел ержүрек, олар соғыс тауқыметін ерлермен бөліседі. Сондай-ақ сақтарда жас жігіттер үйлену үшін сол қызды жеңу керек, жеңіліп қалса ол қыздың тұтқынына айналатын салт болған» - деп жазады.

Тұмар (Томарис) ханша (б.ж.с.д. 570-520) – күндей түркі-сақ халықтарының байырғы заманда ел билеген атақты әйел патшаларының бірі. Грек жазбаларында оның елін «масссагет» деп атайды. Тұмар ханша есімінің тарихқа еніп, әлемге танылуы – Ахамен әулетінен шыққан, «төрт құбыланың тұтас билеушісі» атанған парсының әйгілі патшасы Кирдің (б.ж.с.д. 558- 530) Орта Азияға басқыншылық жорықпен келген, жеңілуді білмейді деп дәріптеген әскерін ашық шайқаста тас-талқанын шығарып жеңуімен тікелей байланысты.

Сейіт Кенжеахметұлы «Жеті қазына» атты еңбегінде ат үстіндегі арулар жайлы былай зерделейді[3].

Түркі, оның ішінде қазақ даласында таңдандырған абзал аналар мен үкілі қыздар аз болған жоқ. Әйгілі Кирдің басын алып, патшалық құрған Тұмар ханым, шығыс әйелдерінің патшайымы Тұрқан қатын, Шыңғыс ханды бұлтартпаған Қоңырат қызы Бөрте ханым, Низами ғашық болып жыр арнаған Қыпшақ қызы Әппақ сұлу, бүкіл ұлы жүздің ұлы анасы Домалақ ананың қасиетті есімдерін білмейтін қазақ жоқ. Арулар... Олардың бірсыпырасы қиын кезеңдерде ер азаматтармен бірге қолынан қару алып, жауға аттанды. Ақын тілімен айтқанда:

«... Намысты бермеу үшін жатқа қолдан,

Арулар аз болды ма атқа қонған».

Гаухар батыр. Арғын Бәсентин Майлысары батырдың туған қарындасы, Қаракерей Қабанбай батырдың жары. XVIII ғасыр басында қазақ-жоңғар соғысында қанды жорықтарға қатынасып айрықша ерлік көрсеткен. Соғыста түрлі тәсілдер жасаған. Мысалы, түйелердің өркешіне найза байлап, соғыс алаңына әкелгенде, жау жағы қазақтарға қосылуға әскер күші келіп қалды деп, қаша жөнелген. Батыр қыз олардың шебін асау түйелермен бұздырып дүние-мүліктерін таптатып өткен.

Назым – Қабанбай батыр мен Гауһар батырдан туған қаһарман қыз. Әкесімен бірге XVIII ғасырда қазақ-жоңғар соғысына қатынасып, отанын қорғаған. Назым қыз есімі және оның ерлігі жұртқа аңыз болып тараған.

Есенбике – үйсін Қаратай батырдың қызы, Сүйіндік Олжабай батырдың анасы, XVIII ғасырда қазақ-жоңғар соғысына қатысқан жауынгер.

Айтолқын – Абылай ханның қызы, XVIII ғасырда соғыстарға қатысып, ерлік көрсеткен. Жорықтарда әкесімен бірге болған.

Айбике – Бұланбай батырдың жары. Барлаушы топқа жетекші болған. Алтай, Ертіс, Тарбағатайдағы жоңғар әскерлері, олардың орналасуы туралы мол мағлұматтар жеткізіп тұрған ержүрек қыз.

Жандәлі – Найман елінің батыр қызы. Қазақ-жоңғар шайқасында ерлермен бірге майданға шыққан. Садақшы, біраз соғысқа қатысқан. Ол туралы Ноғайбай ақын былай жырлайды:

Гүліндей жауқазынның нәзік жүзі, Халқымыз ұмытқын жоқ асыл қызды.

Азаматтың аққуы Жандәлімнің, Жауға аттанған Сауырда жатыр ізі.

Ақбикеш - XVIII ғасырдағы жойқын соғыстарда алыстан көретін қырағы қыз екен. Руы Алшын. Ол соғыста жау жасағын бақылап, оның бағытын қазақтарға хабарлап отырған. Қаратау өңірінде «Ақбикеш мұнарасы» деген ескерткіш бар.

Ботакөз – Тама Көкі ұлы Есет батырдың қызы 1742 жылы әкесі Орынборға кеткенде елін қалмақ шауып, жылқысын қуып әкетеді. Ботакөз 150 сарбазды бастап барып, жауын тұтқындап, жеңіспен оралған. Сапар - Әкесінің аты Мәтен, руы Табын. Кейде есімі Сапура деп те аталады. XVIII ғасырдағы Е.Пугачев соғысында аты аңызға айналған батыр қыз. Аңызда «Көктемір», «Көрінбес» деген атпен дәріптелген қаһарман қыз өзін Е.Пугачев ізбасарымын деп жариялап, азаттық көтерілісті одан әрі жалғастыруға үндеген. Ғалым Н.Бекмаханова «Легенда о невидимке» деген (1968 ж) кітап жазған. Бақты - әкесі батыр болған текті жердің қызы екен. Алаш көсемдерінің бірі Мұстафа Шоқайдың әжесі, Торғай датқаның бәйбішесі. XVIII ғасырдың орта кезінде Бақты қыз батыр әкесімен бірге Түркістанды жаулаушы орыс отаршыларына қарсы күресіп, барлаушылық қызмет атқарған.

Қойсана – (XVIII – XIX ғ.) Тарақты Байқозы батырдың қызы. Сардар Шұбыртпалы Ағыбай батырдың анасы. Ер Ағыбайға екіқабат кезінде елінің жылқыларын қуып кеткен барымташыларға қуып жетіп, аттан түсіріп, байлап әкелген. Ауылға келген соң қарақшылар басшысы «бізді аттан түсірген әйелдің күші емес, оның ішіндегі баланың күші» деген екен. Көп ұзамай Қойсана Ағыбай батырды туыпты.

Қыз Данай – Кіші жүз қызы, Таз руындағы Төремұрат батырдың әйелі. (XIX). Сүймеген адамға еріксіз қосылған Данай сұлу, өз ерлігімен Төремұратқа қосылады. Кейін батыр жігіт түркімендер қолына түсіп соғыста қаза табады. Қыз Данай тұтқыннан қашып шығып өз еліне жетеді. Атақты күйші Құрманғазының Қыз Данайға арнаған бірнеше күйі бар.

Ақбикеш ана – Найман Бағаналы елінің қызы, Арғын Әйдерке Сұлтанның әйелі, қазіргі Жылқыайдар Солтан руының анасы. Мырза Ақбикеш атанған. Өзі перзент көтермеген соң, еліне төркіндеп барып, жақын сіңлісі Мақпалды ерлік, батырлық істерімен қалап алып, өз еріне әкеліп қосқан. Осы екі анадан тараған жеті ұрпақтан кейін 500-ден астам шаңырақ қосқан. Бопай – Қасым ханның қызы, Кенесарының апасы. 1837-1847 жылдары Кенесары, Наурызбай бастаған азаттық көтерілісте әскер басқарған батыр әйел.

Айғыз Көшкінбаева – (1876-1918) – Азамат соғысына қатысқан, Аягөз ауданында туған. Сергиопольдегі қорғанысқа қатысып, жаралы жауынгерлерге көмек көрсеткен, тамақ тасыған. Колчак әскері Айғызды азаптап өлтірген. Жазушы Қ.Исабаев «Айғыз» атты роман жазды [4].

Ұлы Отан соғысы кезінде Шығыстың қос жұлдызы, қос батыр қызы - Әлия мен Мәншүк ерліктің үлгісін көрсеткен. Бірі – 21, бірі – 20 жасында Кеңес Одағының

Батыры атанған. Хиуаз Доспанова – 300-ден аса рет жау басып алған территорияға ұшып барған. Жамал Баатасова, Күлкен Токбергенова, Гүлжамил Талқанбаева соғыс кезінде танк жүргізіп, Рахила Ералина жау нысандарын суретке түсірген. Ләззат Асанова (1970-1986) – Қазақ елінің азаттығы мен тәуелсіздігі жолында жан қиған ержүрек бойжеткен. Ол 1986 жылғы қанды Желтоқсан оқиғасы кезінде Отаны үшін Нағыз ерліктің үлгісін көрсеткен, қанқұйлы жендеттер қолында көз жұмған ару. Осындай көшпенді өмірдің тауқыметін ерлермен қатар көрген қазақтың қыз-келіншек, әйелдері табиғатынан ержүрек, тапқыр шыншыл әрі намысқой келетіндігі тарихтан мәлім. Ақылды сұлулықтан да жоғары бағалаған халқымыз тәлімдік өнегені нысанаға дәл тиетіндей етіп айтып, тыңдаушының өзіндік тұжырым жасауына мүмкіндік береді. Жас ұрпақты адамгершілікке баулуда шешендік сөздерді тыңдау арқылы жүргізілген әдіс бойға тез дарып, санаға тез сіңе қалуы үшін өте тиімді болған. Халық шешендік сөздер арқылы өскелең ұрпақты, қыз балаларын адам тағдырын ойластыруға, болжауға, адамның рухани өмірінің негіздерін сақтай білуге, алыс жақын кісілермен және өзін қоршаған ортамен қатынас жасай білуге баулиды. «Қонақта, немесе бір мәселені талқылау үстінде отырып көп жасаған кәрі құлақты, тәжірибелі адамдардың аузынан шыққан жүйрік ойлы, жүйелі сөздерді құйма құлақ талапты жастар, өнер қуған қыз-бозбала жаттап алып, жүрген-тұрған жерлерінде, ас-тойларда, ойын-сауықтарда айта жүрген. Өзінің қажетіне, өмірдің тілегіне қарай өңдеп, өзгертіп, жамап, жаңғыртып отырған» - деген пікір айтады ғалым Б.Адамбаев халық даналықтарының даму жолдарына арналған зерттеу еңбектерінде [5].

Бұл мұралар қазақ халқының санасына сіңіп, қанында қалыптасқан, болашақта Ана болар қыз баласын тәрбиелеудің тамыры тереңде жатқанының дәлелі. Ондағы педагогикалық ойларды тиімді пайдалана білу өркениетті еліміздің жас ұрпаған тәрбиелеуде мүмкіндіктер қатарын толықтыра түсері анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. 2015. –
2. Жұмабаев М. Шығармалары // құрастырған Х.Абдуллин, Б.Дәрімбетов, З.Жұмабаева. – А., 2012. –
3. Қалыбекова А. Теоретические и прикладные основы наордной педагогики. – Алматы: Баур, 2018. –
4. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы, 2008. –
5. Наурызбай Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. Оқушыларға мәдени-этникалық білім беру туралы. – Алматы, 2015.

УДК 159.922.7(075.8)

ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ ИДЕЙ И ТРАДИЦИЙ ОБРАЗОВАНИЯ ДЕВОЧЕК

Султангалиева А.И., Калкенова Г.Б.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация. Анализ возможности эффективного использования педагогических идей в воспитании будущей девочки, укоренившейся в сознании казахского народа и сформировавшейся в его крови.

Ключевые слова: этнопедагогика, образование девочек, идеи, обычаи и традиции.

ӘОЖ 159.922

ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ӨШУ СИТУАЦИЯСЫ КЕЗІНДЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Умбетова Г.М., Нурмуханбетова В.Т., Амангельдиева Б.Н.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.,

Аннотация. Бұл мақалада педагогтардың кәсіби өшу ситуациясының пайда болу себептері және оларға қолдау көрсету жолдары көрсетілген. Сонымен қатар, эмоционалдық тұрғыдан кәсіби өшу ситуациясы орын алмас үшін ұйымдастырушылық және тұлғалық мәселелер уақытылы шешімін тауып, нақты түзету-дамыту жұмыстары ұйымдастырылуы қажет екендігі көрсетілген.

Кілт сөздер: кәсіби өшу, педагог

«Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуы тиіс» - деп Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтып өткендей, әр адам үнемі дамып, жетіліп, үйреніп отыруы керек[1].

Қазақстан Республикасы білім беру Заңында көрсетілгеніндей, адамзат құндылықтары, ғылым мен тәжірибе негізінде, жеке тұлғаны қалыптастыруға қажетті жағдайларды жасау - білім беру жүйесінің негізгі міндеті болып отыр.

Кәсіби мамандарды дайындау мәселесін шешудің де жаңа жолдары қарастырылуда. Кәсіби даму - (лат. profiteor – өз ісімді хабарлаймын) – еңбек әлемінде, соның ішінде жекеленген кәсіби рөлдердің, кәсіби мотивацияның, кәсіби білімдер мен дағдылардың әртүрлі аспектілерін игеруге бағытталған адамның онтегенезде болып жатқан әлеуметтену үрдісі. Кәсіби дамудың негізгі қозғаушы күші әлеуметтік топтар мен институттарға идентификациялану негізінде әлеуметтік контекстке интеграциялануға тұлғаның талпынысы болып табылады.

Еліміздің бүгінгі мен ертеңі өскелең ұрпақ еншісінде. Ал осы ұрпақты бүгінгі таңда жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары, өзбетімен ізденуге қабілетті етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқушыны шығармашылыққа жетелеу. Бұл мұғалімнен терең біліктілікті қажет етеді. Себебі шығармашыл ұстаз ғана шығармашыл тұлғаны қалыптастыра алады.

Бүгінгі қазақстандық мектептерге қоғамның қарқынды дамуына ілесе алатын, заман талабына сай ойлайтын, ғылыми-әдістемелік білімі жеткілікті, педагогика мен психологияны терең меңгерген ізденімпаз мұғалім қажет. Бұл мұғалімнің кәсіби шеберлігінен көрінеді. Басқаша айтқанда, білім беру үдерісі мұғалімнің дайындық деңгейі мен мамандық сапасына үлкен талап қояды. Ол мұғалімнің өзін-өзі дамытуына, өзіндік білім алуына және өздігінен шығармашылық түрде қызметтерін іске асыруға мүмкіндік береді. Мұғалім – бүгінгі оқушы – ертеңгі қоғамның, елдің тірегін өмірге дайындаушы. Кәсіби мұғалім - құзырлығы жоғары, әлеуметтік тұрғыдан жетілген, әдіс-тәсілдерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылған маман. Мұғалім, педагог мамандығы, зиялылар ішіндегі көп топтасқан мамандықтардың ірі тобына жатады. Білім беру жүйесінде педагогтар мемлекеттік қызметкерлер болып табылады. Педагог өз мамандығының сапасын, біліктілігін арттыруды психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуі үлкен роль атқарады.

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді талдау негізінде кәсіби өшудің негізін анықтаған шетелдік ғалымдар: Х.Дж.Фрейнберг, К.Ясперс, А.М.Матюшкин, М.И.Махмутов, В.И.Мухин, А.Реан, Н.Бордавская, С.Розум, У.Томас пен Ф.Знанецкий.

Қазақстандық педагогтардың кәсіби өшу ситуациясын зерттеушілер Л.В.Никитенкова, Н.Н.Хан, Ш.Н. Абенова., М.И.Есенова, Н.А.Неустроева, Н.Е.Жақсылыкова, К.А.Жүкенова, Н.Д. Хмель және т.б. ғалымдар тұтас педагогикалық процесс тұжырымдамасына сүйене отырып мұғалімнің кәсіби іс-әрекеттегі өшу ситуациясының қалыптастасу мәселесін зерттейді [4].

Ал білім берудің дәстүрлі жағдайында педагог тек педагогикалық әрекетті қатаң жүзеге асырушы ретінде болады. Осыдан келіп педагогтың кәсіби дайындығының да мақсаты өзгереді. Ол кәсіби білім, іскерлік, дағдылардан басқа (кәсіби құзыреттілік) педагогтың жалпы мәдени дамуын, тұлғалық ұстанымдардың қалыптасуын (педагогтың педагогикалық іс – әрекетке мотивациялық – бағалы қатынасын) қамтиды. Бұл бірлік - қасиеттердің жиынтығы емес, сапалы жаңа білім ретінде көрінеді. Ол педагогтың тұлғасының даму деңгейін сипаттайды.

Философиялық еңбектерде педагогикалық ситуация дегеніміз – байланыстың, қызметтің, уақыттық-кеңістік шарттарының субъективтілік және объективтілік бірліктері деп беріліп, тұлғаның әлеуметтік таратушысы, нақты бір мәдениеттің, дамыған даралықтың өкілі ретінде қарастырылады.

«Кәсіби өшу» терминін 1974 жылы американ психиатры Х.Дж.Фрейнберг енгізген болатын. Ғалымдар А.Реан, Н.Бордавская, С.Розум кәсіби өшу ситуацияның арасындағы айырмаға тоқталады және ғылыми теориялық негізде нақты бір жағдайларда ситуация тудыра алады дейді.

Кәсіби дамуда педагогтың кәсіби өзіндік даму мен өзіндік білім алу психологиясы ерекше. Әр педагог өзін іштей үнемі оқуға, ізденуге итермелеп, дайындап отыру керек.

К.Д. Ушинский айтқандай «мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады». Өмірдің өзі педагогтың алдындағы күн тәртібіне педагогикалық білім берудің үздіксіздігі мәселесін қойып отыр. Педагогтың іс-әрекеті көбінде оның кәсіби шеберлігінің кеңістігіне қатысты, педагогикалық қарым-қатынас механизмдеріне, оқушылардың психологиялық ерекшеліктерінің табиғатына да байланысты. Педагогикалық іс-әрекеттің дамуының жоғары деңгейі – педагог өзін-өзі дамыту механизмдерін қалыптастыруға мақсат қояды және оқушыларға өз қабілет-қарымы бойынша даму бағыттарын ұштайды, кәсіби дамуды көздейді [3].

Кәсіби өшу – педагогтың эмоционалдық тұрғыдан құлдырауын, тұлғалық шеттетілуін, оқушылардың жекелік ерекшеліктерін ескермей, өмірдегі әртүрлі жағдайларға бей-жай қатынас орнату болып табылады. Қазіргі уақытта білім беру саласында өзгерістер көп, сол өзгерістерге лайық педагог болу үшін қойылатын талаптар да күрделене түсуде. Бұл адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту қажет дегенге әкеледі. Оған білім беруді гуманизациялау сай келеді. Білім берудегі гуманизация да тұлғаның ақыл – ой, эмоционалдық, еріктік және адамгершілік әлеуетін байыту, өзін – өзі көрсету, өзін – өзі дамыту шекарасын кеңейту және өзіндік қалыптасу үшін ақиқат жағдайлар туғызуды талап етеді. Мұны білім берудің гуманистік мақсаты деп санаған философ Э.В. Ильенков еді. Аталған гуманистік мақсат әр адамның жеке дамуының адамдық мәдениетінің шегін, танылған және танылмаған, жасалған және жасалмаған аймағын анықтауға мүмкіндік береді. Адамды мәдениеттің жаңа деңгейін меңгеруге көшіру, оның әлемге, басқа адамдарға және өзіне деген қатынасын өзгерту, өз іс – әрекеттері және оның әкелер жағдайына деген жауапкершілігін арттыру – білім беруді гуманизациялаудың басты нәтижесі.

Психологтар кәсіпке «ену» дегеніміз - бұл «өсу» адамның өмірінің бейнесі мен стилін анықтау дейді. Адамның жалпы қанағаттануы көп жағдайда онда іргелі қажеттіліктерінің қаншалықты болуына байланысты: шығармашылық өзін – өзі жетілдіру қажеттілігі, қоршаған ортадағы референтті тұлғалардың жекелік

құндылықтарын түсінуі мен мойындауы, өзін – өзі дамыту және даму қажеттілігі және тағы басқа.

Тұлғалық даму мен тұлғаның кәсіби өсуі кәсіпте өсу үрдісінде (мамандық таңдау, кәсіби білім алу, педагогикалық әрекетті жүзеге асыру) қайшылықтарды мақсатқа бағытталған шешу жүзеге асқанда ғана шектеулі бірлік болады.

Қазіргі таңда жұмыстың кәсіби зиянды әсері зерттелуі психологиялық тұрғыдан маңызды мәселе болып отыр. Алайда химиялық, физикалық немесе биологиялық зиянды әсері емес, эмоционалдық және стресс әсері. Кәсіби стрессогендік факторлар, маманның тікелей жұмысына байланысты болғандықтан, әр түрлі неврологиялық бұзылулардан психосоматикалық бұзылуларға әкелуі мүмкін. Тұлғаның кәсіби деформациясы – бұл кәсіпқой маман иесінің жұмысының әсерінен тұлғаның мінез-құлқының өзгеруі[4].

Кәсіби өшудің себептері, яғни оған әкелетін стрессогенді факторлар: эмоционалды күй синдромы, моббинг, субъективті моббинг, кәсіби өшу синдромы, қажу, жұмыс қарбаластығы және қақтығыстар, жұмыстың бірқалыптылығы және т.б. себептерден пайда болуы мүмкін. Осы аталған факторларға қысқаша тоқталып кетсек:

Жағымсыз алаңда жұмыс істеу – кез келген мамандықта жағымсыз материалмен жұмыс істеуге тура келеді, осы жағдайда жағымсыз эмоциялар пайда болады. Өз кезегінде олар жинақталып, кәсіби деформацияға әкеледі.

Эмоционалды күй синдромы – бұл когнитивті және физикалық энергияның біртіндеп жоғалтуын, жұмыстың орындауымен зерделі жүдеу, физикалық қажу, жеке аластатушылық және қанағаттанудың төмен деңгейін көрсететін процесс.

Жұмыс қарбаластығы және қақтығыстар – әріптестер арасында түсініспеушілік, олардың тым сынағыштығы. Педагог тәжірибесінде әріптестерімен кейбір жағдайда келіспеушіліктер, түсініспеушіліктер болып тұрады.

Моббинг – психология ғылымында жаңа терминдердің бірі болып табылады, ол жұмыста қыспаққа алуы және қудалауды қайғыру күйімен сипатталады.

Субъективті моббинг-тұлғаның жұмысқа бейімделуінің деструктивті формасы. Тексеріс, емтихан, комиссия және т.б. себептерден қобалжу болып табылады.

Ургентті аддикция - өзі байқамай, міндеттемелердің орындалмайтын санымен жүктеу.

Экстремалды жағдайлар - педагогтар жұмыс барысында тез әрі жауапты шешімдер қабылдауы қажет.

Мұғалімнің жұмысы адам өміріне байланысты болғандықтан жеке де, кәсіби де өте қызу шығынды, тұрақты жетілдіруді талап етеді.

Д.Магнуссон әртүрлі деңгейдегі ситуацияларға талдау жасап, талдау бірліктерінің арасындағы нақты шектің жоқтығын көрсете келіп, идеологиялық, әлеуметтік, мәдени деп бірнеше типтерге жіктеп, оның бес түрлі факторларын ажыратады:

- оңды және толықтырушы;
- кері тартушы;
- жігерлендіруші;
- әлеуметтік өзара байланыстырушы;
- белгісіздік.

Ғалымдар У.Томас пен Ф.Знанецкий өздерінің еңбектерінде кәсіби өшу синдромының субъект қағидасы арқылы түсінудің қажеттілігін ашып көрсетіп, жағдаят – бұл құндылықтар жиынтығы деп оларды белгілеріне қарай үш типке топтастырады:

а) адамның немесе қоғамның әрекет жасауы үшін қажетті объективті жағдай. Бұл жағдайлар адам мен қоғамның санасына тікелей немесе жанама әсерін тигізуші экономикалық, діни, интеллектуалдық құндылықтар жиыны;

ә) тікелей нақты мінез-құлыққа әсер етуші адамның немесе топтың өзіндік бекімі;

б) қандай да бір дәрежедегі нақты жағдайлар тұжырымы мен бекімдер сезімін көрсетуші жағдаят анықтамасы.

Сонымен, жағдаятты шешу: біріншіден, фактіні айқындаумен; екіншіден өзіндік бекімнің пайда болуымен; үшіншіден, ситуацияның не екендігін (мәнін) түсінумен сипатталады.

Қазақстандық зерттеушілер Никитенкова Л.В., Хан Н.Н., Абенова Ш.Н., Есенова М.И., Неустроева Н.А., Жақсылыкова Н.Е., Жүкенова К.А. және т.б. ғалымдар Хмель Н.Д. тұтас педагогикалық процесс тұжырымдамасына сүйене отырып мұғалімнің кәсіби іс-әрекеттегі өшу ситуациясының қалыптастасу мәселесін зерттейді.


Л.В.Никитенкова болашақ мұғалімдердің педагогикалық құбылыстарды түсінуге даярлықты зерттей келе, бұл даярлыққа мұғалімнің ақыл-ой даярлығының әр түрлі аспектілерін сипаттайтын тұлға қасиеттерін, кәсіби-тұлғалық сапалар ретінде анықтама береді[7].

Н.Н. Неустроева мұғалімдердің педагогикалық үдеріске қатысушыларды іскерлік қарым-қатынасқа ұйымдастыруға даярлауды зерттей келе, оны мұғалімдердің жоғары оқу орнында оқыту мен тәрбиелеудің нәтижесі ретінде қарастырады. Н.Д.Хмельдің кәсіби білім беру теориясына сүйене отырып, кәсіби өшу ситуациясының мотивациялық, мазмұндық және операциялық компоненттерін бөліп көрсетеді.

К.А. Жүкенова болашақ мұғалімдерді қиын балалармен жұмысқа даярлығын оқу және оқудан тыс әрекеттер барысында тұлғааралық қарым-қатынасты реттеуге қажетті білім, білік, дағды жүйесін сипаттайтын кәсіби іс-әрекеттің аспектілерін жүзеге асыруға даярлық нәтижесі ретінде түсіндіріледі.

К.Левин еңбектерінде педагогтың кәсіби өшу ситуация жалпы өмірлік жағдайларға да, жеке әп-сәтте болатын жағдайға да қатысты делінген. Осы тұрғыдан алғанда автор ситуация мәнін нақты бір сәттегі мінез-құлықты сипаттайтын барлық фактілер жинағын «психологиялық өмір кеңістігі» терминін пайдалана отырып ашады. М.Мороудың айтуынша кәсіби әрекеттегі өшу іштегі жағымсыз эмоцияның жинақталуынан пайда болады.

Сурет 1.



А.Н. Моховиков кәсіби өшу ситуациясының қалыптасуы тұлға ішілік кикілжің және психологиялық стресске байланысты деп атап өткен болатын. В.В.Бойко тұлға психологиялық жаракаттаушы жағдайларда қорғаныс мезанизмі ретінде эмоцияны қолданудан бас тарту салдарынан кәсіби өшу қалыптасады деген болатын. Д.Г. Трунов кәсіби өшу ситуациялары кезінде өзіндік басқару қабілетінің төмендейтінін айтқан болатын. Ал өзіндік басқару үш негізгі нәтиже арқылы жүзеге асады: тынышталу, қайта қалыптасу, белсендену[3].

Кәсіби өзіндік дамуда, басқа да әрекет сияқты, мотивтердің күрделі жүйесі мен белсенділіктің қайнар көздерінің өзіндік негізі бар. Педагогтың өзін – өзі тәрбиелеудің

қозғаушы күші мен қайнар көзі – өзін – өзі жетілдіру қажеттілігі болып табылады. Өзіндік дамуда өзін – өзі бағалау деңгейі үлкен мәнге ие. Психологтар дұрыс өзін – өзі бағалаудың қалыптасуының екі әдісін бөліп көрсеткен: біріншісі – өзінің жеткен жетістіктерінің деңгейімен мақтану, ал екіншісі – өз жетістіктерін қоршаған ортадағылардың көзқарастарымен салыстыру. Кәсіби өзіндік бағалауда педагог әрекеті, кім алдына жоғары міндеттер қойса, онда қиындықтар болатынын көрсетті. Қиындықтармен күресу педагогикалық – психологиялық жағдайды реттеп, түзетіп, дамуға әкеледі. Бұл әрине шығармашыл педагогтарда кездесетін жағдай. Егер педагог өз алдына жоғары міндеттер қоймай жеткен жетістіктерімен шектеліп қана қойса, олардың кәсіби өшу ситуациясы арта берері сөзсіз. Сондықтан да педагогикалық кәсіпті таңдаған әрбір адам өз санасында педагог бейнесін қалыптастыра алуы қажет. Егер өзіндік дамуды мақсатқа бағытталған әрекет деп қарасақ, онда оның негізгі міндетті бөлігі – өзіндік талдау болуы шарт. Педагогикалық әрекет танымдық психикалық үрдістерді дамытуға ерекше талаптар қояды: ойлау, қиял, ес. Әр педагог өз психикалық үрдістернің дамуын талдап, реттеп отырса, өзіндік дамуын байқай алады. Бірақ тұлғалық және тұлғааралық мәселелер кәсіби деңгейдің және танымдық үрдістің нашарлауына әкеп соқтырады [9].

Кәсіби өзіндік дамудың құрамдас бөлігі – педагогтың өзіндік білім алу жұмысы. Кәсіби өзіндік білім алудың тиімді жолы – педагогикалық ұжымның шығармашылық ізденіс жұмысына қатысу, білім беру мекемесін дамытуда жаңашыл жобалар, авторлық курстар мен педагогикалық технологияларды жасақтау. Өзіндік дамудың екі педагогикалық нәтижесі бар. Бірінші жағынан – тұлғалық даму мен кәсіби өсуде болатын өзгерістер, екінші жағынан – өзіндік дамумен айналысуға қабілеттілікті игеру. Аталған нәтижелердің жүзеге асқандығын төмендегі әрекеттерден көруге болады:

- Мақсат қоя білу; өз алдына кәсіби мәнді мақсат пен өзіндік даму міндеттерін қою;
- Жоспарлау: өзіндік даму құралдары мен әдістерін, әрекеттері мен тәсілдерін таңдау;
- Өзіндік бақылау: өзіндік дамудағы қадамдар мен нәтижелерді салыстыру;
- Түзету: өзімен жүргізілген жұмыс нәтижелеріне қажетті түзетулер енгізу.

Мұндай әрекеттерді меңгеру және жүзеге асыру белгілі іскерліктер мен уақытты талап етеді. Сондықтан зерттеушілер кәсіби өзіндік дамудың сатыларын бөліп көрсеткен.

Психологиялық қызмет мамандары білім беру мекемелерінде оқуды жеңіл және тиімді етіп, жағымды эмоция қалдыруда үлесін тигізеді: өзін – өзі реттеу тәсілдерін үйретеді, хабарлама жасауға, реферат жазуға, конференцияларға қатысуға сөйлеу дағдыларын жетілдіруге тренингтер өткізеді, мазасызданудың, үрейдің, стресстің алдын алу шараларын ұйымдастырады. Психологиялық дайындықтан өткен адам өзін еркін және сенімді ұстап, ерекше ықыласпен, талпыныспен жұмыстанады.

Педагогтардың кәсіби өшу ситуациясы үш кезеңнен тұрады:

- 1) үрейлену - жағымсыз тітіркендіргіш әсер еткен сәтте туатын жауаптың алғашқы кезеңі. Таңырқау іспетті сезім пайда болады;
- 2) төзімділік – жағымсыз тітіркендіргіш әсеріне беріліп кетпей, оған төзу реакциясы туады. Бұл кезде гипоталамус-гипофиз жүйесінің ықпалымен бүйрек үсті безінің гормондарының мөлшері қанда тез мөлшерде көбейіп кетеді. Симпатикалық жүйке жүйесінің әсерімен жүректің соғу ырғағы жылдамданады, тыныс алу ырғағы да жиілене түседі. Бұлшық еттердің жиырылу қабілеті күшейеді;
- 3) әлсіреу – бейімделу қорының мүкіндігі азайып, таусылады, сондықтан психологияда дезадаптация (бейімделудің нашарлап жойылуы) пайда болады. Кәсіби өшу ситуациясы көпке созылған ауыр түрі адамды жүдетіп, қайғыға батырады [9].

Кәсіби өшу ситуациясының физиологиялық, психологиялық, жеке тұлғалық, медициналық белгілері бар.

Физиологиялық белгілері: әлсіздік байқалады, сергектігі жоғалады, әрқашан шаршағандық сезімде болады.

Жеке тұлғалық белгілері: еріксіздік, өзін-өзі ұстауының бұзылуы, әлжуаздық, шығармашылық дамуға қабілетсіздік, қорқыныш, себепсіз үрейленушілік сезімде жүреді.

Медициналық белгілері: бастың жүректің айнуы, ұйқысыздық, аффектер, истерикалық реакциялар, жоғары нервтілікпен көрінеді.

Психологиялық белгілері: психикалық қызметтердің динамикалық өзгерісі, соның ішінде ойлау операцияларының бәсеңдеуі, зейіннің шашыраңқылығы, ес процесінің нашарлауы, сенсорлы сезімталдықтың төмендеуі, шешім қабылдаудың тежелуі.

